

# ТАРИХТАН ӘҢГІМЕЛЕР

*Жалпы орта білім беретін мектептердің  
5-сыныбына арналған оқулық*

**2-басылым**

*Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру  
министрлігі тарапынан бекітілген*

*Чулпон атындағы баспа-полиграфия шығармашылық үйі  
Ташкент – 2015*

УДК: 372.893=512.122(075)  
ББК 63.3(5Каз)я72  
Ж88

**Авторлар:**

*У. Жураев, Қ. Усмонов, А. Нурқулов, Г. Жураева*

*Оқулықтың әдістемелік құрылымын Г. Жураева жасаған.*

**Жауапты редактор:**

*О. Мавлонов – Авлони атындағы ХАҚҚДМКОИ «Руханият негіздері»  
кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымының докторы;*

**Пікір жазғандар:**

*А. Хазратқулов – тарих ғылымының докторы;*

*Ш. Эргашев – тарих ғылымының кандидаты;*

*А. Хидиров – Өзбекстан Ұлттық Университеті Өзбекстан тарихы  
кафедрасының аға оқытушысы.*

**Шартты белгілер**



*Өзіңді сынап көр.*



*Мәтінді оқып, түсініп ал.*



*Мәтінде кездескен тарихи тұлғаларды, көрікті орындар мен атауларды біліп ал.*



*Тақырып барысында алған біліміңді сынап көру үшін берілген сұрақтар мен тапсырмалар.*

**«Республика мақсатты кітап қорының қаржылары  
есебінен басылды».**



## КІРІСПЕ: ТАРИХИ ЕСТЕЛІКСІЗ КЕЛЕШЕК ЖОҚ

**Отан бейнесі:** Отан! Бұл сөздің астарында терең мағына жатыр. Отан – ғазиз, қадірлі де қасиетті ел-жұрт.

### Есте сақта!

«Отан» – араб сөзі, «**туған жер**» деген мағынаны білдіреді.

Отан – сені дүниеге келтірген мекен. Кіндік қаның тамған жер. Отан – алтын бесік. Әке-шешең, туған-туысқаның, дос-жарандарыңмен бірге жасап тұрған өлке. Ата-бабаларымыздың іздері қалған топырақ. Арғы ұрпағымыздың елді мекені. Отан – жүрек төріндегі асыл тас.

Отан – туып-өскен қалаң, сүйікті ауылың.

Адам баласының жүрегі, барша арман-үміті, қуанышы мен келешегі Отан-анамен тығыз байланысты.

Қасиетті «Отан» сөзі бәрімізге қадірлі «ана» сөзімен іргелес тұрады. Өйткені, әрбір адамның жалғыз анасы болғанындай, оның Отаны да біреу.

Әртүрлі себептермен ұзақ уақытқа шетелге барып, өз Отанына оралған кісілердің ұшақтан яки пойыздан түсерде тізе бүгіп, Отан-ана топырағын сүйіп, көздеріне басқанын сен кинофильмдер арқылы көргенсің. Онда Отанға деген махаббаттың, Отанның сәжде орнындай қасиетті екендігінің жарқын үлгісін көреміз.

**Өзбекстан — біздің Отанымыз.** Өзбекстан өткен заманда Тұран, Мауароуннахр, Түркістан деп аталған. Мың жылдар бойы еліміз аумағында түрлі діндері мен мәдениеттері бар адамдар тыныштату өмір сүрді. Өлкеміз өзінің әсем табиғаты, құнарлы топырағы, бітпейтін байлығы арқасында үнемі баршаның назарын аударып келген.

*Ұқсасы жоқ бұл әсем бостан,  
Дастандарға жазған гүлстан.  
Өзбекстан деп аталады ол,  
Ел оны сүйіп етеді мақтан.*

*(Х. Әлімжан)*

Тіпті Отанымызды басып алғандар да халқымыздың бай мәдениетін мойындаған. Нақ осы жерде көп ғасырлар бойы әлем мәдениеті бірін-бірі байытқан.

Отанымыз үш мың жылға жуық тарихқа ие. Бұл кезеңдерде елімізден әлемнің білім-ғылымының дамуына шексіз үлес қосқан ұлы ғұламалар, ғалымдар жетіліп шықты. Ал сен құрметті оқушы, Отанымыз — Өзбекстанның келешегісің. Өзбекстан дүниежүзіндегі озат елдердің бірі болуға ұмтылуда. Осынау ұлы мақсатқа жету үшін Отаның сенің лайықты перзент болып, кемел өсіп-ұлғаюыңа сенеді.

**«Тарихи естеліксіз келешек жоқ».** Әлемдегі зорлықшыл күштер бірер бір халықты бағындырмақшы болса, ең алдымен оның байлығы саналатын ұлттық құндылықтарын, тарихы мен руханиятын жоюға ұмтылады. Елбасымыз Ислам Каримов өзінің

«Жоғары руханият – жеңілмес күш» деген кітабында «Өз тарихын білмейтін, кешегі күнін ұмытқан ұлттың келешегі жоқ» деп текке айтпаған. Президентіміз Ислам Каримовтың осынау дана сөздері Сені Отанымыздың тарихын ұқыпты үйренуге шақырады.

Отанымыздың бұрынғы тарихы ұлы болған. Оның келешегі де ұлы. Бұл ұлылықты не құрайтынын және ұлы келешек жолында қандай үлкен сәулеткерлік істер жүзеге асырылып жатқаны туралы сен тарих пәнінен бірте-бірте үйрену арқылы біліп аласың.

**«Тарихтан әңгімелер» оқулығымен жұмыс істеу.** Қолындағы оқулық Сені тарихтың сиқырлы дүниесіне саяхат жасауға шақырады.

Тақырыптарды үйренуден бұрын сен олардың атын ұқыпты оқып шық.

«*Есте сақта*» делінетін төртбұрыштың ішіне жазылған мәтінді есте сақтауға тырыс.

«*Зер салып оқы*» делінетін тапсырма сені төртбұрыштың ішіне жазылған мәтінді зер салып оқуға шақырады.

Оқулықтағы «*Өзіңді сынап көр*» деген тапсырма саған сабақта алған білімінді нығайтуға қызмет етеді.

Оқулықтағы «*Өз бетімен істейтін жұмыс*» үшін берілген тапсырмалардан қандай мақсат көзделіп жатқанына назар аудар.

Өз бетімен істеген жұмыс сенің тарихтан алған біліміңнің айнасы болып келетінін ешқашан ұмытпа.

«*Атаулардың мағынасын біліп ал*» тапсырмасы тектен-текке енгізілмегенін ерекше айтып өтеміз. Өйткені, тарих пәнінің де өзіне лайықты атаулары бар. Оларды оқу барысында қолданбауға болмайды. Сенің міндетіңе атаудың аты мен мағынасын ұқыпты түрде білу жатады.

Оқулықтың «*Сұрақтар мен тапсырмалар*» делінетін бөлімі келесі сабаққа дайындалған кезде нелерге назар аудару керектігін көрсетеді.

Оқулықты құнтпен ұста. Өйткені, бұл оқулықты сенен кейінгі іні-сіңлілерің де пайдаланады.

Бұл – сенің оқушылық борышың екенін ешқашан ұмытпа.


### Сұрақтар мен тапсырмалар



1. «Отан» ұғымын сипаттап бер. Қолыңдағы оқулықта осы ұғымға берілген сипаттамаға сен тағы да не қосар едің?
2. 1991 жылғы 31 август пен 1 сентябрь күндері Отанымыздың тарихында қандай рөл ойнайды?
3. «Тарихи естеліксіз келешек жоқ» деген дана сөздердің мән-мазмұнын айта аласың ба?

### ӨЗ БЕТІМЕН ІСТЕЙТІН ЖҰМЫС

Үйде ата-ананнан испан жазушысы Мигель де Сервантестің мына сөздерінің мағынасын сұрап біл: «Тарих — қызметіміз қазынасы, өткеннің куәсі, бүгінгі күн үшін ғибрат пен үлгі-өнеге, ал келешек үшін ескерту».



## I тарау. ТАРИХ ҒЫЛЫМЫ НЕНІ ЗЕРТТЕЙДІ?

### 1-§. ТАРИХИ ДЕРЕККӨЗДЕР



**Тарих туралы ғылым.** Тарих – болып өткен туралы ғылым.

#### Есте сақта!

«Тарих» – араб сөзі, ол «өткен», «болып өткен оқиғалар туралы әңгіме» деген мағыналарды білдіреді.

Тарих адамдардың жер бетінде қашаннан бері жасап келе жатқаны, ең көне заманнан бастап қазіргі күнге шейін басып өткен өмір жолы, бүгінгі тұрмысын қалай құрғаны жайлы мәлімет береді. Тарихты үйреніп, біз бабаларымыздың ұзақ та жақын өткенде немен шұғылданғанын, қандай ғұмыр сүргенін, сондай-ақ қандай тарихи оқиғалар болғанын біліп аламыз.

**Тарихи дереккөз.** Тарих ғылымы тарихи дереккөздерге сүйеніп жасалады. Қош, тарихи дереккөз дегеніміз не?

#### Зер салып оқы!

Тарихи дереккөз – тарихтан мәлімет беретін барша тарихи нәрселер, жазып қалдырылған әртүрлі құжаттар мен кітаптар.

Дереккөздерді зерттеуші ғалымдар оларды ұқыпты үйреніп, тарих ғылымына қажетті мағлұмат жинайды.

Тарихи дереккөздер өз кезінде материалдық (заттық) және жазба дереккөздерге бөлінеді.

**Материалдық дереккөздер.** Ежелгі адамдардың сүйектері, олардың тұрғылықты мекендері мен қоныстарының, зергерлік бұйым-



Тастан істелген еңбек құралдары.



Қабырғаға салынған сурет.



Тасқа айналған із.



Хат жазылған қыш.

Аяқ	Жұлдыз	Соқа

Суреттердің миххат белгілеріне айналуы.

дарының, қорғандар мен қалалардың, суару құрылыстарының қалдықтары, сондай-ақ соғылған теңгелер, елтаңбалар, мөрлер мен еңбек құралдары материалдық дереккөздерге жатады. Материалдық дереккөздерді археологтар жинайды. Олар өткен уақытта адамдар жасаған деп шамалаған елді мекендерде қазу жұмыстарын жүргізіп, осы жолмен материалдық дереккөздерге жататын заттарды жинайды. Олардың жасалған заманы мен жасын анықтайды.

**Жазба дереккөздер.** Жазба дереккөздер тарихи дереккөздердің ең маңызды да негізгі түрі болып келеді. Осыдан бес мың жылдай бұрын жартастарға я қатты бұйымдарға ойып түсірілген бітіктер, андар терісіне, ағаш қабығына, сонан соң қағазға жазылған бітіктер, түрлі замандарда жазылған қолжазбалар мен кітаптар, сондай-ақ мұрағаттарда сақталып тұрған тарихи құжаттар жазба дереккөздер тобына жатады. Отанымыз Өзбекстанның тарихына қатысты ең көне жазба дереккөз — Авесто кітабы.

Онда ежелгі тарихымыз жөнінде өте қымбатты мағлұмат бар. Ежелгі Хорезм әрі соғды жазуларындағы жазба деректер де Отанымыз тарихын үйренуде үлкен рөл ойнайды. Сонымен бірге Ежелгі Иран билеушілерінің бітіктерінде, Ежелгі Греция, Рим және Қытай ғалымдарының туындыларында да Отанымыз туралы құнды мәліметтер жазып қалдырылған.



### Өзінді сынап көр

- ◆ Материалдық дереккөз – бұл ... .
- ◆ Жазба дереккөз – бұл ... .

### Атаулардың мағынасын біліп ал



**Архив (қаз. мұрағат)** – ескі құжаттар, жазба жәдігерліктер сақталатын орын.<sup>1</sup>

**Тарихи құжаттар** – тарихи оқиғалар мен құбылыстар туралы куәлік беріп, мұрағаттарда сақталып жатқан жазбалар мен суреттер.<sup>2</sup>

### Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Тарих туралы ғылым жөнінде не біліп алдың?
2. Тарихи дереккөздер деген не? Олардың тарих ғылымында алған маңызы қандай?
3. Материалдық (заттық) және жазба дереккөздерді салыстыр. Олардың ұқсас әрі өзгеше жақтарын анықта.
4. Отанымыздың ежелгі тарихы бойынша мәлімет беретін жазба дереккөздер жайлы әңгімеле.

## 2-§. КҮНТІЗБЕЛЕР ТАРИХЫ



**Күнтізбенің тарихы.** Календарь (қаз. күнтізбе) – латын сөзі, ол қазақ тілінде «қарыз дәптері», «әр айдың бірінші күні» деген мағыналарды білдіреді. Ал күнделікті тұрмысымыздағы күнтізбе уақытты күндерге, апталарға, айлар мен жылдарға бөліп көрсететін есеп. Күнтізбеде жылдардың, айлар мен күндердің аты жазылған болады.

### Зер салып оқы!

Жыл – Жердің Күнді бір рет шыр айналуына жұмсалатын уақыттың өлшем бірлігі. Бір жылды 365 күн түзеді, ал әрбір төртінші жыл 366 күнге тең болып келеді.

Қазір көптеген елдерде, соның ішінде Өзбекстанда да пайдаланып жүрген күнтізбе Григориан Күнтізбесі деп аталады.

**Күнтізбенің отаны.** Алғашқы күнтізбе Ежелгі Египетте жасалған. Египеттіктер өздері үшін өмір мен өлім мәселесі болған, Нил өзенінің суы тасуын күзетіп отырған.

<sup>1</sup> Өзбек тілінің түсіндірме сөздігі (бұдан былай: ӨТТС). – Т.: «ӨзҰЭ». 2007, 1-том, 102-бет).

<sup>2</sup> ӨТТС. – Т.: «ӨзҰЭ». 2004. 5-том, 556-бет.

Нил өзенінің тасуына дейін олар арналарды тазалап, тоғандарды жөндеп қоюға мәжбүр болған. Күнделікті бақылаулар өзеннің келесі тасуына дейін 365 күн өткенін көрсеткен. Сондықтан египеттіктер 365 күнді 30 күннен тұратын 12 айға бөлген. Қалған бес күнді мерекелік күндерге ажыратып, жылдың ақырына қосымша етіп орналастырған. Сөйтіп алғашқы күнтізбе пайда болды. Бірақ египеттіктер жыл есебінде 6 сағатқа қателескен болатын. Бұл 6 сағаттық айырма әр төрт жылда бір тәулікке тең қатеге келтіріп отырған.



Юлий Цезарь.

**Юлиан күнтізбесі.** Ежелгі Рим мемлекетінің билеушісі Юлий Цезарь милодтан бұрынғы 46 жылы жаңа күнтізбе енгізді де, жылдың басын 1 январь күніне көшірді. Жаңа күнтізбе Юлиан күнтізбесі деп аталды<sup>1</sup>. Египеттіктердің күнтізбесіне сәйкес, әр төрт жылда жиналып келетін бір күнді жою үшін февраль айындағы күндердің саны төрт жыл ішінде бір рет 29 етіп белгіленді. 29 күндік февраль айы бар жыл 366 күннен тұратын болды. Дегенмен, Юлиан күнтізбесі бойынша жүргізілген жыл есебінде де қате бар еді. Осы қатеге бола жыл санау әр 400 жылда 3 күнге артта қалып қойған.

ЯНВАРЬ	ФЕВРАЛЬ	МАРТ
Со 1 8 15 22 29	Со 1 5 12 19 26	Со 1 5 12 19 26
Са 2 9 16 23 30	Са 1 6 13 20 27	Са 1 6 13 20 27
Ос 3 10 17 24 31	Ос 1 7 14 21 28	Ос 1 7 14 21 28
Пе 4 11 18 25	Пе 1 8 15 22 29	Пе 1 8 15 22 29
Ап 5 12 19 26	Ап 2 9 16 23 30	Ап 2 9 16 23 30
Ма 6 13 20 27	Ма 3 10 17 24 31	Ма 3 10 17 24 31
Ис 7 14 21 28	Ис 4 11 18 25	Ис 4 11 18 25
АПРЕЛЬ	МАЙ	ИЮНЬ
Со 1 2 9 16 23 30	Со 1 1 18 25 28	Со 1 4 11 18 25
Са 3 10 17 24	Са 1 8 15 22 29	Са 1 5 12 19 26
Ос 4 11 18 25	Ос 2 9 16 23 30	Ос 6 13 20 27
Пе 5 12 19 26	Пе 3 10 17 24 31	Пе 1 7 14 21 28
Ап 6 13 20 27	Ап 4 11 18 25	Ап 1 8 15 22 29
Ма 7 14 21 28	Ма 5 12 19 26	Ма 2 9 16 23 30
Ис 8 15 22 29	Ис 6 13 20 27	Ис 3 10 17 24
ИЮЛЬ	АВГУСТ	СЕНТЯБРЬ
Со 1 2 9 16 23 30	Со 1 6 13 20 27	Со 1 4 11 18 25
Са 3 10 17 24 31	Са 1 14 21 28	Са 1 5 12 19 26
Ос 4 11 18 25	Ос 1 8 15 22 29	Ос 6 13 20 27
Пе 5 12 19 26	Пе 2 9 16 23 30	Пе 1 7 14 21 28
Ап 6 13 20 27	Ап 3 10 17 24 31	Ап 1 8 15 22 29
Ма 7 14 21 28	Ма 4 11 18 25	Ма 2 9 16 23 30
Ис 8 15 22 29	Ис 5 12 19 26	Ис 3 10 17 24
ОКТАБРЬ	НОЯБРЬ	ДЕКАБРЬ
Со 1 2 9 16 23 30	Со 1 6 13 20 27	Со 1 4 11 18 25
Са 3 10 17 24 31	Са 1 14 21 28	Са 1 5 12 19 26
Ос 4 11 18 25	Ос 1 8 15 22 29	Ос 6 13 20 27
Пе 5 12 19 26	Пе 2 9 16 23 30	Пе 1 7 14 21 28
Ап 6 13 20 27	Ап 3 10 17 24	Ап 1 8 15 22 29
Ма 7 14 21 28	Ма 4 11 18 25	Ма 2 9 16 23 30
Ис 8 15 22 29	Ис 5 12 19 26	Ис 3 10 17 24 31

Григориан күнтізбесі.

Күнтізбедегі бұл артта қалушылық 1582 жылға таман 10 күнді құрады. Нәтижесінде 1583 жылғы көктемдегі күн мен түннің теңесуінің 21 мартқа емес, 11 мартқа тура келу қаупі туды.

**Григориан күнтізбесі.** Бұл қауіпті жою үшін Рим папасы Григорий XIII бас-

<sup>1</sup> Қ. Ражабов және басқ. Дүниежүзі тарихының ең маңызды күндері (бұдан былай: ДТМК). – Т.: «Sharq» БПАК. 2011, 85-бет.

шылығымен жаңа күнтізбе енгізілді. Ол, жоғарыда айтқанымыздай, «Григориан күнтізбесі» деп аталды. Бұл күнтізбені енгізгендердің ұсынысы бойынша, 1582 жылдың 4 октябрь күні аяқталған соң, бірден 15 октябрь күніне өтілді, яғни арадағы 10 күн алып тасталды.<sup>1</sup> Мұның нәтижесінде Юлиан күнтізбесіндегі жыл есебінде пайда болған 10 күндік айырма жойылды. Көктемгі күн мен түннің теңесу күні 21 мартқа тура келетін болды. Бұрынғы қатені қайтадан қайталамау үшін, февраль айы әр 400 жылда 100 реттің орнына 97 рет 29 күнге тең деп, 400 жыл ішінде 300 реттің орнына 303 рет 28 күнге тең деп белгіленді.

### Өзінді сынап көр



- ◆ Күнтізбе деген – ... .
- ◆ Египет күнтізбесіндегі қате ... күнді құрады.
- ◆ Юлиан күнтізбесіндегі қате ... күнді құрады.
- ◆ Григориан күнтізбесі ... жылы қабылданды.

### Атаудың мағынасын біліп ал



**Күн мен түннің теңесуі** – күннің де, түннің де ұзақтығы 12 сағатқа тең болған күн.

### Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Күнтізбе мен оның маңызы туралы не біліп алдың?
2. Бір жыл неліктен 365 немесе 366 күннен түзілетінін түсіндір.
3. Ежелгі египеттіктер өз күнтізбесін қалайша ойлап тапқан? Бұл күнтізбенің қатесі неше күнге тең еді?
4. Юлиан күнтізбесін Египет күнтізбесімен салыстыр.
5. Григориан күнтізбесін енгізудің себебі неліктен? Юлиан күнтізбесіндегі қатені ол қалай жойды?

### ӨЗ БЕТІМЕН ІСТЕЙТІН ЖҰМЫС

Күнтізбелерді салыстырып, кестені толтыр.


Күнтізбелер	Күнтізбе бір жыл неше күннен тұратын болып белгіленді?	Күнтізбе бойынша жыл күндерін санауда жол берілген қателік.	Күнтізбеге түзету енгіз үшін не орындалды?
Египеттіктер күнтізбесі			
Юлиан күнтізбесі			
Григориан күнтізбесі			

<sup>1</sup> Қ. Ражабов және басқ. ДТМК. – Т.: «Sharq» БПАК. 2011. 197-бет.

### 3-§. ТАРИХТАҒЫ ЖЫЛ ЕСЕБІ



«Милод» және «эра» ұғымдары. Қазіргі уақытта көптеген елдерде, соның ішінде Өзбекстанда да милоди жыл есебі қолданылады. Сені мен біз жасап отырған қазіргі жыл – милоди жыл. Милоди жыл санау Иса пайғамбардың туған жылын негіз етіп алады.



Жыл есебі

#### Есте сақта!

Милод (араб сөзі болып, қазақ тілінде «туылу» деген мағынаны білдіреді) – көптеген елдерде қабылданған жыл санаудың басы. Тарихи кітаптарда «милод» сөзінің орнына «эра» сөзі де қолданылады. «Эра» сөзі «бастапқы цифр», яғни жыл есебінің басы деген мағынаны білдіреді.<sup>1</sup>


Милоди жыл есебінде 1 январь күні жылдың басы деп қабылданған. Бұл күн – қазіргі жылымыздың бірінші күні. Тарихи кітаптарда Иса пайғамбардың туылуынан бұрын болып өткен оқиғаларға қатысты «милодтан бұрын» (қысқаша: мил. бұрын) сөзі қосып жазылады. (Мәселен: македониялық Александр мил. бұрынғы 329 жылы елімізге бастырып келді).

**Милодқа дейінгі жыл есебі.** Милодқа дейінгі түрлі халықтар жыл есебін түрліше жүргізген. Мысалға, алғашқыда жыл есебін егінді жиып алу күнінен бастаған да, оны жылдың бірінші күні деп белгілеген. Ал ежелгі гректер жыл есебін бірінші Олимпиада ойындары өткізілген жылдан бастаған. Римдіктерге келсек, олар жыл есебін Рим қаласының негізі қаланған жылдан бастаған.

<sup>1</sup> ӨТТС. – Т.: «ӨзҰӘ». 2006. 2-том. 593-бет., 5-том. 45-бет.

Тарихты үйрену кезінде сен мына бір жайтты есінде сақта: тарих саласында бұрынғы тарихи оқиғалар мен құбылыстардың ғасыры Рим цифрлары арқылы жазылады.

Мәселен, I (1), II (2), III (3), IV (4), V (5), VI (6), VII (7), VIII (8), IX (9), X (10), XI (11), XII (12), XIII (13), XIV (14), XV (15), XVI (16), XVII (17), XVIII (18), XIX (19), XX (20), XXI (21) ғасыр. Соңғы XXI (21) ғасыр 2001 жылғы 1 январь күнінен басталды.



I=1	XV=15
II=2	XVII=17
III=3	XX=20
IV=4	XXV=25
V=5	XXX=30
VI=6	XL=40
VII=7	L=50
VIII=8	C=100
IX=9	D=500
X=10	M=1000

Рим цифрлары.



### Өзінді сынап көр

- ◆ Эра деген – ... .
- ◆ Милоттан бұрын – ... .
- ◆ Милод деген – ... .

Біздің арғы аталарымыз соғды, хорезмдік, мүшел және хижри жыл есебін пайдаланған.

**Хижри жыл есебі.** Дүние жүзіндегі көптеген елдерде хижри жыл есебі де қолданылады. Ол Египетте жаратылған. Бұл жыл есебі пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.в.) милоди 622 жылғы 16 июнь күні Мекке қаласынан Мәдинеге хижра еткен, яғни көшкен уақытын негіз етіп алады. Осы күннен хижри бірінші жыл басталады.

Өзбекстан Республикасында хижри жыл есебі діни салт пен мереке күндерін белгілеуде пайдаланылады.

**Хронология ұғымы.** Адамзаттың өткендегі бүкіл тарихы уақытпен өлшенеді. Тарих барысында болған оқиғалар мен құбылыстардың уақытын анықтаудың маңызы өте зор. Онсыз әбден жетілген тарих ғылымын жасауға болмайды. Тарихта болып өткен оқиғалар мен құбылыстардың уақытын анықтауда тарихшы-ғалымдар хронология ғылымына жүгінеді.

### Есте сақта!

«Хронология» сөзі грек тілінде «xronos» – уақыт және «logos» – ғылым деген сөздер тіркесінен түзіліп, тарихи оқиғалар мен құбылыстардың болған уақытын анықтайтын ғылым.

Хронология өзінің тарих ғылымына қатысты міндеті бойынша жәрдемші ғылым болып келеді. Оның арқасында ғалымдар не ол, не бұл тарихи оқиғаның (құбылыстың) қашан болғанын анықтап, олардың тізімін жасайды.



### Атаудың мағынасын біліп ал

**Пайғамбар (хабар беруші)** – құдайдың сөздері мен нұсқауларын пенделерге (адамдарға) жеткізіп беруші уәкіл, елші.<sup>1</sup>

### Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Милод (эра) және эра ұғымдарының мән-мазмұнын түсіндір.
2. «Милодтан бұрынғы» сөз тіркесі нені білдіреді?
3. Ертедегі жыл есебі қалай жүргізілгені туралы не біліп алдың?
4. Милоди және хижри жылы есептері қандай оқиғаларды негіз етіп алғанын салыстырып, олардың ұқсас және өзгеше жақтарын көрсет.
5. Хронология деген не? Оның тарих ғылымындағы маңызы қандай?

### ӨЗ БЕТІМЕН ІСТЕЙТІН ЖҰМЫС

Сен мектебіңнің 1-сыныбына келген жылдан бастап, қазір өмір сүріп отырған жылға дейін өткен жылдардың хронологиясын жаса.

Онда өзіңнің әрі мектебіңнің өмірінде болған маңызды өзгерістер мен оқиғаларды бейнелеуді ұмытпа.

### ҚОСЫМША МАҒЛҰМАТ

**Мүшел жыл есебі.** Мүшел жыл есебі – «бақыт келтіретін» және «қасиетті» деп саналатын 12 жануардың атымен аталып, 12 жылға бөлінген мерзімді жыл санау. Біздің ата-бабаларымыз осындай жыл есебін өз жасын анықтауға пайдаланған. Адамның жасын анықтауда мүшел жыл есебі қазір де қолданылып келуде.

Осыдан 2300 жылдай бұрын қолданыла бастаған мүшел жыл есебі бойынша, адамдардың туылған жылына жануарлардың атын қою, олардың әр 12 жылдық жасын бір мүшел жас деп есептеу белгіленген. Сен де мүшел жылынды тойлайсың.

Ата-бабаларымыздың туған жылға «бақыт келтіретін» және «қасиетті» деп саналатын 12 жануардың атын қою әдеті, оларға сиыну дәстүрінен туындайды. Мұның себебі, тышқан, сиыр, жолбарыс, қоян, балық, жылан, ат, қой, маймыл, тауық, ит, доңыз сияқты тірі жәндіктердің адамзат өміріндегі маңызы өте зор болған. Мүшел жыл санау бойынша жаңа жыл көктемгі күн мен түннің теңесуі күнінен басталған.

<sup>1</sup> ӨзҰӘ. – Т.: «ӨзҰӘ». 2003. 6-том. 646-бет.

## 4-§. ДҮНИЕЖҮЗІ КАРТАСЫНЫҢ ТАРИХЫ



**Алғашқы карталар.** Сондай ғылымдар бар, оларды карта-сыз үйрену қиын. Тарих пен география сондай ғылымдар тобына жатады.

### Есте сақта!

Карта – жер бетінің, аспан денелерінің яки аспан күмбезінің қағазға кішірейтіліп түсірілген бейнесі.

Түрлі халықтар арасындағы сауда байланыстарын дамыту, әскери жорықтар, ұзақ өлкелерге саяхаттар жасау қажеттілігі карталар жаратуға түрткі болды. Мил. бұрынғы III ғасырда ежелгі грек ғалымы Эратосфен бірінші болып Жер меридианы осінің ұзындығын есептеп шыққан және жер шарының картасын жасаған.<sup>1</sup> Бұл картаға Оңтүстік Еуропа, Солтүстік Африка мен Батыс Азия түсірілген еді.

Ежелгі рим ғалымы Птолемей, біздің Мұхаммед әл-Хорезми, Әбу Райхан Беруни, Махмұт Қашғари сынды ұлы ғұламаларымыз өз ғасыры дәрежесіне сәйкес маңызды карталар жасаған.

**Глобустың пайда болуы.** Глобус – Жер шарының кішірейген масштабтағы шар сияқты көшірмесі. Тарих пен география ғылымдарын үйренуде глобустың маңызы өте зор.

### Есте сақта!


«Глобус» – латын сөзі, ол қазақ тілінде «шар» деген мағынаны білдіреді.

Глобустағы Жердің беті өте кішірейтілген түрде бейнеленеді. Ұлы бабамыз Әбу Райхан Беруни өз ғасыры дәрежесіне сәйкес әбден жетілген глобус жасауға қол жеткізді. XV ғасырда Самарқанттағы Мырза Ұлықбек обсерваториясында одан да



Глобус.

<sup>1</sup> ӨзҰӘ. – Т.: «ӨзҰӘ». 2005. 10-том, 240-бет.



Птолемей картасы.



Әбу Райхан Беруни картасы.

жетілген глобус жаратылды. Өкінішке орай, бұл глобус Ұлықбектің өлімінен кейін жойылып кетті. Ал XV ғасырдың соңында неміс географы әрі жиһанкезі Мартин Бехайм «Жер алмасы» деп аталған глобус жасады. Бұл глобустың бетінде Америка континентін ашу қарсаңындағы Жердің беті бейнеленген.

**Өзіңді сынап көр**



- ◆ Карта – ... .
- ◆ Дүниедегі алғашқы глобусты ... жасады.

**Қазіргі заманғы карталар.** Қазіргі тарих пен география сабақтарында осы заманғы карталар пайдаланылады. Бұл карталардың «осы заманғы» деп аталуының себебі, олар карта жасауға зәру болған барша талаптарды қанағаттандырып жасалған болатын. Сондықтан олар жан-жақты жетілген карталар болып табылады. Тарих сабақтарында негізінен «Дүниенің саяси картасы», тақырып-

тық карталар (не ол, не бұл тарихи оқиғаны бейнелейтін карталар; белгілі бір мемлекеттің түрлі ғасырларға тиесілі карталары; әлемнің белгілі бір тарихи кезеңдегі саяси жағдайын бейнелейтін карталар), сондай-ақ «Өзбекстан Республикасының саяси-әкімшілік картасы» қолданылады. Саяси карта – дүниедегі қазіргі мемлекеттердің континенттер бойынша орналасуын көрсететін карта. Саяси картаға әдетте бірер елдің аты мен шекарасы, мемлекеттердің астаналары түсірілген болады.

Ал «саяси-әкімшілік карта» дегенде, мемлекеттің құрамдас бөліктерге (қандай облыстарға, аудандарға, орталықтарға) бөлінгенін көрсететін карталар түсініледі. Мәселен, Өзбекстан Республикасының саяси-әкімшілік картасында Қарақалпақстан Республикасы мен 12 облыс, олардың орталықтары, сондай-ақ аудандар орталықтары түсірілген. Сондай-ақ мемлекетіміздің шекарасы да белгіленген.



Қазіргі дүниенің картадағы бейнесі.



Өзбекстан Республикасы аумағының картадағы бейнесі.

### Атаудың мағынасын біліп ал



**Обсерватория** — арнайы аспаптар жәрдемімен аспан денелерін бақылаумен шұғылданатын ғылыми мекеме.<sup>1</sup>

### Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Карта деген не? Тарих пәнін үйренуде ол қандай рөл ойнайды?
2. Алғашқы карталарды кім және қай жерде жасаған?
3. Глобус не және оны не үшін пайдаланады?
4. Қазіргі заман карталары деп қандай карталарды айтады? Оларға мысалдар келтір.

### ӨЗ БЕТІМЕН ІСТЕЙТІН ЖҰМЫС

География сабақтарынан алған біліміне сүйеніп, өмір сүріп отырған ауылыңның картасын сыз. Бұл жұмысты орындаған кезде география мұғалімінен кеңес сұрауды ұмытпа.

<sup>1</sup> ӨТТС. – Т.: «ӨзҰӘ». 2003. 3-том, 351-бет.



## II тарау. ЕҢ ЕЖЕЛГІ ЗАМАНДАҒЫ ДҮНИЕЖҮЗІ ХАЛЫҚТАРЫ

### 5-§. ЕҢ ЕЖЕЛГІ АДАМДАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚОНЫСТАРЫ



**Африкадағы ежелгі қоныстар.** Адам баласы қазіргі келбетіне, ақыл-зейіні мен даму деңгейіне бірден жеткен жоқ. Бұл — бірнеше миллион жылдық дамудың нәтижесі.

Археолог ғалымдар адамзаттың ең ежелгі ұрпағына тиесілі сүйек қалдықтарын алғаш Оңтүстік пен Шығыс Африкада тапқан. Ал антрополог ғалымдар адамдардың бас сүйегі қалдықтарына сүйеніп, олардың сыртқы бейнесін қалпына келтірген. Осы адамдардың тұрғылықты орындарында ең қарапайым еңбек құралдары да табылған. Қарапайым болса да, бірақ алғашқы еңбек құралдарын жасай алған арғы аталарымызды ғалымдар «білгіш (зейіні бар) адам» (хомо сапиенс) деп атады. «Білгіш адам» алғашқы еңбек құралдарын (шакпак) тастан жасаған. Сондықтан да адамзат тарихының басы тас дәуірі деп аталады. Адамзат тарихындағы тас дәуірі өте ұзақ уақытқа созылды.

**Азиядағы ежелгі қоныстар.** Азиядағы ежелгі адамдардың қоныстары Индонезия мен Қытай аумағында табылған. Индонезия аумағында сүйек қалдықтары табылған адамның арғы ұрпағын ғалымдар питекантроп (яғни Ява адамы) деп, ал Қытай аумағында табылған адамның арғы ұрпағын синантроп (яғни Қытай адамы) деп атады. Олар бір-бірінен сыртқы көрінісі, жасаған еңбек құралдары, олардың сапасы және еңбек дағдысы бойынша ерекшеленеді.

Синантроптар табиғи отты пайдалана білген еді. Олар бұған найзағай салдарынан туған, орман өртіндегі отты сақтап қалу жолымен жетті. Ал бұл адам баласы қол жеткізген ең үлкен та-

быстардың бірі болды. Біздің елімізде синантроппен замандас адамдардың сүйек қалдықтары Ферғана аңғарындағы Селунғур үңгірінен табылған.



**Неандерталдық  
адам.  
(Тесіктас үңгірі).**



**Кроманьон адамы.  
(Франция).**

**Еуропадан табылған ежелгі адамның іздері.** Ғасырлар өткесін адамның сыртқы бейнесі мен ақыл-зейіні, еңбек құралдарын жасай аларлық қабілеті үсті-үстіне жетіле барды. Германиядағы Неандерталь аңғарында табылып, тарихқа «неандерталдық» деген атпен енген ежелгі адамдардың тұрмысы бұны растайды. Неандерталдықтар мил. бұрынғы 100–40 мың жылдықтар аралығында жасаған.<sup>1</sup> Олар жасаған кезде Еуропадағы климат салқындап кеткен еді. Суықтан сақтану қажеттілігіне бола олар жануарлар терісін киім-кешектің орнына пайдалануға және етті отқа пісіруге үйреніп алды.

**Өзбекстан аумағындағы ежелгі қоныстар.** Өзбекстанда келбеті неандерталдыққа ұқсас адамның сүйек қалдықтары Сұрхандария облысындағы Тесіктас үңгірінен табылған.

Мил. бұрынғы 40–12 мың жылдықтар аралығында жасаған адамның сүйек қалдықтары Франциядағы Кроманьон үңгірінен табылған.<sup>2</sup> Оған «кроманьон адамы» деп ат қойған. Кроманьон адамы өзінің сыртқы бейнесі бойынша қазіргі адамның дәл өзі еді. Ғалымдар кроманьон адамын «ақылы бар адам», «ақыл-есті адам» деп атайды.



#### **Өзіңді сынап көр**

◆ «Білгіш адамды» ...

◆ ... «ақыл-есті адам» еді.

Өзбекстандағы кроманьондармен замандас адамдардың қоныстары Самарқанттағы Сиябша сайының бойында, Ташкент облысындағы Көлбұлақ (Ангрен) мекен-жайында табылған.

<sup>1</sup> А. Асқаров. «Өзбекстан тарихы» (Ең көне заманнан біздің эрамыздың V ғасырына дейін). – Т.: «Оқытушы» БПШҮ. 1994. 25-бет.

<sup>2</sup> Қ. Ражабов және басқ. ДТМК. – Т.: «Sharq» БПАК. 2011. 8-бет.

## Атаулардың мағынасын біліп ал



**Антрополог** – адамның пайда болу және даму басқыштарын, дене құрылысындағы өзгерістерін, сондай-ақ бас сүйегі қалдықтарынан оның сыртқы келбетін қалпына келтіріп зерттеуші ғалым.<sup>1</sup>

**Ява** – Индонезиядағы аралдардан біреуінің аты.

## Сұрақтар мен тапсырмалар



1. *Адамзаттың ең ежелгі ұрпақтарына тиесілі мәлімет қалай жиналады?*
2. *Адамзаттың ең ежелгі ұрпақтарының аттарын айт.*
3. *Ұзаққа созылған даму барысының түрлі кезеңдерінде өмір сүрген адамның арғы ұрпақтары бір-бірінен несімен ерекшеленген?*
4. *Адам ұрпақтары жойылмай аман сақталып, қазіргі келбеті бар адамға айналуында қандай фактор негізгі рөл ойнады?*
5. *Өзбекстан аумағында өмір сүрген ең ежелгі бабаларымыз туралы не білдің?*

## ӨЗ БЕТІМЕН ІСТЕЙТІН ЖҰМЫС

Адамзаттың ең ежелгі ұрпақтары және олардың тұрмысы

(Кестені толтыр)

Р/н	Сұрақтар	Синантроп адамы	Неандерталдық адам	Кроманьон адамы
1.	Сүйек қалдықтары табылған жер			
2.	Жасап өткен кезең			
3.	Не істеуге үйренді?			

## 6-§. ЕЖЕЛГІ АДАМДАРДЫҢ ТҰРМЫС САЛТЫ



**Ежелгі адамдардың еңбек құралдары.** Ежелгі адамдар тасты өңдеп, еңбек құралдарына айналдырған. Өңдеу жолымен бадам сияқты жасалып, пайдаланылған тасты құралдардың ұзындығы 10–20 сантиметр, ал салмағы бес жүз грамнан бір килограмға дейін болған. Осынау алғашқы еңбек құралының екі жағы екінші таспен жонып тегістелген. Оны бірер нәрсеге соғуға, кесуге, оюға, көзделген қашыққа лақтыруға арналған құрал ретінде пайдаланған. Өз еңбегін жеңілдету үшін ежелгі адамдар еңбек құралдарын үсті-үстіне жетілдіріп келген. Мәселен, синантроп-

<sup>1</sup> ӨТТС. – Т.: «ӨзҰЭ». 2003. 1-том. 89-бет.



**Тастан және таяқтан жасалған еңбек құралдары.**



**Тасты найзаның ұшы.**



**Аңшы.**

тар, алдындағы ұрпақтарына карағанда, кыры бұрынғыдан өткірлеу, ал ұшы ұшталған және істеуге қолайлырақ құралдар жасай алған. Бұл құралдарды пайдалану біраз қолайлы болған.

Неандерталдық адам ұшы үшкір еңбек құралын жаратқан. Сондай-ақ ол күнбе-күн тұтыну үшін сүйектен өткір ұшы бар ұсақ еңбек құралдарының көптеген түрін жасаған.

Кроманьон адамы тастан пышақ, найза, түрлі кескіштер мен тілгіштер, біз, ал сүйектен ине, қармақ жасай білген. Сүйектен ине жасаған, тігуді ойлап тапқан. Қолдан от жағуға үйреніп алған. Кейінірек оқ пен садақты ойлап шығарды. Бұл жайт адамзат тарихындағы ең ірі жаңалық болды. Дәл осы кезде адам итті қолға үйрете бастады. Күнделікті тұтынудан басқа жануарлар аулана бастаған соң, адамдар жабайы жануарларды үй жануарларына айналдыра бастады. Нәтижесінде аңшылық пайда болды.

Бірте-бірте адам қыш-құмыра кәсіпшілігіне үйренді. Өздерінің байқағыштық қабілетінің арқасында адамдар табиғатта кездесетін мыс, қалайы, қорғасын мен қола сияқты металдардан еңбек құралдарын шығаруға үйренді. Сондай-ақ олар доңғалқты арба, қол күшімен істейтін диірмен, шығыр ойлап шығарды. Уақыт өткен сайын адам баласы темір ұшы бар соқаны, темір балта, басқа да маңызды еңбек құралдарын жасап алды. Бұл жағдай егіншілікті дамытуға мүмкіндік берді.



**Өзінді сынап көр**

- ◆ Оқ пен садақ ... ойлап табылды.
- ◆ Адам темірден ... сияқты еңбек құралдарын жасады.

**Ежелгі адамдардың қызмет түрі.** Ежелгі адамдар алғаш қолдарындағы қарапайым еңбек құралдарының жәрдемімен табиғат-

тың дайын азық-түлігін тауып күн кешірген. Ұшы ұшталған тастың жәрдемімен ұсақ жануарларды аулаған. Ұшы өткір таяқтың жәрдемімен ағаштың жемістерін қағып, азық етіп пайдаланған. Сөйтіп, терім-термешілікпен азық-түлік табу және аң аулау – адамдардың ең ежелгі қызмет түрі болып келген.

#### Есте сақта!

Терім-термешілікпен азық-түлік табу мен аң аулау игерушілік шаруашылық деп аталады.

Адамдар игеруші шаруашылық жағдайында ұзақ уақыт бойы өмір сүрді.

Тұтынудан артылып ұстап алынған жануарларды асырап, үй жануарларына айналдыру, мал шаруашылығының пайда болуын ыңғайлап қойды. Адамдар бірте-бірте отырықшы тұрмыс салтына көше бастады.

Ал бұл егіншілік пен мал шаруашылығының одан сайын дамуына әкеп соқты. Сөйтіп терімшіліктен егіншілік, ал аңшылық пен аңдарды қолға үйретуден мал шаруашылығы, яғни өндіруші шаруашылық пайда болды.


#### Есте сақта!

Адамдардың бір жерде тұрақты қоныстануы отырықшы **тұрмыс салты** деп аталады. Отырықшы тұрмыс салтының негізін егіншілік құрайды.

Сонымен, адамдар өмір сүруге қажетті өнімдерді істеп шығаратын болды. Әртүрлі үй керек-жарақтарына болған сұраныс сезіле бастады. Ал бұл – қолөнер кәсібін тудырды.

Уақыт озған сайын бір адамдар негізінде егіншілікпен, ал енді бір адамдар мал шаруашылығы және қолөнер кәсібімен шұғылдана бастады.

Бұл құбылыс адамзаттың дамуын жеделдетті.




**Қолөнерші.**



### Өзінді сынап көр

- ◆ ... игеруші шаруашылық деп аталады.
- ◆ Егіншілік пен мал шаруашылығы ... деп аталады.



**Ежелгі адамдардың тұрғын үйі.**

**Ежелгі адамдардың қоныстары.** Ежелгі адамдар бастапқыда үлкен ағаштардың қуыстарында және үңгірлерде мекендеген. Үңгір оларды жаңбырдан, жел мен суықтан қорғаған.

Кешқұрымғы үрейлі жыртқыш аңдардан қорғану үшін үңгірге кіре берісте от жанып тұрған.

Үңгірі жоқ жерде адамдар әуелі жартылай жертөле құрды. Оның үсткі жағы топырақпен жабылды.

Қысқы кезде ол ең қарапайым баспана қызметін атқарды.

Ауа-райы жылыған сайын, олар шағын өзендер жағалауында, бұлақтарға

жақын жерде сүйектерден, мамонттардың азу тісінен, бөренелерден қарапайым күркелер құрды.



### Атаудың мағынасын біліп ал

**Қола** — мыс пен қалайының қосындысынан дайындалған қоспа.

### Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Адам неліктен еңбек құралдарын үнемі жетілдіріп келді?
2. Адамның тастан жасаған алғашқы еңбек құралдарына тән қасиеттерді санап шық.
3. Неандерталдық және кроманьон адамдар жасаған еңбек құралдарын салыстырып, олардың ұқсас және өзгеше жақтарын анықта.
4. Біздің арғы бабаларымыз қандай еңбек құралдарын ойлап тапқан?
5. «Игеруші шаруашылық» деген қандай шаруашылық еді?
6. «Өндіруші шаруашылық» деп нені айтады? Ол қалай пайда болды?
7. Ежелгі адамдардың тұрақ орындары туралы не білдің?

## ӨЗ БЕТІМЕН ІСТЕЙТІН ЖҰМЫС

(Кестені толтыр)

Р/н	Адамдар жасаған еңбек құралдары	Р/н	Игеруші шаруашылық	Р/н	Өндіруші шаруашылық

### 7-§. АРХЕОЛОГИЯ ТАРИХЫНАН



**Археологтар қалай жұмыс істейді?** Археология – өткенді тарихи материалдық дереккөздерге – жәдігерліктерге сүйеніп зерттейтін ғылым.

#### Есте сақта!

«Археология» сөзі латынның «архео» және «logos» сөздерінен құралып, «ежелтану ғылымы» деген мағынаны білдіреді.

Археология ғылымымен шұғылданушы ғалымдарды *археологтар* деп атайды. Тарихтағы бірде-бір нәрсе із-түзсіз жоқ болып кетпейді. Дәл осы ізді табу археологияның міндетіне жатады.

Археологтар өткенге қатысты олжалардың (мысалы, еңбек құралдары, үй керек-жарақтары, құрал-саймандар, зергерлік бұйымдар, үйлер, шеберханалар, суландыратын қондырғылар т.т.) қалдықтарын зерттейді. Соған сүйеніп, бұрынғы заман туралы мәлімет жинайды. Олжалардың бәрі археологиялық жәдігерліктер деп аталады.

Археологиялық жәдігерліктер адам қоғамының жазбаша тарихына дейінгі кезеңін үйренуде үлкен рөл ойнайды.

Археологтар алдымен қазу жұмыстарын жүргізуге жататын орындарды белгілеп алады. Соңыра қазу жұмыстарын жүргізеді.



Жұмыс барысындағы археологтар.



Табылған жазу.



**Темірден  
істелген құралдар.**



**Яхья Ғұламов.**

Табылған жәдігерліктің жасалған дәуірі мен жасын анықтайды.

Өзбекстан ғалымдары археологиялық қазбалар барысында табылған жәдігерліктерді үйреніп, Самарқант қаласы 2750 жаста, Қаршы мен Шахрисабз қалалары 2700 жаста, Бұхара мен Хиуа қалалары 2500 жаста, Ташкент қаласы 2200 жаста екендігін анықтады.

Өзбекстандағы археология ғылымын дамытуға әуелі өзбек ғалымы Муса Саиджанов, соңыра атақты ғалым Яхья Ғұламов басшылығымен істеген археологтар лайықты үлес қосты.

**Есте сақта!**

«Академик Яхья Ғұламов өз заманына лайықты жанкүйер ғұлама болған».<sup>1</sup>

Қазіргі уақытта Өзбекстан Ғылым Академиясының Яхья Ғұламов атындағы Археология институты да үлкен жұмыстар жүргізуде.

**Су асты археологиясы.** Су асты археологиясы – археология ғылымының жәрдемші саласы.

Оның тарихы ХХ ғасырдың басында, көне мүсінді тасып жатқан кеменің суға батып кеткен орнын грек балықшылары тапқан уақыттан басталады.

Жак Ив Кустоның аквалангты ойлап тапқаны, адамзаттың су астындағы байлықтарын үйренуді жеңілдетті. Су асты археологиясы теңіздер мен өзендердегі су деңгейінің көтерілуі салдарынан судың астында қалып кеткен жәдігерліктердің қалдықтарын іздеп та-

<sup>1</sup> *Ислам Каримов.* «Жоғары руханият – жеңілмес күш». – Т.: «Өзбекстан» БПШҰ. 2008. 166-бет.

уып, бұрынғы адамдардың өмірін, олардың тұрмыс салты мен мәдениетін зерттейді.



### Атаудың мағынасын біліп ал

**Акваланг** — су астындағы адамға еркін дем алып жүзіп, жұмыс істеуге мүмкіндік беруші, ауамен толтырылған баллондардан құралған арнайы құрылғы.<sup>1</sup>



Археологтар судың астында.



### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. *Архелогия деген не?*
2. *Тарих ғылымын үйренудегі археологияның маңызы қандай?*
3. *Өзбекстандағы археолог ғалымдардың жұмыстары жайлы не білдің?*
4. *Су асты археологиясының маңызы туралы не білдің?*
5. *Сен жасап тұрған аймақта археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген бе? Жүргізілген болса, олар жөнінде қысқаша мәлімет жина.*

### ӨЗ БЕТІМЕН ІСТЕЙТІН ЖҰМЫС

Саған мәлім археологиялық жәдігерліктерді және олардың орналасқан аймақтарын жазып, кестені толтыр.

Р/н	Археологиялық жәдігерліктер	Орналасқан аумағы

<sup>1</sup> ӨТТС. — Т.: «ӨзҰӘ». 2007. 61-бет.



### III тарау. АДАМЗАТ МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

#### 8-§. ЖАРТАСТАҒЫ СУРЕТТЕР



**Алғашқы өнер үлгісі.** Ежелгі бабаларымыздың жартастарға сызып қалдырған суреттері алғашқы өнер үлгісі болып табылады.



**Жұмыс істеп  
жатқан суретші.**



**Алтамира үңгіріндегі суреттер.**

Олар – тарихтың өте құнды жәдігерліктері. Жартастағы суреттердің ерекшелігі сол, олар адамзаттың әлі жазуды ойлап таппаған кезінен бұрын жаратылған. Өнердің осынау үлгілері ежелгі заман тарихын жазуы үшін ғалымдарға маңызды дерек болып саналады. Бұл өнер үлгілерінде ата-бабаларымыздың күнделікті өмірі, тұрмыс салты, діни нанымы, қызметі мен әдеті бейнеленген. Бұл суреттер өткен замандағы адамдардың көбірек қай жануарларды аулағаны, олар бұны қалайша орындағаны туралы тарихи тұрғыдан қызық мәлімет береді.

**Алтамира, Каповая және Ласко үңгірлері.** Жартастағы суреттерді мил. бұрынғы 15–8 мың жылдықтарда алғаш кроманьон адамы салған.

Археологтар тапқан сол замандағы суреттердің көбі жартасқа ойып салынған. Олардың бір бөлігі Испаниядағы бүкіл әлемге әйгілі Алтамира, Фран-

<sup>1</sup> ӨзҰӘ. – Т.: «ӨзҰӘ». 2003. 5-том. 376-бет.



Ласко үңгіріндегі суреттер.

циядағы Ласко үңгірлерінен, сондай-ақ Башқұртстандағы Каповая үңгірінен табылған. Сол заманғы сәулет өнерінің шеберлері аңдарды бейнелеген кезде түрлі заттар қоспасынан әзірленген бояуларды колданған. Бояулар тасты қабырғаға таяқшамен я аң жүнінен істелген қаламмен сызылған. Қамыс, сүйек, құстардың қауырсыны арқылы жылтырақ жағылған.

Бұл жағдай суреттердің еш өзгермей дерлік қазіргі күнге шейін аман сақталуының себебі болды. Оларды үйрену ежелгі хайуанаттар дүниесін бұдан да жақсырақ елестетуге мүмкіндік береді.

**Өзбекстан аумағындағы жартас суреттері.** Осынау құнды өнер түрі Өзбекстанда өте ерте заманда пайда болған. Суреттер негізінде екі түрлі әдіс бойынша – шұқылап ою және табиғи бояу жолымен салынған. Кейінірек суреттер темір мен болаттан істелген, өткір ұшы бар аспаптармен тасты ойып жасалған. Бұл әдіс ғылымда *нүктелі әдіс* деп аталады. Екінші әдісте алғашқы сәулетшілік шеберлерінің шеберлігі көзге түседі. Олар түрлі заттар қоспасынан бояу әзірлеуді білген. Суреттер шөп, қамыс, құстардың қауырсынымен жылтыратылған. Өзбекстанда осындай құнды өнердің 100-ден астам үлгілері анықталған.

Мәселен, Науаи облысының Қаратау тізбегіндегі Сармышсай үңгірінен табылған арыстан, жолбарыс, барыс сияқты жыртқыш аңдардың алысуы, аңшының қолға сирек үйретілетін аңшы қабылан – гепардтың жәрдемімен жабайы бұқа аулауы бейнеленген.

Алғашқы өнердің құнды ескерткіштері ретінде «Қызыл кітапқа» енгізілген жартастағы суреттердің өзгешелігін қазір шет елдер де мойындаған. Зарауытсай мен Сармышсай сынды баға жетпес мәдени жәдігерліктерді қорғау, олардың жойылып кетуін болдырмау үшін үкіметіміз 2008 жылы бірнеше қаулы қабылдады. Ең маңыздысы, ЮНЕСКО Сармышсай суреттерін бүкіл дүниежүзі мұрасы етіп тіркеуге алып, «Ашық аспан астындағы мұражай» деп ресми түрде жариялады.

### Атаулардың мағынасын біліп ал



**ЮНЕСКО** – Біріккен Ұлттар Ұйымының ғылым, білім және мәдениет істерімен шұғылданатын мекемесі.

**Алтамира** – Испаниядағы үңгір.

**Арқар** – тау қойы.

**Ласко** – Франциядағы үңгір.

**Каповая** – Урал тауының Башқұртстан жерінде орналасқан үңгірдің аты.

«Қызыл кітап» – жойылып кету қаупі бар тарихи ескерткіштер, өсімдіктер мен жануарлардың аттары енгізілген кітап.

### Сұрақтар мен тапсырмалар



1. *Жартасқа ойып салынған суреттердің маңызы неде?*
2. *Жартастағы суреттер Өзбекстанның қай аймақтарында табылған?*
3. *Еуропадағы Алтамира, Каповая, Ласко үңгірлерінде табылған суреттердің маңызы неде?*
4. *Алғашқы сәулет өнерінің үлгілерін жасауда біздің ата-бабаларымыз қандай құралдар пайдаланған?*
5. *Жартаст суреттерінде негізінде нелер бейнеленген?*
6. *Жартастағы суреттерді сақтау үшін Өзбекстанда қандай жұмыстар жүзеге асырылуда?*

### ТАПСЫРМА

*Оқулықта келтірілген суреттерде не бейнеленгенін мына кестеге жаз*

Р/н	Үңгірдің аты	Суретте кескінделген жануарлар аты
1.		
2.		

## 9-§. ЖАЗУ – АДАМЗАТТЫҢ ҰЛЫ ЖАҢАЛЫҒЫ



**Алғашқы жазудың пайда болуы.** Алғашқы жазу таңбаларын алғаш Азия мен Солтүстік Африка (Ежелгі Египет) халықтары жаратқан.

Бұрынғы тарих, адамдардың жинаған өмірлік тәжірибесі мен білімі, ашқан жаңалықтары жазу арқылы ұрпақтан-ұрпаққа қалады.

### Есте сақта!

Жазу – адамдардың бір-бірімен қатынасуы үшін қызмет ететін жазба таңбалар жүйесі.

Жазу қазіргі көрінісіне келгенінше ұзаққа созылған даму жолын басып өтті.

Ғалымдар алғашқы жазбаларды ұзақ уақыт бойы оқи алмады. Өйткені, бұл жазбалар бүгінгі жазбалардан мүлде өзгеше көрінетін. Олар шынында әріп болмаса да, белгілі бір мағынаны білдіретін әлдеқандай белгілерден тұратын. Екіншіден, олар бүгінгі күнде ешкім сөйлеспейтін тілде жазылған болатын. Солай болса да, ғалымдар өздерінің тынымсыз ізденісі арқасында кейінірек олардың көбін оқи алды.




### Өзінді сынап көр

- ◆ Жер жүзіндегі алғашқы жазу белгілерін ... жаратқан.


**Ежелгі жазулар мен олардың түрі.** Ғалымдар ежелгі жазуды бірнеше түрлерге бөледі. Олардың ең көнесі «еске түсіруші белгілер» деп аталады. Бұндай белгілер белгілі бір мәнді белгілеу үшін, бір хабарды алыс жерге жіберу үшін қолданылған. Мысалы, бір мәнді белгілеу үшін түрлі көлемі бар тастар я шығанақтар пайдаланылған. Ата-бабаларымыз жазудың



Египет иероглифтері.



Ежелгі египеттіктер санды дәл осылай бейнелеген.



Суретті жазу.



Қытай  
иероглифтері.

«заттай жазу» деп аталатын түрін де пайдаланған. Мәселен, қорған суреті марқұм көмілген жерді, ал нан-тұз достықты білдірген. Көне жазудың тағы бір түрі – «суретті жазу». Ежелгі бабаларымыз түрлі аңдар суретін тастарға, сүйектерге және үнгірлердің қабырғасына ойып салған. Олар тек сурет қана болмай, белгілі бір жағдайды білдіретін өзгеше бір ақпарат та болған.

Уақыт озған сайын жазу адамдардың қажетсінулерін қанағаттандыра алмай қалды. Олар едәуір жетілген жазуға деген мұқтаждықты сезіне бастады. Нәтижесінде жазудың жаңа түрі «Сөздерден тұратын жазу» калыптасты. Ежелгі Египет пен Қытай иероглифтері, Шумер миххаты және басқалар сондай жазудың алғашқы үлгілері еді.

Дегенмен, иероглиф арқылы жазу оңай іс емес еді. Өйткені, сансыз көп иероглифтерді есте сақтап қалудың өзі қиынның-қиыны болды. Өмірдің өзі енді «әліпбиі бар жазу» ойлап табуды керек қылды.

### Өзіңді сынап көр



- ◆ Жазу деген – ... .
- ◆ Жазудың мынадай төрт түрі бар: ... .

**Әліпбидің пайда болуы.** Сені мектебіңнің 1-сыныбына қабылдағанда қолыңа түскен бірінші кітап – «Әліппе» болғанын ешқашан ұмытпа. Бұл – бастапқы сауат ашу кітабы. «Әліпби» – арабтың «әліп» және «би» әріптерінің қазақ тіліндегі қосып айтылуы.

### Есте сақта!

**Әліпби** – белгілі бір тілде жазуға арналып қабылданған, қатаң тәртіппен орналасқан жазу таңбаларының жүйесі. Бұл таңбалар әріп деп аталады. Ал «Әліпби» сөзі – араб әліпбиінің бірінші (әліп) әрпін екінші (би) әрпімен қосып айтудан пайда болған сөз.

Дүниедегі бірінші әліпбиді, яғни әріптері бар жазуды мил. бұрынғы 2 мың жылдықтың орта шенінде ежелгі финикиялықтар жаратты да, оны финикия жазуы деп атады.<sup>1</sup> Финикиялықтар әліпбиінде 22 әріп болып, ол оннан солға қарай жазылды. Сол 20 әріппен финикия тілінде сөздерді жаза білу – сирек кездесетін құбылыс еді. Финикия жазуы тез басқа елдерге де жайыла бастады. Олар финикиялықтар әліпбиін өз тілдеріне бейімдеп алды. Дүниедегі қазіргі жазулардың 4/5 бөлігінен астамы финикия жазуын негіз тұтады. Тіпті қазіргі латын және кирилл жазу әліпбилері финикия жазуына сүйенеді.

Әріп түрі	Қайсы сөзден	
𐤀	түйе	Г
𐤁	есік	Д
𐤂	жұдырық	К
𐤃	су	М
𐤄	бас	Р

**Финикия әліпбиі.**

Түрі	мәні
Г	Г
Д	Д
К	К
М	М
Р	Р

**Кирилл әліпбиі.**



### Өзінді сынап көр

◆ Дүниедегі бірінші әліпби ... жаратылды.

Милодтан бұрынғы IV–III ғасырларда латын әліпбиі жасалды. Бірнеше ғасырлардан соң ол Батыс Еуропадағы көптеген халықтар жазуының негізі болып қызмет етті. Ал біздің эрамыздың IV ғасырында араб әліпбиі жасалды. Орыс әліпбиі кириллица деп аталып, ескі славян әліпбиіне сүйеніп пайда болған. Ескі славян әліпбиін ежелгі Византиялық ағалы-інілі Мефодий мен Кирилл IX ғасырда ежелгі грек әліпбиін негізге алып жасады. Жаратылған жаңа әліпби Кириллдің құрметіне *кириллица* деп аталды. X ғасырдың аяғында Ежелгі Киев Русі мемлекеті де осы жаңа кирилл әліпбиін қабылдап, оны орыс тіліне бейімдеді. Қазіргі заманғы кирилл-орыс әліпбиінде 33 әріппен 2 таңба бар.

**Өзбекстандағы жазу.** Өзбек халқы ерте заманнан әртүрлі жазуларын пайдаланып келді. Бұлар – хорезм, соғды, орхон-енисей<sup>3</sup>, араб, кирилл-орыс және латын әліпбилерін негізге алған әліпбилер. Хорезм және соғды жазуларын біздің бабаларымыз бірнеше мың жыл бойы пайдаланды. Соғдылар әліпбиін алғаш 23 әріп түзетін

<sup>1</sup> ӨзҰӘ. – Т.: «ӨзҰӘ». 2002. 3-том. 469-бет.

<sup>2</sup> ӨзҰӘ. – Т.: «ӨзҰӘ». 2003. 5-том. 315-бет.

<sup>3</sup> ӨзҰӘ. – Т.: «ӨзҰӘ». 2005. 9-том. 2005. 131-бет.

еді. Бұл әліпби бойынша сөздер оңнан солға қарай жазылған. Өзбекстанда бүгінгі күнде латын әріптеріне негізделген өзбек әліпбиі пайдаланылуда.



### Өзінді сынап көр

- ◆ Әліпби деген ...
- ◆ Финикия әліпбиінде ... әріп болған.

### Атаулардың мағынасын біліп ал



**Иероголиф** – суретті, белгісі бар жазу.<sup>1</sup>

**Миххат** – шегеге я сынаға ұқсас белгілерді саз тақтайшаларға ойып жазу түрі.<sup>2</sup>

### Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Жазу деген не? Оның адамзат өмірінде алған орны жайлы не білдің?
2. Ежелгі жазба түрлерінің аттарын және олардың арасындағы айырмашылықты айт.
3. Қандай факторлар әліпбидің пайда болуының себебі болды?
4. Финикия әліпбиі адамзат тарихында қандай рөл ойнады?
5. Латын, араб және кирилл-орыс әліпбиі туралы не біліп алдың?
6. Өзбекстандағы халықтар ежелден қандай жазуларды пайдаланып келген?

### ӨЗ БЕТІМЕН ІСТЕЙТІН ЖҰМЫС

Р/н	Әліпбилер	Қашан жасалған?	Әріптер саны	Жазу тәртібі
1.	Финикия			
2.	Соғды			
3.	Латын			
4.	Араб			
5.	Кирилл-орыс			

## 10-§. «АВЕСТО» – АТА-БАБАЛАРЫМЫЗ ЖАСАҒАН АЛҒАШҚЫ ЖАЗБА ТАРИХИ ДЕРЕККӨЗ



**«Авесто» туралы.** Милотдан бұрынғы IX–VIII ғасырларда Ежелгі Хорезм жерінде ізгілік діні – зардуштилік пайда болды.<sup>3</sup> Бұл діннің аты оның пайғамбары, негізін салушы

<sup>1</sup> ӨТТС. – Т.: «ӨзҰӘ». 2006. 2-том, 175-бет.

<sup>2</sup> ӨТТС. – Т.: «ӨзҰӘ». 2006. 2-том, 603-бет.

<sup>3</sup> ӨзҰӘ. – Т.: «ӨзҰӘ». 2002. 3-том. 683-бет.

Зардушттың атынан алынған. Зардуштилік дінінің қасиетті кітабы «Авесто» деп аталады. Ол кітаптағы Ахурамазда («данышпан», «ұлы», «кеменгер») дүниені жаратқан құдай деп танылады.

### Есте сақта!

«Авесто» сөзін қазақ тіліне аударғанда «қатаң орнатылған заң-ережелер» деген мағынаны білдіреді. «Авесто» 2700 жыл бұрын Хорезмде жаратылған.

«Авесто» 12 мың ірі қараның терісіне алтынның суымен жазылып, Иран патшасы III Дарийдің қазынасында сақталған. Кейінірек, Александр Македонский басқыншылық соғысын жүргізген кезде оның үлкен бөлігі өртеп жіберілді. Ал астрономия мен медицина ілімдеріне қатысты бөлімдерін ол грек тіліне аудартты. Бірнеше ғасыр өткен соң, елімізде ислам діні кең таралғаннан кейін «Авесто» ұмытылды. «Авесто» кітабын Орта Азияның, бірінші кезекте, Өзбекстанның өткен тарихы, сондай-ақ ата-бабаларымыздың сенімдері, әдет-ғұрыптары жөніндегі ең көне жазба дереккөз деп зерттейді.



Зардушт.



### Өзінді сынап көр

◆ «Авесто» – бұл ... .

**«Авестоның» мазмұны.** «Авесто» кітабында жазылғанындай, дүние ізгілік (жақсылық) пен жауыздық (жамандық) негізінде құрылған. Өлім, қатты қыс, шыбын-шіркей т.с.с. барша жауыздықты жерге жауыздық жебеушісі Ахриман жібереді.

Ахурамазда өмірді, ізгілікті, әділетті қорғайды. Ізгілік пен жауыздық арасындағы күресте ақыр аяғында ізгілік жеңіп шығады. Бірақ бұған жету үшін адамдар өтірік сөйлемеуге, берген сертінде тұруға, басқа адамдарға тек жақсылық істеуге тиісті. Адам бойындағы осы үш қасиет кемелділік белгісі деп табылады. Осындай үш қасиетті өзінде қалыптастырған адамдар Ахурамазданы жақтаушылар тобына жатады.

Жауыз күштерден қасірет шекпеу үшін адамдар жер жырттып, егін егуге, астық өсіруге, мал шаруашылығымен айналысуға шақырылады да, осындай еңбекті дәріптейді.

Ізгі пікір (игілікті ой-пікір), ізгі сөз (тәтті тіл), ізгі амалдар (қайырлы істер) зардуштилік дінінің ең басты идеясын құрайды.

### Мынаны зер салып оқы!

«Ізгі пікір, ізгі сөз, ізгі амал деген қағидаттың қазіргі заманда да өте гибратты тағылымы бар екенін көруге болады».<sup>1</sup>

Зардуштилік дінінде от, топырақ, су мен ауа қасиетті деп танылады. Бұл қағида оттың — жарық көзі, топырақтың (жердің) — күнкөріс ризығының көзі, ал су мен ауаның — тіршілік көзі болып табылатынын негіз етіп алады. Сондай-ақ осы төрт элемент бүкіл болмыстың негізі деп табылады.



### Өзінді сынап көр

◆ Зардуштиліктің ең басты идеясын ... құрайды.

**«Авестоның» 2700 жылдығы.** «Авесто» біздің ғана емес, бүкіл дүниежүзі мәдениетінің баға жетпес мұрасы саналады. Сондықтан Халықаралық ЮНЕСКО ұйымы Өзбекстан үкіметінің бастамасымен 1999 жылы «Авестоның» 2700 жылдығын тойлау туралы қаулы қабылдады. Ал 2001 жылы бұл құтты күн атап өтілді.<sup>2</sup>

### Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Зардуштилік діні мен «Авесто» жөнінде не білдің?
2. Зардуштиліктің мазмұнын айт.
3. Зардуштилік дінінде неліктен отты, жерді, су мен ауаны құрметпен келген?
4. Зардуштилікке тән әдептің негізгі үш ережесін айт. Өзбекстан Президенті Ислам Каримовтың бұл жөнінде айтқан сөздерін келтір.
5. «Авестоның» 2700 жылдығын тойлау нені білдіреді?

<sup>1</sup> Ислам Каримов. «Жоғарғы руханият — жеңілмес күш». — Т.: «Өзбекстан» БПШҮ. 2008. 32-бет.

<sup>2</sup> Қ. Ражабов және басқ. «Өзбекстан тарихының ең маңызды күндері». — Т.: «Өзбекстан» БПШҮ. 2012. 389-бет.

## ӨЗ БЕТІМЕН ІСТЕЙТІН ЖҰМЫС

Зардуштилік діні жөнінде не білесің?

(Кестені толтыр)

Зардуштилік қашан және қай жерде пайда болған?	Зардушти-ліктің қасиетті кітабы	Зардуштилік дінінің негізін не түзеді?	Зардуштилік әдебінің үш ережесі	«Авестоның» 2700 жылдығын тойлау

### 11-§. МҰРАЖАЙЛАР




**Мұражайлар не үшін керек?** Мұражайлар – тарихи жәдігерліктерді сақтайтын, зерттейтін әрі халыққа көрсететін мекеме. Мұражайлар адамдардың өздеріне қадірлі болып, ескерткішке айналып қалатын бұйымдарды жинап, келесі ұрпаққа қалдыруға болған қажеттіліктің нәтижесінде пайда болған.

#### Есте сақта!

Мұражайларда жиналған жәдігерліктерді коллекциялар деп аталады.

Мұражайлардың түрі өте көп. Тарихқа, әдебиет пен өнерге, техникаға, денсаулық сақтауға, жануарлар дүниесіне, әскери қару-жарақтарға қатысы бар мұражайлар болады. Олар әуел баста ғиба-



Эрмитаж (Санкт-Петербург).



Лувр мұражайы (Париж).

датханалар ішінде құрылған. Еуропадағы көптеген мұражайлардың құрылуы XIV–XVII ғасырларға тура келеді.

Мұражайлардағы экспонаттардың үлкен тәрбиелеуші маңызы бар екені бәріне белгілі.


**Дүние жүзіндегі мәшһүр мұражайлар.** АҚШ, Италия, Франция, Ұлыбритания, Германия, Ресей Федерациясы сияқты елдерде дүниенің ең мәшһүр мұражайлары орналасады.



Өзбекстан тарихы Мемлекеттік мұражайы (Ташкент).

Ресейдің Санкт-Петербург қаласындағы Эрмитаж, Париждегі Лувр, Лондондағы Британия, Италиядағы Уфицци сынды атағы жер жарған мұражайлардың коллекцияларында тарихи бұйымдардың баға жетпес нұсқалары сақталады. Мәселен, 1546 жылы құрылып, алғаш король сарайы болған, ал қазір дүниенің ең үлкен мұражайы болып табылатын Париждегі «Лувр» мұражайында Ежелгі Египетте, Греция мен Римде жасалған, сирек кездесетін өнер маржандарының түпкі нұсқалары сақталады.

**Өзбекстан Республикасындағы мұражайлар.** Өзбекстан Республикасында да өте көп мұражайлар бар. Бұл мұражайлардағы экспонаттар дүниеге танымал мұражайлардың экспонаттарынан қалыспайды. Қазіргі уақытта республикамызда Өзбекстан тарихының Мемлекеттік мұражайы, Темурилер тарихы Мемлекеттік мұражайы, Өзбекстан өнер мұражайы, Өзбекстан халықтарының мәдениеті мен өнерінің тарихы мұражайы, Өзбекстан денсаулық сақтау мұражайы сияқты мұражайлар қызмет етуде. Тек Өзбекстан тарихы Мемлекеттік мұражайының өзінде-ақ 250 миллионнан астам ескерткіштер бар.



**Темурилер тарихы Мемлекеттік мұражайы (Ташкент).**

Олар халқымызға жәнe шетелдіктерге Өзбекстанның өткен тарихын көрсетіп тұрады. Темурилер тарихы Мемлекеттік мұражайы 1996 жылы құрылған. Биіктігі 31 метр мұражайдың ғимараты үш қабатты. Мұражайдың көрме залының қақ ортасындағы қабырғаға сәулет өнерінің ғажап туындысы салынған. Оған «Ұлы Сайыпқыран – ұлы қайраткер» деген ат қойылған. Бұл туынды атаулары «Туылу», «Өркендеу», «Мақтаныш ету» деп аталатын үш бөлімнен тұрады.

«Туылу» бөлімінде Сайыпқыранның (ұлы бабамыз Әмір Темірдің) туылғанымен байланысты әдет-ғұрыптар бейнеленген.

«Өркендеу» бөлімінде ұлы бабамыздың өзі тұрақты сақтаған, «Rosti-rusti», яғни «Шыншылдық – азаттық» деген ұраны алтын әріптермен жазып қойылған. Сондай-ақ, бұл бөлімде Сайыпқыранның уәзірлер, әскери қолбасшылар мен ғалымдармен бірге жүргізіп отырған кеңесі бейнеленген.

«Мақтаныш ету» бөліміне келсек, мұнда Әмір Темір мен темурилер әулеті мұрасының ұрпақтан-ұрпаққа өтіп жатқанының идеясы бейнеленген. Жер жүзіндегі мұражайлар халықаралық ұйымға біріккен. Ол Халықаралық ЮНЕСКО құрамындағы «Мұражайлардың халықаралық кеңесі» деп аталады.

### Атаулардың мағынасын біліп ал



**Экспонат** – мұражайда көрсету үшін қойылған заттар, суреттер, құжаттар, кітаптар.<sup>1</sup>

**Коллекция** – мұражайларда сақталатын заттардың тәртіпке салынған жинағы.<sup>2</sup>

### Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Мұражайлардың қандай қызметті атқаратыны жайлы не білдің?
2. Алғашқы мұражайлар қай жерде құрылған?
3. Дүниежүзіндегі мәшһүр мұражайлар туралы не білдің?
4. Өзбекстан мұражайларын айт.

### ӨЗ БЕТІМЕН ІСТЕЙТІН ЖҰМЫС

Сен өзің барған немесе кітаптарда оқыған мұражайлардың біріне арналған қысқа әңгіме дайында.

<sup>1</sup> ӨТТС. – Т.: «ӨзҰӘ». 2008. 5-том, 28-бет.

<sup>2</sup> ӨТТС. – Т.: «ӨзҰӘ». 2006. 2-том, 390-бет.



## IV тарау. АЛҒАШҚЫ ӨРКЕНИЕТТЕР, ҚАЛАЛАР МЕН МЕМЛЕКЕТТЕР

### 12-§. ЕУРОПА МЕН АМЕРИКАДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ӨРКЕНИЕТТЕР



**Өркениет туралы.** Өркениет дегенде белгілі бір халықтың мәдениеттік дамуында тапқан жетістіктерінің деңгейін түсінеміз. Сондықтан «өркениет» атауының орнына көбінесе «мәдениет» сөзі де қолданылады. Еңбек құралдарының жетілуі, өндіріс техникасының шығарылуы, қалалардың құрылуы, жазудың пайда болуы, ғылымның, әдебиет пен өнердің дамуы т.с.с. өркениеттің яки мәдениеттің өсу белгілері болып табылады. Азия мен Солтүстік Африка (Ежелгі Египет) алғашқы өркениет орталықтары болған.

**Крит – Еуропаның алғашқы мәдениет ошағы.** Археолог ғалымдар қазіргі Греция мемлекетіне қарасты Крит аралында мил. бұрынғы 3–2 мың жылдықтарға жататын қалалардың ізін тапты. Қалада құрылған сарайдың қабырғасы сыланған. Сылақтың дымқыл кезінде-ақ оған сурет ойып салынған. Сарайдың төменгі қабатындағы көптеген бөлмелерде шеберханалар, қару-жарақ бөлмелері, қымбатты заттар мен азық-түлік өнімдерін сақтайтын қоймалар болған.

Криттіктер қолөнер кәсібінде үлкен жетістіктерге қол жеткізген. Археологиялық олжалар кәсіпшілік, зергерлік, үй және кеме құру сияқты салалардың өркендегенін көрсетеді.

Кеме жасауда қол жеткізілген табыстар криттіктерге сауда және соғыс флотын жаратуға мүм-



**Қабырғаға ойып салынған сурет.**

кіндік берген. Сауда флоты оларға Египет пен Вавилон сияқты мемлекеттермен сауда жасауға қызмет еткен.

Криттіктер өз жазуын да жасаған. Олар ұзындығы 150–200 метр, ал ені 70–150 метрдей өте әсем жер асты залдарын да құра білген. Крит мәдениеті бүтіндей жойылып кетпеген-ді. Олардың жасаған лабиринттері осы күнге дейін адамдарды тандандырып келеді.

### Есте сақта!

Мил. бұрынғы 2 мың жылдықтарда Крит аралында мемлекет құрылған. Ол Еуропадағы алғашқы мемлекет еді.



Микеналықтардың сауда кемесі.



Қоладан істелген құралдар.

Милоттан бұрынғы 2 мың жылдықтың ортасында болған вулканның атылуы салдарынан Крит мәдениеті апатқа ұшырады. Дегенмен, болып өткен ол апат Крит мәдениетін бүтіндей жойып жіберген жоқ. Тез арада Пелопоннес түбегінде жасайтын грек тайпалары Критті басып алды.

**Микена мәдениеті.** Пелопоннес түбегінде мил. бұрынғы II мың жылдықта Микена қала-мемлекеті құрылған. Бұл қала-мемлекеттің мәдениеті криттіктер мәдениетінің ықпалымен дамыды. Археологиялық қазбалар Микенада кәсіпшілік пен сауданың жақсы дамығанын да көрсетеді. Қоладан істелген түрлі құрал-саймандар, алтыннан жасалған әшекейлер, қыштан дайындалған ыдыстардың қалдықтары жақсы сақталып қалған. Микеналықтар құрған қалалар мен тастан салынған үйлер өте берік еді.

Патша сарайы, шонжарлар үйлері қаланың жоғарғы бөлігінде жайғасқан. Сарай маңындағы жартасқа мұнара салынған. Мұнараның ішінен қола қарулар мен алтын заттар табылған. Саудагерлердің, қолөнершілер мен шаруалардың үйлері қаланың айналасында тығыз орналасқан. Микеналықтар криттіктер жазуын өздеріне бейімдеп алған.



**Майя пирамидасы. Төрт жақтағы баспалдақтардың саны бір жылдағы күндер санына – 365-ке тең болған.**

**Майя мәдениеті.** Орталық Америкадағы Юкатан түбегінде, қалың тоғайлардың арасында майялар мекен еткен еді.

Осы халықтың жасаған аймағы өмір сүру үшін өте қолайсыз болған. Бірақ олар қажырлы еңбегімен жерді абат өлкеге айналдырды. Майя халқы Америка континентінде барынша өркендеген мәдениет үлгілерін жаратты. Бұл – олар құрған Тикал қаласының мысалында өз бейнесін тапты. Қалада үш мыңға жуық ғимарат, соның ішінде ғибадатхана, обсерватория, жол-жоралар өткізуге арналған сарайлар мен тұрғын үйлер салынған. Қаланың ортасында салынған пирамида мен сарайлар оның көркіне көрік қосып тұрған.

Милодтың бірінші мың жылдығында майяның алғашқы кала-мемлекеттері пайда болды. Олардың билеушісі «ұлы адам» деп аталды. Билік ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып қалды. Майялар 300 таңбадан тұратын иероглиф жазуын жаратқан. Сондай-ақ олар өз ғасыры дәрежесіне сәйкес ең анық күнтізбені де жасай алды.

Ғибадатханаларда «құдайларға қызмет етушілер» – абыздар өз ғасырына лайықты ең оқымысты адамдар болды. Олар планеталардың Күн төңірегін шыр айналу, Күн мен Айдың тұтылу уақытын

алдын ала есептеп шыға білді. Мың жылдан астам өмір сүрген бұл мәдениет кейінірек еуропалықтардың басқыншылығынан соң жойылды.

**Инктер мәдениеті.** Америкада, қазіргі Перу елінің жерінде жасап, инктер деп аталған халық та өз мемлекетін құрған. Бұл мемлекетті жоғарғы билеуші – Жоғарғы Инка басқарып отырды. Жоғарғы Инкаға жақын болған еркектер өздерін «Күн ұлдары» деп атайтын болған. Мұның себебі, олар күнді басты құдай деп санаған. «Күн ұлдары» елдегі жоғары лауазымдарды иеледі.



**Инктер жазуы – кипу.**

Инктер күшті суару жүйесін құрды. Үлкен жұмыр тастан қорғаныстар салды. Әсіресе олардың тастан жасаған, дуалы бар үш қабатты Күн ғибадатханасы мәшһүр болған. Бұл дуал биіктігінің ортасына дейін алтынмен капталған еді. Инктер Кориқанча ғибадатханасында «Алтын бақ» жаратты. Бұл бақ алтын мен күмістен жасалған құстардың, әртүрлі андар мен адамдардың бейнесімен безендірілген. Инктер жіптерді түрліше иіру жолымен өзгеше бір жазу үлгісін ойлап тапты. Бұл жазу «кипу» деп аталды. Инктер мемлекетінде екі түрдегі арнайы оқу орны болған. Солардың біріншісінде шонжарлар тіл, тарих, соғыс пен мемлекеттік басқару өнері бойынша білім алған. Ал екіншісінде қыздар оқыған. Онда ғибадатхана қызметшілері, өз өмірін шонжарлармен байланыстырған үй бикелері тәрбиеленген. Осындай оқу орнында поэзиядан, музыка мен би өнерінен сабақ берілген.

#### Атаудың мағынасын біліп ал



**Лабиринт** – біріне-бірі ұқсас өте көп бөлмелері бар, жолдары адамды адастыратындай айналмалы болған үлкен ғимарат.<sup>1</sup>

#### Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Еуропадағы алғашқы мәдениет ошағы – Крит мәдениеті туралы не білдің?
2. Майя мәдениеті туралы айтып бер.
3. Крит пен Микенадағы мәдениет ошақтарын салыстыр. Олардың ұқсас және өзгеше жақтарын тап.
4. Инктер мәдениеті туралы не білдің?

<sup>1</sup> ӨТТС. – Т.: «ӨзҰЭ». 2008. 2-том, 481-бет.

### 13-§. ЕЖЕЛГІ ҚАЛАЛАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ



**Қалалардың пайда болуы.** Қала дегенде ірі тұрақ орны түсініледі. Қалалардың пайда болуы қолөнершілік пен сауданың дамуымен қатар жүрді. Жер жүзіндегі қалалар мил. бұрынғы 5–3 мың жылдықтарда алғаш Шығыста: Месопотамия, Египет, Орталық Азия мен Қытай сияқты мемлекеттерде пайда болды.

Қолөнершілер мен саудагерлер топталып жасайтын орындар кейінірек кенейе бастады. Халқы тығыз қоныстанған осындай орындар қалаларға айналды. Қалалардағы үлкен базарлардың саны арта түсті. Уақыт өткен сайын қалалар ғылым мен білім орталығы да болып қалды.


**Мемфис қаласы.** Ең көне қалалардың бірі – Ежелгі Египет мемлекетінің астанасы, Мемфис қаласы.

Бұл қаланы Египетті бірыңғай мемлекетке біріктірген патша Менес салған. Қала мәдениет пен қолөнерінің ірі орталығы да еді. Египет мемлекетінің патшалары перғауындар деп аталған. Перғауындар өз күш-құдіретін көрсету үшін пирамида тәріздес кесенелер құрғызатын болған. Қаза тапқан перғауындар сол кесенелерде жерленген. Кесенелерге жақын жерде перғауындардың бірі сфинкс бейнесінде бейнеленген. Жартастан істелген сфинкстің биіктігі 20 метрден астам болған.

Сфинкс адамдар бойында үрейлі қорқыныш туғызатын. Сондықтан оны



Ежелгі Египет қалалары.



Сфинкс.

«үрейдің атасы» деп атаған. Пирамида мен сфинкс, «перғауындар — құдіретті құдайлар» деген пікірді египеттіктердің санасына сіндіру тиіс еді. Қалада зәулім ғибадатханалар да болатын. Адамдарды құдайлар мен патшалардың күшіне сендіру үшін ғибадатхананың алдында яки ішкерісінде перғауындардың адамның бойынан 5—6 есе үлкен мүсіндері құрылған. Ал қабырғалар мен бағаналарға олардың үлкен бейнелері ойып салынған.

**Вавилон қаласы.** Вавилон да — көне қалалардың бірі. Ол құрылған жер қазіргі Ирак мемлекетінің құрамына кіреді. Мемлекеттің аты да осы қаланың атынан алынған.

#### Есте сақта!

«Бабыл» деген сөз құдайдың қақпасы деген мағынаны білдіреді.

Қала ежелгі Вавилон мемлекетінің астанасы болған. Әсіресе қала Хаммурапи заманында Азияның ең мәшһүр қалаларына айналған. Бірақ кейінірек қала сыртқы шабуылдар салдарынан бірнеше рет ойрандалған.

Навуходоносор II заманында Вавилон Азияның ең күшті мемлекеттердің біріне айналды. Қаланың ортасында биіктігі 90 метрдей 7 қабатты ғибадатхананың мұнарасы құрылды. Вавилондықтардың ойынша, бұл мұнара жерді аспанмен тұтастырып тұратын болған. Қаланың кейінгі ғасырлардағы тағдыры аянышты аяқталады. Оны әуелі Иран, кейін македониялық Александр басып алды.



Навуходоносор II.

**Ниневия қаласы.** Ниневия да — дүниедегі ең ежелгі қалалардың бірі. Оның негізі Дажла өзенінің жағалауында салынған. Бұл қаланың да орны қазіргі Ирак мемлекетінің құрамында. Қала сауда жолдары қиылысқан жерде орналасқан еді, ал бұл оның гүлдеп дамуына жағдай жасайтын. Кейінірек қала Ежелгі Ассирия мемлекетінің астанасына айналды. Ассирияның күш-құдіреті артқан дәуірде ол «Әлемнің астанасы» деп дәріптелген. Бірақ патшалардың тынымсыз жүргізген

соғыстары Ассирияны әлсіретіп жіберді. Ақыры мил. бұрынғы 612 жылы Вавилон мемлекеті күйзеліске ұшырап, Ниневия да бүтіндей қирады.

**Афина қаласы.** Грецияда құрылған Афина қаласының аты білім мен даналықтың жебеуші әйелі Афинаның құрметіне қойылған. Қала тұрғындары Афинаны өздерінің жебеушісі деп санаған. Уақыт озған сайын Афина Еуропаның ең озат қаласына айналды.

Афиналықтар дүниежүзіндегі халықтардың қызғанышын тудыра алатын мәдениет жаратты.



Әйел құдай  
Афинаның мүсіні.

### Есте сақта!

Афина қаласы – қазіргі Греция мемлекетінің астанасы.

**Спарта қаласы.** Ежелгі Греция жеріндегі Спарта қаласы да өз заманындағы ірі қалалардың бірі болған. Спартаға ақсақалдар кеңесі басшылық еткен. Бұл кеңес мүшелері спарталықтар жиналысында сайланған. Спартада әскери қолбасшылар да кеңестің мүшелері болған. Кеңес ең маңызды мәселелерді шешіп, айыпты адамдарды да соттаған.

**Рим қаласы.** Деректерде жазылғанындай, қазіргі Италия елінің астанасы – Рим қаласының негізі мил. бұрынғы 753 жылы қаланған. Кейінірек бұл қала Рим мемлекетінің астанасына айналған.

Бұл мемлекет те қаланың атымен аталады. Уақыт өткен сайын ежелгі Рим қаласы жер жүзіндегі ең өркендеген қалалардың біріне айналды.

Қалаға құбырлар арқылы таулардан бұлақ суы да жеткізілген. Фибадатханалар мен сарайлар құрылып, мүсіндер жасалған. Рим қаласы қазіргі күнде Италия Республикасының астанасы болып табылады.



Римдегі театр.  
(Коллизей).

## Атаулардың мағынасын біліп ал



**Сфинкс** – денесі арыстанға, ал басы адамның басына ұқсатып, тасқа ойып салынған аңыздық жәндіктің мүсіні. Ол перғауын күш-құдіретінің рәмізі болған.

**Әйел құдай** – құдайдың әйел бейнесіндегі жұбайы яки қызы.<sup>1</sup>

**Перғауын (Ұлы үй, патшаның қорғаны)** – Египеттегі патшалардың күш-құдіретін білдіретін атак.<sup>2</sup>

## Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Қалалардың пайда болуы жөнінде не білдің?
2. Мемфис, Вавилон, Ниневия қалаларын салыстыр. Олардың ұқсас және өзгеше жақтарын анықта.
3. Афина мен Спарта қалалары туралы не білдің?
4. Рим қаласы туралы мәліметтерді Афина қаласының мәліметтерімен салыстыр.

## ӨЗ БЕТІМЕН ІСТЕЙТІН ЖҰМЫС

Ежелгі дүние қалары:

1. Мемфис, Вавилон, Ниневия, Афина мен Рим қалаларына тән жалпы қасиеттерді айт.

- a) ... ;
- ә) ... .

## 14-§. ДҮНИЕЖҮЗІНДЕГІ ЕЖЕЛГІ МЕМЛЕКЕТТЕР



**Ежелгі Египет пен Вавилон мемлекеттері.** Мемлекет – белгілі бір аумақта жиналған адамдарға (адамдар қоғамына) заң күшімен басшылық ететін ұйым. Ал заң – мемлекет тарапынан белгіленіп, бәрі бойсұнуға міндетті болған қағида-ережелер. Алғашқы мемлекеттер мил. бұрынғы IV мың жылдықтың басында Африка континентінің Египет аумағында құрылған. Олар кіші-гірім қала-мемлекеттер болып, «номдар» деп, ал мемлекет бастықтары – «номарх» деп аталған. Бертін келе, бұл мемлекеттердің орнында екі ірі мемлекет пайда болды. Уақыт өткен сайын осы екі мемлекет бірыңғай мемлекетке бірікті. Мемфис қаласы мемлекеттің астанасы етіп белгіленді. Мемлекет билеушісі перғауын деп аталды.

<sup>1</sup> ӨТТС. – Т.: «ӨзҰӘ». 2006. 2-том, 563-бет.

<sup>2</sup> ӨзҰӘ. – Т.: «ӨзҰӘ». 2001. 2-том, 259-бет.

Мемлекеттің ішкі өмірі өзара соғыстарсыз өткен жоқ. Ұзақ уақытқа созылған соғыстар Египетті әлсіретіп жіберді. Нәтижесінде, Египетті әуелі Иран мемлекеті, кейін македониялық Александр, содан соң Рим мемлекеті басып алды.

Египеттен онша алыс емес, Азия континентінің бір бөлігінде Фрот пен Дажла өзендері бар болған. Осы екі өзеннің аралығы ертеде Месопотамия деп аталған. Месопотамия жерлері өте құнарлы болған, сондықтан адамдар бұл жерді өздерінің тұрақ мекендеріне айналдырған. Мил. бұрынғы II мың жылдықта Месопотамияда Вавилон (Бабыл) мемлекеті құрылды. Патша Хаммурапи билеген кезде Вавилон ең күшті мемлекетке айналды. Ол Месопотамияның барша бөлігін Вавилонға бағындырды.


**Ежелгі Қытай мен Үндістандағы мемлекеттердің пайда болуы.** Мил. бұрынғы екінші мың жылдықта Қытайдағы Хуанхэ өзенінің етегінде алғашқы мемлекеттер пайда болды. Уақыт өткен сайын олардың саны көбейе түсті. Солардың бірі – Син мемлекетінің билеушісі Син Ши Хуанди мил. бұрынғы III ғасырда Қытайды бірыңғай мемлекетке біріктірді.

Қытайда астрономия, медицина мен география туралы ілімдер мен егіншілік дамыды. Бәріміз сүйсіне ішетін шайды қытайлықтар өсірген. Компасты да бірінші рет қытайлықтар ойлап тапқан.

Қытай ғалымдары өз тарихын жаратуға жан-тәнімен тырысты. Бұл



Екі өзен аралығындағы мемлекеттер.



Ежелгі Үндістан.

Ежелгі Үнді	XII ғасырдағы Араб	Қазіргі заман
—	1	1
ϕ	6	6
8	8	8
o	o	0

### Цифрлардың дамуы.

цифрды ойлап тапты. Нәтижесінде он цифр арқылы қалаған санды өрнектеуге мүмкіндік туды.

Бұл жаңалық дүниежүзі халықтарына осы күнге дейін қызмет етуде.

істі тарихшы ғалым Сима Сьян жүзеге асырды (мил. бұрынғы II—I ғасырлардың басы).

Ол өзінің «Тарихи естеліктер» деген кітабымен тарихта өшпес із қалдырды.

Ал Үндістандағы алғашқы мемлекеттер мил. бұрынғы I мың жылдықта құрылған. Милодтан бұрынғы III мың жылдықта патша Ашока Үндістанды бірыңғай мемлекетке біріктірді.

Үнділер ғылым саласында үлкен табыстарға жетті, атап айтқанда, олар «0» (нөл) санынан басталатын он

### Атаудың мағынасын біліп ал



**Астрономия** — аспан денелерінің пайда болуын, құрылысы мен қозғалыстарын зерттейтін ғылым.<sup>1</sup>

**Медицина** — адам денсаулығын сақтау, аурулардың алдын алу және емдеу туралы білімдер жүйесі.

### Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Мемлекеттің не екенін түсіндіріп бер.
2. Ой жүгірт: неліктен адамдар қауымын (адамзат қоғамын) заңсыз басқаруға болмайды?
3. Мемлекеттің пайда болуы үшін қандай факторлар себепші болды?
4. Ежелгі Египет пен Вавилон мемлекеттері туралы не білдің?
5. Ежелгі Қытай мен Үндістанды бірыңғай мемлекеттерге біріктірген тарихи тұлғаларды атап өт.
6. Ежелгі Қытай мен Үндістанның мәдениеттерінде қол жеткізілген табыстарды салыстыр.

<sup>1</sup> ӨТТС. — Т.: «ӨзҰӘ». 2006. 1-том, 112-бет.

## 15-§. ЕЖЕЛГІ ДҮНИЕНІҢ ЖЕТІ КЕРЕМЕТІ



**Жеті керемет туралы.** Көне деректерде Жерорта теңізі маңындағы елдерде жаратылып, өздерінің сұлулығымен сол заман адамдарын таңқалдырған ғимараттардың жетеуі «Ежелгі дүниенің жеті кереметі» болып табылады деп, жазылған.

**Египет пирамидалары.** Ежелгі Египетте қайтыс болған перғауындар үшін алдымен арнайы «үй» — табыт жасаған. Бұл «үй» (табыт) саркофаг деп аталған. Оған перғауынның мумияланған денесі салынған. Кейін осы саркофаг тұрақ орнына — тастан құрылған кесенеге қойылған. Бұл кесенелер пирамидалар деп аталған. Египет перғауындары көзі тірісінде-ақ өздеріне үлкен тастардан пирамида тәрізді кесенелер құрғызған. Кітаптарда жазылғанындай, пирамидалардың ең үлкенін перғауын Хуфу (гректер оны Хеопс деп атаған) құрғызған. Хуфу пирамидасын құру үшін 2 миллион 500 мың тас жұмсалынған. Ең кіші тастың ауырлығы 2,5 тоннаға жуық болған.



**Египет пирамидалары.**

Пирамиданың тастары соншалық жақсы қашалғандықтан бірінің үстіне екіншісін қойғанда, олар өте тығыз жабысып тұрған.

**Семирамиданың аспалы бақтары.** Ежелгі Греция тарихшысы Геродоттың жазуынша, Семирамиданың аспалы бақтарын Ежелгі Ассирия патша ханымы Семирамида (шын аты Шаммурамат) мил. бұрынғы VIII ғасырда құрғызған.<sup>1</sup> Бақ сөреге ұқсас етіп салынған, сөрелерді бөренелер көтеріп тұрған. Сөрелердің үстіне топырақ салып, оған түрлі-түсті гүлдер, көшеттер отырғызған. Әр қабаттағы баққа баспалдақ сатыларымен шығатын болған. Күн сайын көптеген құлдар жоғарыға су тасыған.



**Семирамиданың аспалы бақтары.**

<sup>1</sup> П. Захидов. «Семирамида — Shammuramat izidan». «Тафаккур» журналы. 2-нөмір. — Т.: 2011, 64–69-беттер.



**Олимп құдайы Зевс.**

Мүсін шеберлікпен жасалғаны соншалықты, оны тамашалаған адамның күнделікті қамы мен қасіреті мүлде сейіліп кетеді.



**Әйел құдай Артемида  
ғибадатханасы.**

Аңыздарға карағанда, Артемида Зевстің қызы болған. Ол өнімділік, аңшылық пен Айдың әйел құдайы еді. Сондай-ақ ол жануарлардың жебеушісі, әйелдердің демеушісі де болып саналған. Артемида ғибадатханасының төбесін жартастардан істелген 18

Бақтағы әсем ағаштардың көлеңкесі, жоғарыдан төмен қарай ағып жатқан судың салқын лебі нағыз кереметтің өзі болған. Кейінірек Вавилон патшасы Навуходоносор II ол бақты қиратып тастады.

**Олимп құдайы Зевстің мүсіні.** Аңыздарға карағанда, грек құдайлары Олимп тауында өмір сүрген. Зевс құдайлар арасындағы ең жоғарғысы және адамдардың «атасы» деп саналған. Оның аты «жарық аспан» деген мағынаны білдіреді. Құдіретті Зевске құрмет көрсетіп, гректер 4 жыл ішінде бір рет әйгілі спорт жарыстарын – Олимпиада ойындарын өткізген.

Гректер Зевске арналған ғибадатхана салып, мүсін жасаған. Мұнда құдайлар патшасы Зевс таққа отырған күйінде бейнеленген. Зевстің оң қолында құдай ана Никаның мүсіні, ал сол қолында қасиетті бүркіт орнатылған патша таяғы бар, піл сүйегінен қашалған денесі алтын киімге бүркенген, көздері қымбат тастардан жасалған мүсінінің биіктігі 12 метр келеді.

**Әйел құдай Артемида ғибадатханасы.** Әйел құдай Артемидаға құрмет көрсетіп, Эфес қаласында (бұл қала қазір Түркия мемлекетінің аумағында орналасқан) көргендердің назарын аудартатын ғибадатхана құрылған.

Аңыздарға карағанда, Артемида Зевстің қызы болған. Ол өнімділік, аңшылық пен Айдың әйел құдайы еді. Сондай-ақ ол жануарлардың жебеушісі, әйелдердің демеушісі де болып саналған. Артемида ғибадатханасының төбесін жартастардан істелген 18

метрлік бөрөнелер сүйеп тұрған. Ғибадатхананың ішінде грек суретшілерінің ғажайып туындылары қойылған.

Милодтан бұрынғы III ғасырда Родос халқы қаланың бір жылдық қоршаудан азат етілгеніне байланысты қаланың жебеушісі, Күн құдайы Гелиостың мүсінін жасауға ұйғарды. Мүсін қоладан жасалып, оның биіктігі 35 метр болған.

Мүсінші Харос оны 12 жыл бойы жасады. Мүсін Күн құдайы Гелиостың басы Күнге тиіп тұрғандай болып бейнеленген.

**Александр маягы.** Милодтан бұрынғы 283 жылы сол заманның кереметі – Александр маягы бой көтерген. Маяк кемелерге Александр қаласы портына кіргенде олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қызмет еткен. Маяқтың биіктігі 120 метр болған. Оның ең жоғарғы бөлігі күмбезбен қапталған. Күмбездің үстіне «теңіз құдайы» Посейдонның 7 метрлік мүсіні орнатылған. Күмбезді қашалған гранит (тау жынысты) бөрөнелер көтеріп тұрған. Оның үстіңгі бөлігінде түні бойы жанып тұрған алау теңізшілерге алыстан көрініп тұратын болған. Маяк төңіректі бақылау нүктесінің қызметін де атқарған.

**Галикарнас кесенесі.** Кіші Азияда Карий патшалығы болған. Оның орталығы өте бай да әсем Галикарнас қаласы еді. Галикарнас кесенесі мил. бұрынғы 353 жылы қаза тапқан патша Мавсолдың құрметіне құрылған. Бұл ғимарат әрі кесене, әрі ғибадатхана қызметін атқарған.

Кесененің кендігі 66 метр, ұзындығы 77 метр, ал биіктігі 46 метр болған. Біздің уақытымызға дейін жеті кереметтен Египет пирамидалары ғана сақталып қалған.



Күн құдайы  
Гелиостың мүсіні.



Александр маягы.

### Атаулардың мағынасын біліп ал



**Маяк** — кемелерге жол көрсету үшін теңіз жағасына құрылып, кемеңің бағытын көрсетіп тұратын, аспаптары бар мұнара тәрізді құрылғы.<sup>1</sup>

**Кесене** — қабірдің үстіне құрылған ғимарат.<sup>2</sup>

**Родос** — Жерорта теңізіндегі бір аралдың аты. Бұл арал Греция мемлекетіне қарасты.



Галикарнас кесенесі.

### Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Ежелгі дүниенің қай жәдігерліктерін «жеті керемет» деп атаған?
2. Египет пирамидаларын не себептен құрған?
3. Семарамиданың аспалы бақтары туралы не біліп алдың?
4. Зевс мүсіні туралы айтып бер.
5. Неліктен әйел құдай Артемидаға арнап ғибадатхана құрылған?
6. Галикарнас кесенесі туралы не білдің?

## 16-§. ӨЗБЕКСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ЕЖЕЛГІ МЕМЛЕКЕТТЕР



**Ежелгі ата-бабаларымыз.** Сақтар, массагеттер, соғдылар біздің ежелгі ата-бабаларымыз болып табылады. Ежелгі Греция мен Рим ғалымдарының шығармаларында олардың тұрмыс-салты мен қызмет түрі туралы мәліметтер кездеседі.



Геродот.

Мысалы, грек тарихшысы Геродот былай деп жазған: «Массагеттердің барша бұйымдары, тіпті найза, оқ-жебе мен айбалталары да алтыннан, мыстан жасалған. Бас киімдері, кемерлері, ат жүгендері мен үзеңгілері де алтыннан істелген. Ал көкірек қалқандары мыстан жасалған. Олардың алтын мен мыс кендері көп болғандықтан, күміс пен темірді қолданбайды».

<sup>1</sup> ӨТТС. — Т.: «ӨзҰЭ». 2006. 2-том, 522-бет.

<sup>2</sup> ӨТТС. — Т.: «ӨзҰЭ». 2006. 2-том, 569-бет.

Жазба деректерде жазылғанындай, сақтар қазіргі Сырдария жағалауында, Ташкент облысы мен Оңтүстік Қазақстан жерінде, Ферғана аңғарында, массагеттер – Әмударияның төменгі ағысында және оған тұтасқан жерлерде, ал соғдылар – қазіргі Зарафшан және Қашқадария өңірінде өмір сүрген.


Ата-бабаларымыз суармалы егіншілікпен, мал шаруашылығымен, қолөнершілікпен шұғылданған.

**Хорезм мемлекеті.** Милодтан бұрынғы VII ғасырда қазіргі Өзбекстан аумағында Хорезм мен Бактрия мемлекеттері пайда болған.

Ежелгі Хорезм орталықтарының бірі Көзалықыр қаласы еді. Қала қалың қорғаныс қабырғалармен қоршалды.

Милоди II–III ғасырларда құрылған Топыраққала Хорезм мемлекетіндегі ірі қалалардың бірі еді. Археологтар осы қаладағы патшалар сарайының бөлмелерінің бірінде басына тәж киген, қолына бүркіт ұстаған патшаның мүсінін тапқан.


Сарайда «жауынгерлер залы», «жеңістер залы» деген залдардың болғаны да анықталды. Хорезм мемлекетінде суармалы



Хорезм, Бактрия және Соғдиана мемлекеттерінің картасы.



**Ежелгі  
Хорезм теңгелері.**



**Ежелгі Бактриядағы  
үй қорғаны.**

егіншілікті дамыту мақсатымен Әмудариядан су шығару үшін арнайы құрылғылар жасалған.

Ежелгі Хорезмде сәулетшілік, қолөнері мен сауда жоғары дәрежеде дамыды. Таулардан қазып алынған қымбат бағалы меруерт тастарды өңдеп, түрлі әшекейлер жасаған. Олар Иран, Қытай, Үндістан, Мысыр сияқты мемлекеттерде сатылған.

Құнды металдардан теңгелер соғылған. Ежелгі Хорезм мемлекеті өзбек мемлекеттігінің алғашқы іргетасы болып, 2700 жылдық тарихқа ие.

**Мынаны зер салып оқы!**

Өзбек мемлекеттігінің іргетасы осыдан 2700 жыл бұрын дәл Хорезм өңірінде қаланған. Хорезм тарихы өзбек мемлекеттігінің негізі болып, оның құдіреті мен көнелілігін растайды.<sup>1</sup>

**Бактрия мемлекеті.** Бактрия мемлекеті қазіргі Өзбекстанның оңтүстігінде орналасқан.

Бақтра, Қызылтөбе Бактрияның ірі қалалары болған.

Бақтра қаласы Бактрия мемлекетінің астанасы еді. Ол биік те берік қорғаныс қабырғаларымен қоршалған. Қаланың ішінде ел патшасының берік қорғаны орналасқан. Бактрияда алтын мен лағыл сынды қымбат бағалы минералдар қазып алынған. Бактрия лағылынан да-

<sup>1</sup> *Ислам Каримов.* «Сұлу өлкеміздің гауһары». (Рухани өсу жолында). – Т.: «Өзбекстан» БПШҮ. 1996 жыл.

йындалған өнімдер Қытай, Үндістан, Египет сияқты елдерде сатылған. Қымбат минералдардың қазып алынуы елдегі зергерлік, көркем қолөнерін дамытуға әкелді.

**Соғды мемлекеті.** Зарафшан мен Қашқадария өңірі маңындағы жерлер Соғдиана деп аталған. Кейінірек бұл аумақта Соғды мемлекеті құрылды.

Мұндағы халық негізінен егіншілікпен шұғылданды. Егіншілік жасанды суаруға сүйенді. Афрасиаб (қазіргі Самарқанд қаласының шығыс бөлігі) орталық қала болған.

Қолөнері мен сауданың маңызы да зор болған.

Соғды да Азияның басқа елдерімен сауда байланыстарын орнатқан.

### Тарихи орындарды біліп ал



**Қызылтөбе** – қазіргі Сұрхандария облысы аумағындағы ежелгі қала.

### Сұрақтар мен тапсырмалар



1. *Ежелгі ата-бабаларымыз туралы не біліп алдың?*
2. *Хорезм мемлекеті туралы әңгімеле.*
3. *Бақтрия мемлекетінде қандай қалалар болған?*
4. *Соғды мемлекеті туралы не біліп алдың?*

### ӨЗ БЕТІМЕН ІСТЕЙТІН ЖҰМЫС

Ата-ананың жәрдемімен «Мемлекеттілік тарихы» деген атаудың мағынасын анықтауға тырыс.



## V тарау. САУДА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС

### 17-§. ТЕҢГЕЛЕР – ТАРИХ КУӘСІ



**Алғашқы теңгелер.** Дүниежүзі халықтарының өмірінде ақшаның маңызы зор. Ол мың жылдар бойы адамдарға айырбастау құралы болып қызмет етіп келуде.

Адамзат тарихында ақша болмаған кезеңдер де болған. Бірнеше мың жылдар бұрын адамдар ақшаның не екенін білмеген. Олар алғаш барлық тұтыну нәрселерін өздері жасап шығарған.

Уақыт өткен сайын егіншіліктен мал шаруашылығы мен қолөнерінің бөлек қызмет түрі ретінде бөлініп шыққаны, сауданың дамуына әкеп соқты. Енді олар өндірген өнімдерін өзара айырбастауға көшті. Сөйтіп бір-бірінің қажетсінуін өтей бастады.

Сауда байланыстарының одан әрі өсуі, қалалар санының көбеюі пайдалануға қолайлы болған айырбастау құралын – ақша жасауды қажеттілікке айналдырды. Металдан (мыстан, күміс пен алтыннан) соғылған алғашқы ақша – теңге осылайша пайда болған.

#### Есте сақта!

Теңге (түркі – «таңба» сөзінен алынған) – арнайы салынған суреттері, белгілі салмағы мен құны бар металдан соғылған ақша.

Археолог-ғалымдар теңге алғаш мил. бұрынғы VIII–VII ғасырларда Лидия (Азияда) мемлекетінде пайда болғанын анықтады.

Лидия аумағында алтын көп болған. Бұл мемлекетте алтыннан соғылған теңге **статер** деп аталған.

Иран патшасы Дарий I заманында «дарик» деп аталатын, сол заманның әйгілі теңге ақшасы енгізілген. Сол кездегі әр теңге 8,4 грамм таза алтыннан жасалған.

**Теңгелер тарихтан куәлік береді.** Теңге өзінің қандай металдан жасалғанына қарай, ең алдымен сол теңгені соққан мемлекеттер, олардың жер асты байлықтары туралы куәлік береді. Екіншіден, теңгенің салмағы, оны соғу әдісі мен сапасы туралы да куәлік береді.

Үшіншіден, мемлекеттің аты, билеушінің есімі, оның таққа отырған күні және билеген жылдары жөнінде куәлік береді.

Төртіншіден, не ол, не бұл мемлекет теңгесінің басқа мемлекеттің аумағынан да табылғанына қарап, осы мемлекет қайсы елдермен сауда байланыстарын үзбейтінін, сыртқы саудада қайсы мемлекеттің ақшасы үлкен рөл ойнайтынын біліп алуға болады.

**Ежелгі және қазіргі теңгелердегі рәміздердің бейнеленуі.** Көне замандарда теңгелерге түрлі рәміздер мен билеушілердің бейнесі түсірілген. Сондай-ақ, билеушінің атағы, есімі мен таңбасы, теңгені шығарған мемлекеттің, қаланың аты, соғылған жылы жазылған болады.

Мәселен, Лидия патшалығындағы теңге ақша – стартердің бір жағына лидийліктерде қасиетті дап саналған түлкінің бейнесі түсірілген. Оның үстіне, **түлкі** лидиялықтардың бас құдайы – Бассарейдің рәмізі де болып келген.

Бірнеше мемлекеттер билеушілерінің есімін мәңгі есте сақтау үшін теңгелерге олардың бейнесі түсірілген. Мысалы, Дарий I, маке-



**Грек-Бактрия мемлекеттерінің теңгелері.**



**Александр теңгесі.**



**Әвкратид теңгесі.**



Өзбекстанның мерейтой теңгелері.



Ташкенттің мерейтой теңгесі.

дониялық Александр, Рим билеушісі Юлий Цезарь, Грек-Бактрия патшасы Эвкратид т.б. соқтырған теңгелер мұның жарқын дәлелі болып табылады.

Түрлі рәміздерді бейнелеу дәстүрі қазіргі теңгелерде де жалғасуда.

Өзбекстан Республикасының ақша бірлігі – сум 1994 жылғы 1 июль күнінен бастап айналымға енгізілді. Уақыт өткен соң 10, 25 және 50 сумдық теңге ақшалар да соғылды.

Бұл теңгелердің алдыңғы бетіне олардың сум есебіндегі құны, артқы жағына «Өзбекстан Республикасы» жазуы, мемлекетіміз Елтаңбасының суреті түсірілген.

Өзбекстанда мәшһүр ғұламаларымыздың мерейтойларымен байланысты олардың бейнесі түсірілген теңге ақшалар да соғылған.

Мысалы, 1996 жылы ұлы бабамыз Әмір Темір мерейтойының 660 жылдығына орай, ал 2009 жылы Ташкент қаласының 2200 жылдығына арнап 100 сумдық теңге ақша соғылғаны мұның дәлелі.

### Атаудың мағынасын біліп ал



**Мерейтой** – тарихи оқиғаларды, ұлы тарихи тұлғалардың анық жасын салтанатты түрде атап өту.

### Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Ақшаның пайда болуына дейін сауда істері қалай жүргізілетін?
2. Алғаш пайда болған теңге ақшалар туралы не білдің?
3. Неліктен теңгелер тарихтың куәсі деп аталады?
4. Теңгелерге түсірілген түрлі рәміздер, суреттер, күндер нені білдіреді?
5. Өзбекстан мемлекетінің теңге ақшалары туралы не біліп алдың?

## 18-§. САУДА ЖОЛДАРЫ



**Ежелгі керуен сауда жолдары.** Сауда істері адамдар өмірінің барлық кезеңінде маңызды рөл ойнаған. Сауда мемлекеттің экономикалық дамуына да үлкен ықпал жасаған. Сондықтан да түрлі елдер өзара пайдалы саудаға өте қызыққан. Ал бұл ежелгі заманда да маңызды сауда жолдарын ашуға әкелтірген.

Сауда керуендері өтетін елдер жолдар төңірегінде көпестерге арнап барша зәру жағдайларды жаратып берген. Өздерінің және мал-мүліктерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын қарастырған.

Ежелгі керуен сауда жолдарының бірі «Лағыл жолы» деп аталған. Бұл жол мил. бұрынғы 3–2 мың жылдықтарда ашылған.


### Есте сақта!

Жолдың «Лағыл жолы» деп аталуының себебі, осы жолмен қымбат бағалы лағыл тастар тасымалданған. Ол көк тас деп те аталады.

«Лағыл жолы» Памир тауынан бастап Иран, Месопотамия, Египет арқылы өткен. Лағыл тастардан жасалған бұйымдар тіпті Египет перғауындарының кесенелерінен (пирамидаларынан) да табылған. Ежелгі мәшһүр сауда жолының тағы бірі «Патша жолы» деп аталады. Оны Иран патшасы Дарий I салған. Оны Иран патшалары бақылап отырған. «Патша жолының» екі бағыты болып, біріншісі Жерорта теңізі бойындағы түрлі қалаларды Иранмен байланыстырған болса, екіншісі Иран мен Бактрия арқылы Алтай мен Үндістанға дейін жеткен.

**Ұлы Жібек жолы.** Ұзындығы 12000 км келетін Ұлы Жібек жолы мил. бұрынғы II ғасырда ашылған. Бұл жол тек сауда жолы ғана емес еді. Ол сонымен бірге дүниежүзіндегі халықтардың мәдени және мемлекетаралық байланыстарын жүзеге асырған жол да болған. Бұл жол Қытайдың Хуанхэ өзені жағасындағы Сиань қаласынан басталып, екі бағытқа ие болған.

Бірінші бағыт — Қытайдан Самарқантқа дейінгі бағыт. Самарқанттағы жол тағы екіге бөлінген.



Ұлы Жібек жолы.

Солардың бірі Иран арқылы Жерорта теңізіне дейін, ал екіншісі Солтүстік Кавказ арқылы Қара теңізге дейін жеткен.

Екінші бағыт Қытайдан басталып, Памир – Тянь-Шань тау тізбегінен өтіп, Ауғанстан мен Үндістанға шыққан.

#### Есте сақта!

«Ұлы» сөзі жолдың өте ұзын болғанын, сондай-ақ көптеген халықтардың тағдырымен байланысты болғанын білдіреді. Ал «жібек» сөзі жолдың негізінен жібек сатуға арналғанын білдіреді.

Жібек өнімдерін Еуропа халықтары өте ұнатқан. Сол заманда Еуропа жібектің не екенін білмейтін. Біздің ата-бабаларымыз бен қытайлықтар жібектен мата тоқыған. Бұл маталар еуропалықтарды таңқалдырған. Кейбір жазба деректерде жазылғанындай, бір кездері жібек мата орамы тіпті ақшаның орнына да пайдаланылған. Ұлы



**Ұлы Жібек жолының жағасындағы базар.**

Жібек жолы қай мемлекеттің жерін басып өткен болса, сол мемлекеттің патшасы жол жағасына аялдамалар, керуенсарайлар құрғызған. Жолдың қауіпсіз болу шараларын қолданған.

Өйткені, бұл жолдың арқасында сол мемлекеттің сауда істері де дамыған. Оның үстіне, сауда керуендерінің қожайындары баж салығын төлеген. Ал бұл мемлекет қазынасына үлкен табыс түсіретін. Ұлы Жібек жолы еліміз тарихында да өшпес із қалдырған. Ұлы Жібек жолы дүниежүзі халықтарына он жеті ғасыр бойы қызмет көрсетті.

**Ежелгі теңіз сауда жолы.** Көне заманда теңіз сауда жолдары да болған. Солардың бірі Жерорта теңізінің шығыс жағалауында жасаған финикиялықтардың теңіз сауда жолы еді.

Финикиялықтар өз ғасырына лайықты ержүрек теңізшілер болған. Олар бірінші болып Жерорта теңізіне жол ашқан. Олар солтүстікте Гибралтар бұғазы арқылы Ұлыбритания аралдарына дейін, Қызыл теңіз арқылы Үнді мұхитына жүзіп барған. Финикиялықтар сол заманға сай берік сауда кемелерін жасаған. Олар желкенді кемелерде қызмет етіп, көп жүк таси алған. Түнде жолдан адаспау үшін финикиялықтар жұлдыздарға қарап жүзуді үйреніп алған.

### Атаудың мағынасын біліп ал



**Финикия** – қазіргі Ливан мен Сирия мемлекеттерінің аумағының бір бөлігінде бар болған ежелгі мемлекет.<sup>1</sup>

### Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Неліктен ежелгі замандарда да сауда жолдары ашылған?
2. «Лағыл жолы» мен «Патша жолы» туралы не білдің?
3. Ұлы Жібек жолын ашу және оның дүниежүзі халықтарының өмірінде алған орны туралы әңгімелеп бер.
4. Ежелгі финикиялықтар ашқан теңіз сауда жолдары туралы не білдің?

### ӨЗ БЕТІМЕН ІСТЕЙТІН ЖҰМЫС

Өзбекстан қазіргі уақытта Қытай мемлекетімен жүргізіп отырған сыртқы саудасында қандай жолдарды пайдаланып отырғанын анықта.

## 19-§. ЖАҢА ТЕНІЗ САУДА ЖОЛДАРЫНЫҢ АШЫЛУЫ



**Теніз сауда жолдарына деген қажеттіліктің өсуі.** Б.з. XV ғасырдың соңы – XVI ғасырдың басында Еуропа континентіндегі мемлекеттерде жаңа сауда жолдарына деген сұраныс одан әрі артты. Бұның себебі не?

Біріншіден, XV ғасырдың соңы – XVI ғасырдың басында Еуропада тауар өндірісі жоғары қарқынмен дамыды. Ал бұл түрлі шикізаттарға деген талапты асырды. Бірақ Еуропа континентінің өзінде шикізат аз болатын. Сондықтан оның көлемі осындай талапты қанағаттандыра алмады. Бұдан тыс, Еуропадағы сауданың дамуы ақшаға деген қажеттілікті де өсірді. Көп мөлшерде ақша шығару үшін өте көп алтын мен күміс керек болды.

Бірақ Еуропада осындай құнды металдар аз болды. Сондықтан еуропалықтар оларды басқа континенттегі елдерден әкелуді ойлай бастады. Олардың санасын өзге өлкелер халықтарының алтын-күмістері мен байлықтарын иелеп алу керек деген, ой билеп алған болатын.

Алайда еуропалықтар Ұлы Жібек жолы, сондай-ақ Жерорта теңізі арқылы өтетін теңіз сауда жолын пайдалана алмайтын еді.

<sup>1</sup> ӨзҰӘ. – Т.: «ӨзҰӘ». 2008. 9-том, 252-бет).

Өйткені, бұл жолдар сол заманда еуропалықтардың ең басты бәсекелесі — Османдар мемлекетінің (Түркия) қолына көшкен еді. Сонымен бұл жолдар еуропалықтар үшін қауіпті болып қалды. Осындай жағдайда жаңа теңіз сауда жолдарын ашу керек болды. Сол заманда еуропалықтарда жаңа теңіз сауда жолдарын ашуға мүмкіндік беретін үлкен кемелер мен әскери қару болды.

Бұдан тыс, олар теңізде **компас** пен **астролябияны** пайдалана білген.

**Жаңа теңіз сауда жолдарын ашу.** Португалия мен Испания теңізшілері жаңа теңіз жолдарын ашуда бастамашы болды. Жаңа теңіз жолдарын ашу теңізшілерден, әрине, ерлікті де талап етті.

Жаңа теңіз сауда жолын ашуға бірінші болып Испания корольдығында қызмет еткен теңіз саяхатшысы адмирал Христофор Колумб жетекшілік етті. Ол Еуропадан Атлант мұхиты арқылы Үндістанға баратын теңіз жолын ашуды өз алдына мақсат етіп қойды.

Ақыры, 1492 жылғы жазда Х. Колумбтың басшылығымен 3 кеме Атлант мұхиты арқылы сапарға шықты. Сол жылғы октябрь айында саяхатшылар құрлыққа түсті. Х. Колумб Үндістанға жетіп келдім, деп ойлады. Бірақ ол Үндістанға емес, жаңа континентке — Америкаға келіп қалды. Сөйтіп Америка континентін ашты.



**Христофор Колумб.**

**Есте сақта!**

1492 жылғы 12 октябрь Америка континентінің ашылған күні ретінде тарихқа енді.

Х. Колумб ашқан өлкелер Испания корольдығының меншігіне айналды.

**Кейінгі ашулар.** 1498 жылы португалиялық саяхатшы Васко да Гама Атлант мұхиты арқылы Үндістанға баратын теңіз жолын ашуға қол жеткізді.

Кейінірек, басқа еуропалық саяхатшылар Австралия (Оңтүстік жер) континентін де ашты.

### Есте сақта!

Адамдардың өмір сүрген заманына дейін белгісіз болған жаңа жерлерді іздеп табу ұлы географиялық ашулар деп аталады.

**Дүниежүзі сауда байланыстары.** Ұлы географиялық ашулар арқасында жаңа сауда жолдары ашылды. Бұл жолдардың ашылғаны, өз кезегінде, дүниежүзі саудасын жарыққа шығарды. Нәтижесінде адамзат қоғамының дамуы одан әрі жеделдеді. Ұлы географиялық ашулардан кейін Англия ең маңызды теңіз сауда жолдарын бақылайтын мемлекетке айналды. Ал бұл оған дүние саудасында жетекшілік етуге жағдай жасады. Елдің астанасы – Лондон қаласы сауда кемелері тоқтайтын ірі портты қалаға айналды.



XV ғасырдағы Америка картасы.

### Атаулардың мағынасын біліп ал



**Адмирал (теңіз әміршісі)** – әскери теңіз флоты қолбасшыларына берілетін жоғары әскери атақ.<sup>1</sup>

**Астролябия** – XVIII ғасырға дейін белгілі бір жердің географиялық орналасуын, уақытын, жұлдыздардың шығу мен бату кезін анықтауда қолданылып келген аспап.<sup>2</sup>

**Компас** – дүниенің жақтарын анықтайтын, стрелкасы үнемі солтүстікке қарап тұратын аспап.<sup>3</sup>

**Порт** – теңіз я өзен жағалауындағы кеме тұратын әрі жөнделетін, жүк тиейтін әрі түсіретін, жолаушыларға қызмет ететін арнайы жабдықталған жер.<sup>4</sup>

### Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Қандай фактор еуропалықтардың алдына жаңа теңіз жолдарын ашу мәселесін үзілді-кесілді қойды?
2. Жаңа теңіз жолдарын ашуда Х. Колумб қандай рөл ойнады?
3. Португалиялық теңіз саяхатшылары жаңа теңіз жолдарын ашуға қандай үлес қосқан?
4. Ұлы географиялық ашулар деп нені айтады, оның тарихи маңызы қандай?

### ӨЗ БЕТІМЕН ІСТЕЙТІН ЖҰМЫС

Тәуелсіз Өзбекстан мемлекетінде теңіз сауда флотының жоқтығы қандай факторлармен түсіндіріледі? Бұған жауаптарыңды дайындап кел.

## 20-§. ӨНДІРІСТІК ТЕХНИКАНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ



**Өндірістік техника деген не?** Өндірістік техника деп, адам еңбегін жеңілдетіп, еңбек өнімділігін арттыруға жағдай жасайтын еңбек құралдарын айтады.

#### Есте сақта!

«Өндірістік техника» сөз тіркесінің орнына «машина» деген сөз де қолданылады.


<sup>1</sup> ӨзҰЭ. – Т.: «ӨзҰЭ». 2006. 1-том, 40-бет.

<sup>2</sup> ӨТТС. – Т.: «ӨзҰЭ». 2006. 1-том, 111-бет.

<sup>3</sup> ӨТТС. – Т.: «ӨзҰЭ». 2006. 2-том, 396-бет.

<sup>4</sup> ӨТТС. – Т.: «ӨзҰЭ». 2007. 3-том, 298-бет.

Техниканың алғашқы еңбек құралдарынан басты айырмашылығы сол, ол өндірісте адамның қол еңбегін азайтады немесе оған мүлде орын қалдырмайды. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Кетпен, соқа, шығыр, ұршық, шарықтау мен тоқу қондырғылары, жел диірмені және басқалар адамның қол еңбегін өте жеңілдетуге мүмкіндік беретін техниканы жасау жолындағы алғашқы жаңалықтар болды.



«Дженни» механикалық жіп иіретін машинасы.

**Өнеркәсіптегі өндірістік техниканың пайда болу себептері.** Өнеркәсіп – шаруашылықтың шикізаттан дайын өнімді техниканың жәрдемімен өндіретін саласы. Өнеркәсіптегі өндірістік техника XVIII ғасырға қарай алғаш Англияда қолданылды. Бұған қандай факторлар себеп болды? Сол заманда Англияда өндіріс тез қарқынмен дамыды. Оның ірі әскери теңіз және

сауда флоты бар еді. Бұл жағдай оған шетелге көбірек мөлшерде тауар шығарып сатуға мүмкіндік берді. Англияның іскер адамдары шетелдерге бұрынғыдан да көп, бірінші кезекте, ең өтімді тоқыма өнеркәсіп өнімдерін сатуға және осыдан қыруар табыс тауып, байып кетуге ұмтылды. Сондай-ақ Англия басып алған өлкелердің есебінен мол шикізат көздерін де иеленіп алды. Мұның нәтижесінде Англия іскерлерінің байлықтары үсті-үстіне көбейіп барды. Бірте-бірте олардың қолында көпшілік тұтынатын тауарлар өндіретін фабрикалар құруға, онда озық техника жетістіктерін пайдалануға мүмкіндік беретін мол ақша жиналды. Сөйтіп Англияда өндіріс техникасын (машиналар) ойлап табу заман талабына айналды.

**Ұлы ашулардың басталуы.** Англияда өндірістік техника саласындағы ашулар алғаш тоқымашылық саласынан басталды. Бұған сапалы маталарға деген сұраныстың одан әрі артуы себеп болды. Бұл сұранысты тек өндірістік техниканың (машиналар) көмегімен қанағаттандыруға болатын еді. Алғашқы жаңалық XVIII ғасырда ашылды. Өйткені, 1733 жылы механик әрі тоқымашы Джон Кей тоқу станогын ойлап тапты. Бұл жаңалыққа дейін тоқымашы өрмекті келебе жіптер арасынан өзі өткізіп тұруға мәжбүр еді. Ал

осы жаңалықтан кейін тоқымашы істі аяқ құрылғысын басып тұру жолымен орындайтын болды. Сөйтіп Джон Кейдің жаңалығы еңбек өнімділігін екі есе арттыруға мүмкіндік берді. Сол заманда Англияда иірілген жіпке де сұраныс артты. Бұл, өз кезегінде, Джеймс Харгривстің бір уақыттың өзінде 15–18 жіп иіріп істейтін механикалық ұршықты ойлап табуға себеп болды. Ол бұл жаңалығын қызының атымен «Дженни» деп атады. Енді фабрика иелеріне иірілген жіптерден мата тоқитын техника да қажет болды. Бұл мәселені Эдмунд Картрайт шешті. Ол механикалық тоқу техникасын ойлап тапты. Бұл техника тоқымашының еңбек өнімділігін 40 есе асырды.

**Бу машинасын ойлап табу.** Фабрикалық өндірістің өнімділігін асыру үшін, тек су бар жерде ғана емес, қалаған жерде істетуге болатын техника керек болды. Тез арада осындай техниканы ағылшын Джеймс Уатт ойлап тапты. Бұл – бірінші қозғалтқыш (мотор), яғни қозғалысқа келтіретін техника еді. Қазіргі заманғы жеңіл автомобильдің қозғалтқышын (моторын) көз алдына келтір. Қозғалтқышты жүргізген соң, ол бензин я газбен қозғалысқа келеді. Джеймс Уатт жасаған заманда бензинді я газды пайдалану жаңалығы әлі ашылмаған еді. Сондықтан алғашқы қозғалтқыш бу күшімен қозғалысқа келтірілді де, оны бу машинасы деп атады. Бу суды қайнату жолымен шығарылды. Жіп иіретін және иірілген жіптерден мата тоқитын техникалар сол бу машинасының күшімен қозғалысқа келтірілді. Бұл оқиға сол заманның өте зор жетістігі еді. Бу машинасын ойлап табу кейінірек көлік техникаларына арналған қозғалтқыштың жаратылуына әкелді. XVIII ғасырда жүзеге асырылған осындай ашулар Англияны дүниежүзіндегі ең өркендеген мемлекетке айналдырған себеп болды.

### Атаулардың мағынасын біліп ал



**Механик** – техника жасаушы, техниканы бақылайтын және жүргізетін адам.<sup>1</sup>

**Фабрика (шеберхана)** – шикізаттан дайын өнімді техникалық қондырғылардың көмегімен істеп шығаратын өнеркәсіптік кәсіпорын.<sup>2</sup>

<sup>1</sup> ӨТТС. – Т.: «ӨзҰӘ». 2006. 2-том, 584-бет.

<sup>2</sup> ӨТТС. – Т.: «ӨзҰӘ». 2008. 4-том, 317-бет.

Бу – судың (сұйықтың) газ тәрізді күйі.

**Көлік** – жүк я жолаушы таситын құралдар (мысалы, автомобиль, автобус, пойыз, ұшақ т.б.).

### Сұрақтар мен тапсырмалар



1. «Өндірістік техника» деген ұғымның мағынасын түсіндіріп бер.
2. XVIII ғасырдағы Англияның техника саласында қандай факторлар ұлы жаңалықтар ашуға себеп болды?
3. Джон Кей мен Джеймс Харгривс жүзеге асырған жаңалықтардың ұқсас және өзгеше жақтарын анықта.
4. Э. Картрайт жүзеге асырған жаңалықтың маңызы туралы не білдің?
5. Бу машинасын ойлап табуға не себеп болды және оны неліктен бу машинасы деп атады?

### ӨЗ БЕТІМЕН ІСТЕЙТІН ЖҰМЫС

Қазіргі таңда отынның қандай түрімен істейтін қозғалтқыштар (моторлар) қолданыс тапқанын, оларды нелерде қолданып жатқанын анықта.

## 21-§. КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ОЙЛАП ТАБЫЛУЫ



**Бу машинасын пайдалану саласының кеңеюі.** Көп уақыт өткесін конструкторлар мен өнертапқыштар бу машинасын басқа салаларда да қолдануға әрекет жасады.



**Бірінші кеме.**

Ақыры 1807 жылы америкалық механик Роберт Фултон бу күшімен қозғалатын, ескіш дөңгелегі бар бірінші кемеңі жасады.

Ұзындығы 40,5 метр, ені 5,5 метрге жуық болған бұл кеме «Клермон» деп аталды.

Кемеңі жүргізіп, сынап көретін күңі өте көп адам жиналды. Олар тамашалауға келген еді. Сол күнге дейін пайдаланып келген желкенді кемелер тек жел соққанда жүзетін болған.

Ал Р. Фултон жасаған кемеңің желге қарсы да жүзе алатынын көрген көрермендер таңқалған. Сынақ кезінде кеме сағатына 8 км

жылдамдықпен жүзген. Сөйтіп, теңіз кемесін жасау бірте-бірте желге тәуелді болмайтын болды. Кемелер барынша жетілдіріле түсті.

Тез арада бүкіл дүниелік маңызы бар оқиға болды. Кеме бірінші рет Атлант мұхитынан жүзіп өтіп, 26 күннен кейін Америкаға жетті.

Сол кезде Христофор Колумб бұл жерге желкенді кемелерінде 70 күннен кейін жетіп келген еді. Бу машинасын пайдалану кеме жасаумен аяқталған жоқ. 1814 жылы ағылшын конструкторы әрі өнертапқышы Джордж Стефенсон бу күшімен қозғалатын бірінші паровоз жасады.

Паровозды темір рельсте жүргізіп сынап көргенде, ол 8 вагонды тарта отырып, сағатына 10 км жылдамдықпен қозғалды.

#### Қосымша мәлімет

Дж. Стефенсон жасаған бірінші көлігі – паровоз «Блюхер» деп, ал кейінірек жетілдірілген түрі «Ракета» деп аталды.

**Дүниеде теміржолдар құрудың басталуы.** Теміржолдар құрылысы неліктен қажет болды? Англиядағы порттарға тәуелді өлкелерден өте көп мөлшерде шикізат тасып әкелінді.



**Бірінші паровоз.**

Оларды мемлекеттің түрлі қалаларында құрылған тоқымашылық фабрикаларына тез әрі арзан бағаға жеткізіп беру, ал фабрикаларда өндірілген дайын өнімдерді мемлекет порттарына солай қайта тасымалдау қажеттілікке айналды. Бұл қажеттіліктен теміржолдар салына бастады.

Ақыры, 1825 жылы Джорж Стефенсон екі қаланы байланыстыратын алғашқы теміржолды құрды. Төрт жыл өткен соң ол Англияның екі танымал қалалары – Манчестер мен Ливерпуль арасында екінші теміржолды да құрды. Кейінірек алғашқы халықаралық теміржол да салынды.



Можайский ұшағы.



Ағалы-інілі Райттар ұшағы.



Қазіргі заманғы ұшақтар.

Бұл жол Лондон қаласын Түркияның Стамбул қаласымен байланыстырды. Теміржолдар кейінірек әлемнің басқа елдерінде де салына бастады.

**Ұшақтың (самолет) пайда болуы.** Адамзат ерте заманнан бастап аспанға ұшуды армандап келген. Оның бұл арманы ХІХ ғасырдың соңы – ХХ ғасырдың басына қарай орындалды.

Орыс ғалымы Александр Федорович Можайский 1885 жылы екі бу қозғалтқышы бар бірінші ұшақты жасады.

#### Есте сақта!

Самолет (орысша сөз, *сам* – өзім, *летать* – ұшу) – өзінен-өзі ұшатын, ауадан ауыр машина.

Ғалымдар мен конструкторлар қозғалтқышы (бензин, керосин сияқты) жанармаймен істейтін ұшақ жасау туралы әбден бас қатырды.

Ақыры, 1902 жылы америкалық ағалы-інілі Уилбер мен Орвилл Райттар дүниежүзіндегі алғашқы осындай ұшақ жасады. Олар 1903 жылы 3 метр биіктікте алғашқы ұшуды жүзеге асырды. Бұл ұшу не бары 12 секунд-ақ болды. Сол уақыт ішінде 30 метр аралық басып өтілді.

Ұшу уақыты өте қысқа болса да, бұл зор тарихи маңызы бар оқиға еді. Өйткені, бұл да әрі ұшып, әрі қонған алғашқы нағыз ұшу болды. Кейінгі жылдары ағалы-інілі американдар ұшақты барынша жетілдіріп, сағатына 60 км жылдамдықпен ұшатын ұшақ жасады.

Ал 1913 жылы ресейлік конструктор Игорь Сикорский «Русский витязь» (Орыс балуаны) деп аталған ғажайып ұшақ жасады. Ол 4 қозғалтқышы бар дүниедегі тұңғыш ұшақ еді.

Қазіргі күнде ұшақ миллиондаған адамдардың алысын жақын етіп келеді. Мындаған тонна жүк тасылуда.

Олардың арасында «Узбекистон хаво йуллари» авиакомпаниясының ұшақтары да бар.

### Атаудың мағынасын біліп ал



**Вагон** — теміржолмен жолаушы я жүк тасуға арналған дөнгелегі бар арнайы құрылғы.<sup>1</sup>

**Конструктор** — машиналар мен ғимараттардың жобасын жасайтын маман.<sup>2</sup>

**Пароход** — бу күшімен істейтін кеме.<sup>3</sup>

**Паровоз** — бу күшімен істейтін қозғалтқышы бар болып, вагондар тартуға арналған машина.<sup>4</sup>

### Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Америкалық Р. Фултон мен ағылшын Дж. Стефенсондардың ашқан жаңалықтарын айтып бер.

2. Қандай факторлар Англияда алғашқы теміржол салуға себеп болған?

3. Негізгі көлік құралдарының бірі — ұшақтың жасалу тарихы туралы не білдің?

### ӨЗ БЕТІМЕН ІСТЕЙТІН ЖҰМЫС

«Ўзбекистон хаво йуллари» жөнінде ата-анаңмен сұхбаттас. Сұхбат кезінде Өзбекстанда ұшақтардың қандай маркасы қолданылып отырғанын да анықта.

## 22-§. БАЙЛАНЫС ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ОЙЛАП ТАБЫЛУЫ



**Телеграфтың ойлап табылуы.** Телеграф түрлі хабарларды алыс жерге жазусыз тез жіберуге арналған құрылғы. Мұндай құрылғыны бірінші болып 1832 жылы орыс ғалымы Павел

<sup>1</sup> ӨТТС. — Т.: «ӨзҰЭ». 2006. 1-том, 430-бет.

<sup>2</sup> ӨТТС. — Т.: «ӨзҰЭ». 2006. 2-том, 401-бет.

<sup>3</sup> ӨТТС. — Т.: «ӨзҰЭ». 2007. 3-том, 227-бет.

<sup>4</sup> ӨТТС. — Т.: «ӨзҰЭ». 2007. 3-том, 226-бет.

Шиллинг ойлап тапқан. Бұл құрылғы хабарларды нүктелер мен сызықшалар (тире) көрінісінде жіберген.

1837 жылы америкалық ғалым Сэмуэль Морзе де осындай құрылғы және онда пайдаланылатын арнайы әліпби жасады. Бұл әліпби тарихқа «Морзе әліппесі» деген атпен енген.

Бұл әліпбидегі әріптердің орнына нүктелер мен сызықшалар қолданылады.

Мысалы, нүкте мен бір сызықша «А» әрпін; сызықша мен үш нүкте «Б» әрпін; нүкте, сызықша мен тағы екі нүкте «В» әрпін білдірген. Осындай әліпби дүниедегі халықтарға көп жылдар бойы қызмет етті. Ал қазір ол теңіз апаты болғанын хабарлау үшін осы кезге дейін пайдаланылады.

Теңіз апаты болғанын білдіретін белгі «SOS» екендігін сен бәлкім білетін шығарсың.

Теңіздерде апатқа ұшыраған кемелер «SOS» хабарын жіберу үшін «Морзе әліпбиіндегі» «Үш нүкте, үш сызықша, тағы үш нүкте» белгісін – (сигнал) жібереді.

Бұл белгілерді қабылдап алған басқа кеме яки жағалаудағы құтқарушы топ жедел жәрдемге жетіп келіп, құтқару шараларын қолданады. Халықаралық ережелерге осындай тәртіп орнатылған.

#### **Есте сақта!**

Апат туралы теңізге жіберілген хабарды қабылдап алу үшін әр 5 минутта «радиотыныштық» уақыты енгізілген.

Морзе құрылғысында нүктелер мен сызықшалар телеграф кілтiнiң жәрдемімен жіберілген. Хабар беруші кілтті басқанда құрылғыдағы батарея қондырғысының желісіне ток береді.

Электр тогы сұйық бояудың ішіне батырылған дөңгелекті (әріп басушыны) қозғалысқа келтіреді.

Ал дөңгелек таспаға ұқсатып дайындалған қағазға әріптердің белгісін түсіреді.

Егер кілтті басып, бірден қоя берсе, «нүкте» белгісі, ал біраз басып тұрса «сызықша» белгісі түсіріледі. Әрбір белгінің қай әріпті білдіретінін біліп алған адам, «Морзе әліпбиі» бойынша жазылған жазуды оңай оқи алады. Қазіргі Морзе әліпбиіне бейімделген



**Телетайп құрылғысы.**

телеграф құрылғысының орнына телетайп құрылғысы пайдаланылады.

**Зер салып оқы!**

**Телетайп** – жазу машинкасына ұқсас клавиатуралы, алыстан жіберілген ақпараттарды қағаз таспаға автоматты түрде жазып алатын механизмді телеграф аппараты.

Телетайптың кілті жоқ болса да, баспа машинасындағыдай немесе компьютердегідей әріп басқыштары бар. Хабар жіберуші таратқыш құрылғыға хабардың мәтінін жазады.

Ал қабылдаушы құрылғы хабарды қағаз таспаға (лентаға) жазып алады. Ғалымдардың ізденуі нәтижесінде бұл құрылғы жетіл-



**Қазіргі заман телефон  
аппараттары.**



**Александр Степанович  
Попов.**

дірілді. Қазіргі уақыттағы қолайлы байланыс құралдарының тағы бірі — факс. Ол мәтінді, кестені, суретті т.с.с. хабарларды қандай болса, нақ сондай етіп белгіленген мекенжайға жеткізіп береді. Байланыстың осынау құралы барша ірі кәсіпорындар мен ұйымдарда дерлік бар.

Факс құрылғысы тағы көптеген нәрселерге қабілетті. Мысалы, ол қалаған суреттің немесе құжаттың көшірмесін (копия)да алуы мүмкін. Бұдан тыс, қалаған тілде жазылған хабарды да қабылдай береді.

**Телефонның жасалуы.** Қазіргі заманда барлық жанұялардың дерлік кем дегенде бір ұялы телефон аппараты бар.

Ол хабар жіберуге және қабылдауға өте қолайлы. Бір сөзбен айтқанда, адамдардың алысын жақын ететін жақсы «қолғанат». Қош, бұл «қолғанаттың» алғашқы жасалған түрі, телефон аппараты қашан пайда болған?

Алғашқы телефон аппаратын 1876 жылы Англияда туылып, Америкада өмір сүрген А. Белл жасаған. Кейінірек дүниедегі

басқа елдердің өнертапқыштары оны барынша жетілдірді. Қазіргі күнде адамдар дүниежүзінің қалаған бөлігімен телефон арқылы байланыса алады.

**Радионың тарихы.** Радионың не екенін бәріміз жақсы білеміз. Түрлі хабарлар таратуда оның маңызы өте үлкен. Дүниедегі бірінші радионы орыс ғалымы Александр Степанович Попов 1895 жылы жасады.

Сол жылғы 7 майда Ресей астанасы Петербург қаласында ол өзінің радиосын ұсынды. Александр Степанович Попов кейінірек дүниеде тұңғыш рет хабарды радио арқылы әуелі 250 метрге, кейін 45 км-ге, ақыр аяғында 150 км-ге жіберді.

Радиоға сымдардың керегі де жоқ. Радиотолқындарға ешқандай аралық кедергі бола алмайды.

### Есте сақта!

Радиотолқындар секундына 300 мың км жылдамдықпен таралады.

Сені мен біз тамашалап отыратын теледидардағы телебағдармалар да радиотолқындар арқылы экранға жетіп келеді.

Қазіргі уақытта радионың маңызы өте үлкен. Ұшақтар радио байланысы арқасында қауіп-қатерсіз ұшады. Ғарышқа ұшқан ғарыштық ракеталармен де радиотолқындар арқылы тұрақты байланыс орнатылады.

Иә, радионың қызметі шексіз. Сондықтан да адамдар орыс ғалымы Александр Степанович Поповтың есімін құрметпен тілге алады.

### Атаулардың мағынасын біліп ал



**Факс** (орында) – мәтін, кесте, сурет т.б. бейнелерін телефон желісі арқылы жіберу.<sup>1</sup>

**Радио** (таратамын) – хабарларды радиотолқындар арқылы сымсыз жіберетіп, қабылдайтын құрылғы.<sup>2</sup>

### Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Адамдар үшін телеграфты ойлап табудың маңызы қандай болды?
2. «SOS» хабарын жіберу үшін Морзе әліпбиі бойынша терілетін белгілерді атап өт.
3. Телефонның пайда болуын, сондай-ақ оның адамдар өмірінде алған орнын айтып бер.
4. Радионы жаратудың маңызы қандай болды?

### ӨЗ БЕТІМЕН ІСТЕЙТІН ЖҰМЫС

Мектептегі оқушылардың ұялы телефонды пайдалану ережелерін қаншалықты білетінін дәптеріңе жаз.

<sup>1</sup> ӨТТС. –Т.: «ӨзҰӘ». 2008. 4-том, 59-бет.

<sup>2</sup> ӨТТС. –Т.: «ӨзҰӘ». 2007. 3-том, 337-бет.



## VI тарау. ОТАНЫМЫЗДА ЖӘНЕ ЕУРОПАДА БІЛІМ- ҒЫЛЫМНЫҢ ӨРКЕНДЕУІ

### 23-§. МЕКТЕП – БІЛІМ ОШАҒЫ



**Мектептің адам өміріндегі орны.** Мінеки, бес жыл бойы Сен мектептің сыныптастарың мен өзіңнің жеке өмірінде қандай орын иелейтінін түсіне бастадың.

#### Есте сақта!

«Мектеп»— араб сөзі, араб тілінен қазақ тіліне аударғанда «оқу орны», «жазуға үйрететін орын» деген мағынаны білдіреді.

Адамдар мектептерде сауатқа үйренеді. Олар бұл жерде әртүрлі ғылымдар бойынша білім алады.

Мектепте барша пәндер бойынша өте жақсы оқыған оқушылардың өмірде қандай табыстарға қол жетіп отырғанын өзің көріп тұрсың. Сондай-ақ «Умид нихоллари» спорт жарыстарында, «Зулфияханым қыздары» конкурстарында яки ғылымдар бойынша өткізілген халықаралық пән олимпиадаларда жеңіп шыққан отандастарымызды еске түсірші. Олардың бәрі мектепте өте жақсы оқыған.



**Мектеп (XX ғасырдың басы).**

Өткен заманда дүниежүзі ғылымын дамытуға салмақты үлес қосқан ата-бабаларымыз да мектепте өте жақсы оқыған. Сондай-ақ, сенің келешекте қандай адам болып жетілуің, қазір мектептегі оқудан қандай баға алуыңа байланысты.

<sup>1</sup> ӨТТС. –Т.: «ӨзҰӘ». 2006. 2-том. 532-бет.

Мектеп, сонымен бірге, тәрбие беретін орын болып та табылады. Әрқашан осылай болған, қазір де солай. Мектептерде тәлім-тәрбие беріп отырған кісілердің мұғалім, ұстаз яки жетекші деген сөздермен аталатынын сен жақсы білесің. Оларды бір сөзбен педагог деп те атайды.

### Мынаны есте сақта!

«Педагог» – грек сөзі болып, «баланы жетелеп жүретін кісі» деген мағынаны білдіреді.

Ежелгі Грецияда құл иеленушілердің балаларын мектепке жетелеп жүрген адамдарды *педагог* деп атаған. Тұңғыш мектептер Египетте, Вавилонда, Қытай мен Үндістанда, Орта Азияда, ал Еуропада Греция мен Рим мемлекеттерінде пайда болған. Мектептер алғаш ғибадатханаларда қызмет көрсеткен.

Алғашқы мектептер әрине, қазіргі заманғы мектептердей болмаған. Балаларды мектепке қабылдаған кезде олардың жасы есепке алынбаған.

Балаларды жасына қарай сыныптарға бөліп оқыту, сабақ жаттығуларын кесте бойынша ұйымдастыру әдісі алғаш рет XVII ғасырдағы Еуропада қолданыс тапты. Бұндай жаңалықтың негізін салған атақты ғалым чех Ян Амос Коменский болды.

**Орта Азиядағы білім беру жүйесі.** Орта Азияда, соның ішінде біздің елімізде балалардың тәлім-тәрбиесіне үлкен назар аударылып келген.

Мектепте балаларды сауатқа үйретумен бірге олардың рухани және дене тұрғысынан да тәрбиесіне айрықша көңіл бөлінген. Бұны хорезмдік бабамыз Зардушттың «Тәрбие өмірдің ең маңызды тірегі» деген сөздері де растайды.



Ян Амос Каменский.

<sup>1</sup> ӨТТС. –Т.: «ӨзҰӘ». 2007. 3-том. 245-бет.

VIII ғасырда арабтар елімізді басып алған соң, бұл жерде араб әліпбиі енгізілді. Мектептерде оқыту араб жазуына сүйеніп жүргізілді. Ұл және қыз балаларға арналып, бөлек-бөлек бастауыш білім беретін мектептер ашылды. Олар *мектепхана* деп аталған. Ұл балаларға арналған мектептердің көбі мешіттердің қасында, ал қыздардың мектептері мұғалималар үйлерінде ашылған. Ұл балаларға сабақ беруші адам еркек мұғалім деп, ал қыздарды оқытқан әйел мұғалім мұғалима деп аталған. Балаларды мектепханаға 5–6, кейде 7–8 жастан қабылдаған. Оқу мерзімі 5–8 жылға созылған. Мектепханаларда балаларды оқу-жазуға үйретіп, медресеге түсуге дайындаған.

**Қарихана (медресе).** Оқу-жазу дағдысы, жаттауға қабілеті бар күшті және даусы өте әсерлі болған ұл балалар 10 жасынан бастап медреселерге қабылданған. Медреседегі оқушылар негізінен Құран Кәрімді жаттап, әуезділікпен оқуға үйренген. Оларға әуезділігі күшті, қарилер сабақ берген. Мұндағы оқу барысы 3–4 жылға созылған. Соңыра болаша қарилер емтихан тапсырған.

Қабілеті зор оқушыға «қарилер қарисы» деген атақ берілген. Содан соң олар халыққа және дін жолында қызмет еткен. Қалған оқушылар қалауынша медреседегі оқуын жалғастырған.

Медреселер негізінен мемлекеттік басқару қызметшілерін және діни ғұламалар дайындаған. Еліміздегі алғашқы медресе X ғасырда Бұхара қаласында ашылған. Медреселердегі оқуға барысы шәкірттің үлгеріміне қарай 7–12 жылға созылған.

Медресе оқытушылары *мүдәріс* деп аталған. Діни білімдерден тыс, медреселердегі шәкірттерге астрономия, математика, медицина, химия, география, тарих, әдебиет, көркем жазу, музыка, мораль, шешендік өнері, коммерция сияқты пәндерден сабақ берілген.



**Өзіңді сынап көр**

◆ Мектеп – .... .

◆ Педагог – ... .

**Хорезм Мамун академиясы.** Не ол, не бұл елдегі ғылым мен білімнің дамуы мемлекет басшысының ғылым саласында алған жолына байланысты болған. Яғни, егер жоғарғы билеуші ғылымға демеушілік жасаған болса, ғылым гүлденіп дамыған.

Егер ғалымдарға қамқорлық көрсетілген болса, олар ғылым саласында үлкен жаңалықтары жүзеге асырған.

Біздің тарихымыз барысында Хорезмшахтар мемлекетін төрт әулет басқарған. Олардан екіншісі – мамунилер әулеті үстемдік еткен заманда (995–1017 ж.ж.) ғылым мен білімге өте зор көңіл бөлінді.

Әулеттің соңғы билеушісі Хорезмшах Мамун ибн Мамун (999–1017 ж.ж.) әсіресе осы жолда тарихта өшпес із қалдырды. Ол өз заманындағы ғылымдардың бәрін жақсы меңгеріп алған еді. Сондай-ақ ол ғылым мен мәдениетті дамытуға демеушілік те жасаған. Оның демеушілігі мен басшылығы арқасында 1004 жылы мемлекеттің астанасында «Дорул хикма ва маориф» деген ғылым орталығы құрылды.

Кейінірек ғалымдар оны «Хорезм Мамун академиясы» деп атаған. Бұл білім ошағында Әбу Насыр ибн Ирак, Әбу Райхан Беруни, Әбу Әли ибн Сина, Абулхайыр ибн Хаммор сынды сол заманның ондаған ұлы ғұламалары қызмет еткен.



**Мамун академиясы.**

### **Мынаны есте сақта!**

«Ғылым – адамдардың қажетін ондауға қызмет етсін» деген сөз академиядағы ғұламалардың ұраны болған.

Академия ғұламалары математика, астрономия, жертану, география, медицина, құқықтану сияқты ғылымдармен шұғылданған. Олар осы салаларда дүниежүзі ғылымын дамытуға үлкен үлес қосты. Өкінішке орай, академия бар жоғы 14 жыл әрекет етті.

1017 жылы Хорезмшах мемлекеті өз тәуелсіздігінен айырылған соң, академияның қызметі тоқтатылды.



### **Өзінді сынап көр**

◆ Мамун ибн Мамун – ... . ◆ 1004 жылы – ... .

1997 жылы Өзбекстан Президенті Ислам Каримовтың Хорезм Мамун академиясын қайта қалпына келтіру жөніндегі жарлығы жарияланды. Иә, мың жылдан сәл кемірек уақыт өткесін солай болды. Әрине, академияны қалпына келтіруден бірнеше ғылыми-

практикалық мақсаттар көзделген болатын. Бірақ, солардың арасында Сен сияқты жас ұрпақтың жүрегінде мақтаныш, өткен тарихымызға құрмет сезімін ояту – ерекше орын алады. Қайта өркендеген академия Өзбекстан Ғылым Академиясының бөлімі ретінде қызмет етеді. Оның құрамында археология, тарих, тіл, әдебиет, биология сынды бөлімдер құрылған. 2006 жылы еліміз Хорезмдегі Мамун академиясының 1000 жылдығын атап өтті.<sup>1</sup>

### Атаулардың мағынасын біліп ал



**Академия** – атақты ғалымдар жиналған ғылыми орталық.<sup>2</sup>

**Ғұлама** – білім мен ғылымның бірнеше салаларын меңгеріп алған тұлға.<sup>3</sup>

**Мешіт** – ислам дінін ұстанушылардың намаз оқуға жиналатын жері.<sup>4</sup>

**Ғылым** – дүние жөніндегі білімдер жинағы.<sup>5</sup>

### Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Неліктен Сен мектебіңде өте жақсы оқуға және сұлу мінезді болуға тиістісің?
2. Алғашқы мектептер туралы не біліп алдың? 78-беттегі суретке қарап, қазіргі мектепті ескі мектеппен салыстыр.
3. Медреселер қай мақсатпен ашылған еді?
4. Хорезм Мамун академиясының ашылуы, онда қызмет еткен ғұламалар туралы әңгімеле.
5. Өзбекстанның тәуелсіздігі жылдарында қайта өркендеген Хорезм Мамун академиясы туралы не біліп алдың?

## 24-§. ЕЛІМІЗДІҢ ҰЛЫ ҒҰЛАМАЛАРЫ



**Анық және жаратылыс ғылымдарының дамуы.** IX–XII ғасырларда еліміздегі білім мен ғылым шырқау шыңына жетті. Сол кезде өмір сүріп, шығармашылықпен шұғылданған ұлы бабаларымыз дүниежүзі ғылымын дамытуға салмақты үлес қосты. Олар әсіресе анық және жаратылыс ғылымдарын дамытуға қосқан

<sup>1</sup> Қ. Ражабов және басқ. Өзбекстан тарихының ең маңызды күндері. – Т.: 2012. «Өзбекстан» БПШҮ. 410-бет.

<sup>2</sup> ӨТТС. –Т.: «ӨзҰӘ». 2006. 1-том, 61-бет.

<sup>3</sup> ӨТТС. –Т.: «ӨзҰӘ». 2006. 1-том, 72-бет.

<sup>4</sup> ӨТТС. –Т.: «ӨзҰӘ». 2006. 2-том, 550-бет.

<sup>5</sup> ӨТТС. –Т.: «ӨзҰӘ». 2008. 4-том, 324-бет.

шексіз үлестерімен өз есімдерін мәңгі сақтап қалды. Осынау мәңгі есте сақталып қалғандардың тізімі ұлы бабамыз **Мұхаммед ибн Мұса әл-Хорезмидің** есімінен басталады.

Әл-Хорезми 783 жылы Хорезмдегі Хиуа қаласында туылған. Алғашқы білімін Хиуа қаласында алып, озық ғалым болып жетілді. Кейін сол замандағы Орта Азияда ірі ғылыми орталық болған Мавр қаласында (қазіргі Түрікменстандағы қала) қызмет етті. Кейінірек Бағдад қаласындағы (қазіргі Ирак мемлекетінің астанасы) «Байт-ул-хикмат» ғылыми орталығында қызметін жалғастырды. Ол өзінің ең ірі еңбектерінің бірінде, үнділер ашқан «0-дан» «9-ға» дейінгі он цифрымен кез келген санды жазуға болатынын, оның күрделі рим цифрларынан қолайлылығын дәлелдеп берді. Төрт амал: қосу, айыру, көбейту және бөлу ережелерін жасады.

Әл-Хорезми Сен 7-сыныптан бастап үйренетін алгебра пәнінің негізін қалады. Оның осы пәнге арнап жазған еңбегі қысқаша «Ал-жабр вал муқобала» деп аталады.

Әл-Хорезмидің бұл еңбегі XII ғасырдан бастап Еуропаға жайыла бастады. Еуропадағы кейбір халықтар «ал-жабр» сөзінің орнына «алгебра» сөзін қолданған. Ал ғұламаның өз есімі математика пәнінде көп қолданылатын «алгоритм» атауында сақталды (бұл туралы жоғары сыныптарда оқисың). Жер жүзінде ғылымның атауына өз есімін немесе еңбегінің атын берген ғұламалар өте аз. Сен мұны мақтан етсең арзиды. Әл-Хорезми 850 жылы Бағдад қаласында көз жұмған.

**Ахмед әл-Ферғани.** Дүниежүзі ғылымын дамытуға мол үлес қосқан тағы бір ұлы бабамыз Ахмед Әл-Ферғани 797 жылы Ферғанадағы Кува қаласында туылды. Ол жастайынан ғылым негіздерін терең үйренді. Білімін одан әрі жетілдіру үшін сол кездегі Орта Азияда ең ірі білім орталығы Мавр қаласына келеді. Содан соң Бағдад қаласындағы «Байт-ул-хикматта» астрономия, математика,



Әл-Хорезми.



Рим цифрындағы қосу амалы.



**Ахмед әл-Ферғани.**


Президентіміз Ислам Каримовтың бастамасымен 1998 жылы ұлы бабамыздың 1200 жылдығы тек Өзбекстанда ғана емес, дүниежүзі деңгейінде кең атап өтілді.



**Өзіңді сынап көр**

◆ Әл-Хорезмидің әйгілі еңбегі – ... .

◆ Алфраганус – ... .



**Әбу Райхан Беруни.**

**Әбу Райхан Беруни (973–1048).** Әбу Райхан Беруни бабамыз да – дүниежүзі ғылымын дамытуға салмақты үлес қосқан ұлы ғұлама. Ол Хорезмдегі Кат қаласында туылған. Өте зерек Беруни Хорезмдегі Мамун академиясында жұмыс істеді. Ол әсіресе, астрономия, математика, физика, минералтану, география, тілтану, тарих сияқты пәндерді терең меңгерді. Сондай-ақ, өзі де сол пәндердің дамуына үлес қосты.

Бізге Беруниден көптеген шығарма мұра етіп қалған. Олардың арасында астрономияға қатысты еңбектің маңызы орасан зор. Оның «Ежелгі халықтардан қалған жәдігерліктер» және «Үндістан» шығармалары тарих пәнінің құнды дереккөзі болып саналады. Ол «Үндістан» атты еңбегінде Амери-


ка континентінің бар екенін болжамды айтқан еді. Еуропалық саяхатшы ғалымдар Беруниден 500 жылдан дерлік кейін сол континенттің бар екенін іс жүзінде дәлелдеді.

### Мынаны оқы!

«XI ғасыр Берунидің ғасыры», – деп жазған АҚШ-тың ғылымдар тарихымен шұғылданатын ғалымы Джорж Сартон.

**Әбу Әли ибн Сина.** Өткен заманда «ғалымдар төрағасы» деп дәріптелген, ұлы ғұлама Әбу Әли ибн Сина 980 жылы Бұхара қаласына таяу Афшона қыстағында туылған.

Ибн Сина өз заманының барша білімдерін ұқыпты меңгерді. Дүниежүзі Ибн Синаны алдымен медицинаның ұлы ғұламасы деп таныды. Оның медицинаға қатысты еңбегі «Медицина заңдары» деп аталады. Бұл шығарма Еуропада латын тілінде шығарылып, Ибн Синаны Еуропада «Авиценна» атымен мәшһүр етті.



Әбу Әли ибн Сина.

«Медицина заңдары» XVII ғасырға шейін Еуропа мемлекеттері университеттерінде оқулық ретінде қолданылды. Оның есімі жер жүзінде осы күнге дейін мәшһүр болып қалуда.

2000 жылы Еуропадағы Бельгия мемлекетінде оның құрметіне мүсіннің орнатылғаны бұның тағы бір дәлелі.



### Өзінді сынап көр

- ◆ Беруниден тарихқа қатысты ... туындылар қалған.
- ◆ Ибн Сина ... деген атпен дәріптелген.

### Сұрақтар мен тапсырмалар



1. IX–XII ғасырлар еліміз ғылымының дамуында қандай орын алды?
2. Әл-Хорезмидің математика ғылымын дамытуға қосқан үлесін неден көруге болады?
3. Ахмед әл-Ферғанидің дүниежүзі ғылымының дамуына қосқан үлесі туралы не біліп алдың?

4. Америкалық ғалым Дж. Сартон: «XI ғасыр Берунидің ғасыры», деп жазғанда оның неге сүйенгені жөнінде ойлап көр.
5. Ибн Синаның дүниежүзі медицинасын өркендетуге қосқан үлесін айтып бер.

### ӨЗ БЕТІМЕН ІСТЕЙТІН ЖҰМЫС

(Кестені толтыр)

Р/н	Ұлы ғұламалар	Туылған жері мен жылы	Қызмет еткен орындары	Жазып қалдырған мәшһүр туындылары	Өлген жылы мен орны	Туған жылына байланысты атап өтілген жылдар
1.	Әл-Хорезми					
2.	Ахмед әл-Ферғани					
3.	Беруни					
4.	Ибн Сина					

## 25-§. МЫРЗА ҰЛЫҚБЕК ЖӘНЕ ОНЫҢ АКАДЕМИЯСЫ



**Мырза Ұлықбектің балғын шағы.** XIV–XV ғасырлар Ота-нымыздың білімі мен ғылымын, мәдениетін дамытуда алтын ғасыр болып саналады. Өйткені сол заманда өмір сүріп, еңбек еткен ұлы ғұлама бабаларымыз ғылым мен мәдениетті бұдан да жоғары сатыға көтерді.



**Мырза Ұлықбек.**

Бұл өсу өз кезінде Еуропадағы білім мен ғылымның өрлеуіне үлкен әсер етті.

Бұл құбылыс ұлы бабаларымыз Әмір Темірдің, оның немересі Мырза Ұлықбектің ғылым мен мәдениеттің өрлеуіне тигізген ықпалы мен демеушілігінің нәтижесі еді.

Мырза Ұлықбектің әкесі – Әмір Темірдің төртінші ұлы Шохрух Мырза еді. Ұлықбек 1394 жылы туылды. Бұл қуанышты хабарды естіген Әмір Темір немересіне Мұхаммед Тарағай деп ат қойды. Жұлдызшылар болашақта оның ірі ғалым әрі ұлы патша болатынын болжамдаған болатын.


Сондықтан Әмір Темір мәртебесі ұлық немересін Ұлықбек деп атай бастады. Өткен заманда ғылым сырларын үйренуде оған атақты математик, астроном ғұламалар – Мавлоно Ахмад пен Қазызада Руми ұстаздық етті. Ал бұл болашақта Ұлықбектің ұлы астроном әрі математик болып жетілуін алдын ала белгіледі.

**Ұлықбек – ұлы ғұлама.** Ұлықбек – ғылымның көптеген салаларымен шұғылданған адам. Оларға арнап бірнеше шығармалар да жазып қалдырған. Бірақ білім мен ғылымда ол алдымен ұлы астроном ретінде мәшһүр болды. Аспан денелерін бақылау мақсатымен ол расытхана (обсерватория) құрдырды.

Расытхананың ішіндегі өте көп аспаптардың көмегімен Күн, Ай, планеталар мен жұлдыздардың күйі зерттелді. Осы расытханада жүргізілген бақылауларға сүйеніп, «Ұлықбек күнтізбесі» деп аталатын дүниеде даңқы шыққан туындысын жазды. Бұл шығармада 1018 жұлдыздың аты мен күйі сипатталған.

Ұлықбек тарих ғылымына қатысты «Төрт ұлыс тарихы» еңбегін де жазып қалдырды.

**Ұлықбек академиясы.** Ұлықбектің Самарқантта құрғызған медресесі расытханамен бірге тарихқа «Ұлықбек академиясы» деген атпен енді. Бұл академия Хорезм Мамун академиясын құрғаннан кейін төрт ғасырдан астам уақыт өткесін елімізде құрылған екінші академия еді.



**Ұлықбек расытханасы.**

#### **Мынаны біліп ал!**

...Әмір Темірдің орнына таққа отырған әйгілі Ұлықбек Самарқантта ... академиясының негізін салды.

*Вольтер*, XVIII ғасырда Францияда жасап, қызмет еткен ғалым.

Ұлықбек сол заманның көптеген талантты ғалымдарын академияға жинады. Олардың шығармашылықпен шұғылданулары үшін барша жағдай жасады.

Ұлықбектің ұстазы Қазызада Руми, Фиясиддин Жамшид Коши мен шәкірті Әли Құсшы академияның ең мәшһүр ғалымдары болды.

### Зер салып оқы!

«Ұлықбек — дүниежүзі ғылымын дамытуға қосқан шексіз үлесімен көзі тірісінде-ақ өзіне ескерткіш орнатып кеткен ұлы ғұлама».

*Б. Ахмедов, өзбек тарихшы ғалымы.*



### Өзіңді сынап көр

- ◆ ..., ... Ұлықбектің ұстазы болған.
- ◆ Ұлықбектен тарихқа қатысты ... деген еңбек қалған.

**Ұлықбек — ғылымның демеушісі.** Ұлықбек тек қана мемлекет істерімен және шығармашылықпен ғана шұғылданып қойған жоқ. Ол сонымен бірге білім мен ғылымның дамуына да демеушілік жасады.

Бұхара, Самарқанд, Гиждуан қалаларындағы 3 медресенің құрылғаны бұның жарқын дәлелі.

Самарқанд медресесінде талапкерлерге негізгі дәрістерді Қазызада Руми, Ұлықбек, Коши және Әли Құсшылар оқыды. Бұхарада құрылған медресе есігінің жармаларында: «Білім алу әрбір мұсылман еркек пен әйелдің парызы», деп жазылған еді. Ұлықбек осы медресеге келген кезде талапкерлерге сыйлықтар таратқан.

**Ұлықбектің туылған күнін атап өту.** 1994 жылы Отанымызда және халықаралық деңгейде ұлы ғұлама Мырза Ұлықбектің 600 жылдығы атап өтілді. Өзбекстан Президенті Ислам Каримов та Самарқандтағы мерекеге қатысып, сөз сөйледі.

Президентіміз өз сөзінде Ұлықбекті «Шығыстың жарқын жұлдызы» деп атады.

Біріккен Ұлттар Ұйымы 2009 жылды Ұлықбектің құрметіне «Халықаралық астрономия жылы» деп жариялады, ал бұл өз кезегінде Ұлықбектің ұлы қызметтері тағы бір рет мойындалды.

### Зер салып оқы!

Атақты астроном Ян Гевелийдің 1647 жылы шығарылған «Целенография» деген кітабында жазылуынша, айдағы кратерлердің екеуі Ахмед Фергани мен Мырза Ұлықбектің аттарымен аталған.<sup>1</sup>



#### Өзінді сынап көр

- ◆ Отанымызда ашылған бірінші академия – ....
- ◆ Отанымызда ашылған екінші академия – ...

### Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Мырза Ұлықбектің балғын шағы туралы не біліп алдың?
2. Ұлықбектің жазып қалдырған мәшһүр шығармаларын атап өт.
3. Ұлықбек академиясы мен Хорезм Мамун академиясының жұмысын салыстыр. Ұқсас және өзгеше жақтарын анықта.
4. Ұлықбектің ғылымның демеушісі болғанын айғақтар келтіріп, дәлелдеп бер.
5. Ұлықбектің 600 жылдығын елімізде және дүниежүзі деңгейінде атап өту туралы не біліп алдың?

## 26-§. ЕЛДІҢ АБАТТАНУЫ, ӘДЕБИЕТ ПЕН ӨНЕР



**Қалаларды абаттандыру және сәулетшілік.** Әмір Темір елді, соның ішінде, оның астанасы Самарқандты абаттандыруға ерекше назар аударып, оны дүниенің сұлу қаласына айналдыруға ұмтылған.

Ол үлкен жасампаздық ісін Самарқандтың қорғаныс қабырғаларын тіктеуден бастайды. Қалаға сол қабырғаларға орнатылған алты қақпа арқылы кіруге болатын. Қалаға Зарафшан өзенінен су келтірілді.

Темурилер заманындағы сәулетшіліктің керемет үлгісі, Әмір Темірдің тұратын орны – Көксарай қаланың көркіне көрік қосатын дәрежеде зәулім етіп құрылды. Ол өзінің атымен аталатын Жоме мешітін құрғызды. Осы архитектуралық ғимарат сол заманның ең үлкен де берік мешіті болды.

<sup>1</sup> Ислам Каримов. «Жоғары руханият – жеңілмес күш». – Т.: «Өзбекстан» БПШҰ. 2008. 42-бет.



**Гөрі Әмір кесенесі.**

Әмір Темір сонымен бірге зайыбы Бибіханымның (Сараймүлікханым) атымен аталатын Жоме мешітін де құрғызды.

Әмір Темір 1403 жылы жас шағында қайтыс болған сүйікті немересі Мұхаммед Сұлтанға арнап кесене салдырды. 1405 жылы Әмір Темір қайтыс болғаннан кейін оның өзі де сол жерге жерленеді, ал кесене «Гөрі Әмір» деп атала бастайды. Бұл кесене жер жүзіндегі мәшһүр архитектуралық ғимарат саналады.

Ол Темурилердің әулеті жерленген ататектік лақатқа айналған. Кейінірек бұл кесенеге Әмір Темірдің ұлдары Омар Шейх, Мироншах пен Шохрух, немересі Мырза Ұлықбек және Әмір Темірдің пірі Сайид Бараканың сағаналары қойылған. Кесене күмбезіндегі безектерден тараған нұр кез келген адамды таңқалдырады.

Әмір Темір астана Самарқандтың айналасында оннан астам бірінен-бірі әсем бау-бақтар жаратты. Олардың ең әйгілісі «Боғи Дилкушо» деп аталады.

1404 жылы Самарқандқа келген Испания елшісі Гонзалес де Клавихо өз естеліктерінде сол бақта фонтаннан су атылып тұрғанын, баққа кіретін қақпа өте биік, ол алтын және басқа асыл тастармен безендірілгенін, сондай-ақ үстіне тақ орнатылған алты пілдің бар екенін жазып қалдырған.

Бір сөзбен айтқанда, Әмір Темір заманында Самарқандтың атағы ел аузына ілінген.

### **Мынаны зер салып оқы!**

Әмір Темірдің рухани мұрасының тамыры – Самарқанд. Самарқанд – дүниежүзі сәулетшілігінің маржаны.

*Ислам Каримов*



**Өзінді сынап көр**

◆ Гөрі Әмір – бұл ... .

Әмір Темір Мауарауннахрдағы басқа қалаларда, соның ішінде Шахрисабз қаласында да ғажайып архитектуралық ғимараттар құрғызды. Солардың бірі әкесі мен ұлы Жаһангірдің қабірі үстіне құрғызған кесене еді. Түркістан қаласындағы ұлы ойшыл Ахмед Яссауидің қабірінің үстіне құрылған кесене, Ташкент облысындағы Зенгі ата кешені де озық үлгідегі архитектуралық ғимараттар саналады.

**Әлішер Науаи** (1441–1501). Өзбек халқының ұлы ойшыл ақыны, мемлекет қайраткері, ғылым мен мәдениет демеушісі, өзбек әдеби тілінің негізін салушы Әлішер Науаи 1441 жылғын 9 февральда Герат қаласында туған.

Әкесі Гиясиддин Бахадыр Темурлердің қызметінде болған. Соның арқасында Әлішер әуелі темірзада, кейіннен патша болып ұлғайған Хұсайын Байқарамен бірге тәрбиеленген.

Әлішер Науаи 4 жасында мектепке барып, білім үйренген. Түркі және парсы тілдеріндегі өлеңдерді жатқа білген. 10–12 жасынан бастап өзі де өлең жаза бастаған.

Оның поэзияға зор ықыласы мен қабілеті тіпті сол заманның атақты ақынын Лутфиді де таңқалдырған. Әлішер Науаи 15 жасында ақын ретінде елге танылды. Түркі (өзбек) тіліндегі өлеңдерді «Науаи» деген, парсы тіліндегі өлеңдерін «Фони» деген бүркеншік атымен жаза бастаған. Бірінші бес үлкен кітабын — ең басты «Хамсаны» жазды. Оған дейін туындысын, негізінен парсы тілінде жазған.

Бұл шығарма өзбек әдебиетінің даңқын бүкіл дүниеге жайды. Дүниежүзі әдебиетінің маржандарының біріне айналды.

Бұдан тыс, өзбек тіліндегі өлеңдерін жинап, төрт бөлімнен тұратын «Мағыналар қазынасы» деген дастанын жазды. Ал кейінірек парсы тілінде жазған өлеңдерін жинап, «Девони Фониді» жазды. Мұнымен парсы поэзиясын дамытуға лайықты үлес қосты.



**Әлішер Науаи.**

### Мынаны зер салып оқы!

Дүниеде түркі мен парсы тілінде сөйлейтін, Науаиды білмейтін, Науаиды сүймейтін, Науаиға адалдық пен сенім білдіріп қарамайтын адам бар ма екен өзі.<sup>1</sup>



#### Өзіңді сынап көр

◆ 1441 жылы — ... .      ◆ «Науаи» — ... .      ◆ «Фони» — .... .

**Камолиддин Бехзод** (1455–1535).<sup>2</sup> Өз заманының ұлы суретшісі Камолиддин Бехзод Әлішер Науаидың замандасы болған. Ол Әлішер Науаидың қамқорлығымен ұлы миниатюра суретшісі болып ұлғайды. Ерекше қабілеті бар Бехзод Хұсайын Байқараның мемлекеттік кітапханасына бастық етіп тағайындалады. Бұл кітапхана өз ғасырының көркем академиясына айналады. Академияға кейінірек «Бехзод академиясы» деген ат берілді.

Бехзод Шарафиддин Әли Язидің «Зафарнама», Жомидің «Саломон мен Абсол», Сағдидің «Бустон», Хотифидің «Темірнама» деген туындыларына, сондай-ақ Әлішер Науаидың кітаптарына сұлу миниатюралар салды. Сұлтан Хұсайын Байқараның жиналыстары бейнеленген миниатюралар жасады. Сұлтан Хұсайын, Әлішер Науаи, Шайбанихан, басқа да мемлекет қайраткерлері мен ұлы адамдардың суреттерін де салып қалдырды. Камолиддин Бехзодтың туындылары сұлулық сүйер қауымды осы күнге дейін қайран қалдырып келеді. Тәуелсіздік жылдарында Бехзодтың есімін мәңгі сақтау үшін қыруар істер жүзеге асырылды. Сондай-ақ, Ташкенттегі «Ұлттық сурет және дизайн институтына» Бехзодтың есімі берілді.

2000 жылы елімізде ЮНЕСКО-ның демеушілігімен Бехзодтың 545 жылдығы атап өтілді.<sup>3</sup>



#### Өзіңді сынап көр

◆ Бехзод негізінде бейнелеу өнерінің ... шұғылданған.

<sup>1</sup> *Ислам Каримов*. «Жоғары руханият — жеңілмес күш». — Т.: «Өзбекстан» БПШҮ. 2008, 47-бет.

<sup>2</sup> *Қ. Ражабов* және басқ. Өзбекстан тарихының ең маңызды күндері. — Т.: «Өзбекстан» БПШҮ. 2012. 102-бет.

<sup>3</sup> *Қ. Ражабов* және басқ. Өзбекстан тарихының ең маңызды күндері. — Т.: «Өзбекстан» БПШҮ. 2012. 383-бет.

### Атаулардың мағынасын біліп ал



**Миниатюра** – өте нәзік істелген кішкене көлемді бейнелеу өнер туындысы.

**Сағана** – қабір үстіне орнатылған жәдігерліктің түрі.

**Ататектік лақат** – белгілі бір әулетке жататын марқұмдарды жерлейтін орын.

**Герат** – қазіргі Ауғанстан мемлекетінің аумағындағы қала.

### Сұрақтар мен тапсырмалар



1. *Әмір Темір елдің астанасы Самарқантты абаттандыру бойынша қандай жасампаздық жұмыстарын жүзеге асырды?*
2. *Әмір Темір қандай архитектуралық ғимараттар құрғызды?*
3. *Әлішер Науаидың өзбек әдебиетіндегі алатын орны қандай?*
4. *Әлішер Науаидың өзін және оның жазған туындыларын айтып бер.*
5. *Камолитдин Бехзодтың шығармашылық қызметі туралы не білдің?*

## 27-§. ЕУРОПАДАҒЫ БІЛІМ-ҒЫЛЫМ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ



**Николай Коперник.** XVI ғасырдан бастап Еуропада да білім мен ғылым дами бастады. Әсіресе жаратылыс ғылымдары саласында ұлы ашулар жүзеге асырылды. Бұл жаңалықтар поляк ғалымы Николай Коперник пен итальяндық ғалымдар Джордано Бруно мен Галилео Галилейдің есімдерімен байланысты. Поляк астроном ғалым Николай Коперник өзіне дейінгі астрономия ғылымындағы ережелер мен көзқарастардың дұрыс еместігін дәлелдеп берді. Коперникке дейінгі астрономияда қандай ереже үстем болған?



**Николай  
Коперник.**

Біздің эрамыздың II ғасырында грек ғалымы Птоломей Жер – әлемнің орталығы деген ережені ғылымға енгізген. Бұл ережеге сәйкес Күн, Ай мен жұлдыздар Жердің төңірегін шыр айналады, бірақ Жердің өзі қозғалмайды. Птоломей ережесінің қате екенін бірінші болып Николай Коперник дәлелдеді. Ол 30 жылдық бақылауларға сүйене отырып, Птоломей ережесін жоққа шығарды. Коперник Жердің бір тәулікте өз осімен бір рет, ал бір жылда Күнді бір рет айналып шығатынын дәлелдеді. Демек, Күн Жердің


төңірегін емес, Жер Күннің төңірегін шыр айналады екен. Әлемнің орталығы Жер емес, Күн болып шықты. Бұл шындық ғылымдағы ұлы жаңалық еді.



Күн – әлемнің ортасы.



Джордано Бруно.



Галилео Галилей.

### Есте сақта!

Николай Коперник әлемнің орталығы Күн екендігін дәлелдеп берді.

Бұл жаңалық сонымен бірге діни көзқарастараға да соққы берді. Коперник «Аспан денелерінің айналуы туралы» деген кітабында өз жаңалығының мазмұнын түсіндіреді. Кітап тез арада мәшһүр болып кетеді. Алайда кітап дін басыларының қарсылығына ұшырап, оған тыйым салынды.

**Джордано Бруно.** Италиян ғалымы Джордано Бруно балғын жасынан-ақ астрономияға қызығып жүрді. Осы сала ғалымдарының еңбектерін ықыласпен оқып үйренді. Николай Коперник ережесін жаттап алды. Оның пікірінше, ғаламның шегі жоқ. Әлем сансыз көп жұлдыздардан құралған. Олардың әрқайсысы – Жерден өте алыста орналасқан Күн. Дінбасылар Джордано Бруноны осы пікірлеріне бола зынданға тастайды. Бірақ зындан азабы оны өз пікірінен қайтара алмады. Бруноның дұшпаны – дінбасылар оны 1600 жылы отта тірідей өртеді.

**Галилео Галилей.** Италияның тағы бір ғалымы Галилео Галилей дүниеде бірінші рет Николай Коперник пен Джордано Бруноның пікірлерінің дұрыстығын өзі жасаған телескоппен аспан денелерін бақылау арқылы дәлелдеген. Осыған бола 1633 жылы дінбасылар оған қатты қысым көрсете бастады. Өліммен қорқытып, қинап, әбден азап-

тады. Соның салдарынан Галилей өз пікірінен бас тартуға мәжбүр болады.

Бірақ, ол бәрібір Коперник ілімінің жақтаушысы болып қалады.



Телескоп.



### Өзінды сынап көр

◆ Николай Коперниктен ... деген шығарма мирас болып қалды.

### Атаудың мағынасын біліп ал



**Телескоп** – аспан денелерін бақылауға, суретке түсіруге және зерттеуге арналған аспап.

### Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Еуропа ғалымдары астрономия ғылымын дамытуға қандай үлес қосты?
2. Неліктен дінбасылар астроном ғалымдарға қысым көрсеткен?

## 28-§. ТҮРКІСТАН АҒАРТУШЫЛАРЫ



**Ағарту және ағартушылар туралы.** Ағарту – білім мен тәрбие арқылы адамдардың білімі мен санасын өсіру жолында жаңалатын әрекет. Ал өз қызметін осы іске арнаған адамдар ағартушылар деп аталады. Елімізде ағартушылық әрекеті XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында пайда болып, жәдиттік қозғалыс деген атпен әйгілі болған. Ал жәдиттік қозғалысын бастаушыларды жәдиттер деп атаған. Ресейдің отарына айналып қалған еліміздің даму тұрғысынан артта қалып кеткені жәдиттерді қатты ойландырды. Олар елімізді азат та абат болғанын қалаған еді.

### Есте сақта!

Жәдид (арабша – жана) – жаңалық жақтаушысы, жаңалық үшін күресуші.<sup>1</sup>

Түркістанның озық мемлекеттер қатарына көтерілуі, алдымен осы заманғы білімдерді меңгерген адамдардың көп болуына байланысты екенін жәдиттер жақсы түсінді. Сол кездегі мектептер мен медреселер бұл мәселені шеше алмайтын еді. Сондықтан да

<sup>1</sup> ӨТТС. – Т.: «ӨзҰӘ». 2006. 2-том. 64-бет.

олар өз алдына бірінші кезекте, еліміз мектептеріндегі ескі тәртіптер мен оқыту әдістерін жаңартуды мақсат етіп қойды. Жалпы алғанда, ескі мектептерде діни білімдер оқытылды.

Ал жаратылыс ғылымдары (физика, астрономия, химия, биология, сол заманғы медицина сияқты ғылымдар) оқытылмады. Жас ұрпақты осындай ғылымдарға үйретпей жатып, елдің өркендеуіне қол жеткізуге болмайтын еді. Жәдиттер қозғалысына еліміздің оқымысты зиялылары жетекшілік етті. Олар өз ісін алғаш жаңа әдіс (жәдит әдісі) мектептерін ашудан бастады.

Жаңа әдіс мектептерінде діни білімдермен бірге жаратылыс ғылымдарынан да сабақ берілді. Жәдиттер қабілетті балаларды шетелге оқуға жіберуді де ұйымдастырды. Мешеулікке көндігіп қалған халықтың санасын өзгерту үшін жәдиттер түрлі газет-журналдар шығарды.

Театрлар ұйымдастырып, онда адамдарды ойландыратын шығармаларды сахнаға қойды. Махмұтқожа Бехбуди, Абдулла Авлонни, Мунаввар қары Абдурашидхонов және басқалар Түркістандағы жәдиттік қозғалысының ірі тұлғалары еді.



**Махмұтқожа  
Бехбуди.**

**Махмұтқожа Бехбуди.** Түркістандағы жәдиттік қозғалыстың негізін қалаушы Бехбуди 1875 жылы Самарқантта туған. Өз дәуірінің діни және дүниелік ілімдерін терең меңгерген. Ол алдымен Самарқант қаласы маңындағы бір ауылда дүниежүзі ғылымындағы жетістіктерден сабақ беруге арналған жаңа әдістегі мектеп ашты. Бұл мектеп үшін бірнеше оқулықтар, соның ішінде «Сауат ашу кітабы», «Қысқаша жалпы география», «Халық географиясына кіріспе» деп аталған оқулықтар жазды.

Бехбуди жас ұрпақты тәрбиелеуде театрдың да маңызды рөл ойнайтынын дұрыс бағалай білді. Сондықтан сахнаға арналған туындысын да жазды. Оның «Падаркуш» атты сахналық туындысы зор даңқа бөленді. Бұл шығарма оқымаған, катал да надан ұлдың өз әкесін өлтірушіге айналғанын баяндайды. Бехбуди «Самарқант» деп аталатын газет,

«Айна» деген журнал да шығарды. Олардың беттерінде жас ұрпақты Отаншыл болуға, дүниежүзі ғылымын меңгеріп алуға шақырды.

**Зер салып оқы!**

«Заман білімі мен ғылымынан құр қалған халықты басқалар таптайды».

*Бехбуди*

Бехбуди сонымен бірге жас ұрпақты Отанды дамыту жолында бірнеше шет тілдерді үйренуге де шақырған.

**Абдулла Авлони.** Өз заманының атакты ағартушысы, ақыны, журналисі, мемлекет қайраткері Авлони 1878 жылы Ташкент қаласында туған. Мектепхана мен медреседе білім алған. Ол араб, парсы, орыс тілдерін жақсы білген. Өзі ана тілі мен әдебиеттен сабақ берген. Жаңа әдістегі мектептердің маңызын жақсы түсіне отырып, Ташкентте сондай мектеп ашқан. Оқушыларға арнап «Бірінші мұғалім», «Екінші мұғалім», «Түркі гүлстан немесе мінез-құлық» атты оқулықтар жазған. Авлони «Тұран» деп аталатын театр ұжымын құрды. Бірнеше сахналық шығармаларын, мәселен, Бехбудидің «Падаркуш» деген шығармасын сахнаға қойған.

**Мунаввар қары Абдурашидхонов.** Мунаввар қары Абдурашидхонов 1878 жылы Ташкентте зиялы жанұяда туған. 1901 жылы Ташкентте жаңа әдістегі мектеп ашады. Жаңа әдіс мектептер үшін «Дыбыс шығарып оқу әдісі», «Оқу кітабы», «Жер жүзі» (География) сияқты оқулықтар жазады. Мунаввар Қары бірте-бірте Түркістандағы жәдиттік қозғалысының жетекшісіне айналады.

Мунаввар қары сауатсыздықты қаралап, жастарды Еуропаның білімі мен ілімін үйренуге шақырды. Түркістанның бодандық жағ-



**Абдулла Авлони.**



**Мунаввар қары  
Абдурашидхонов.**

дайынан қатты қайғырды. Ал бұл отаршыл күштерге ұнамады. Сондықтан да олар түрлі сылтау тауып, жала жапты да, ақыры оны 1931 жылы атып тастады.

**Азаттық үшін күрескендердің есімі мен рухы мәңгілік.** Отан азаттығы жолында қаза тапқандардың есімі ешқашан ұмыт болмайды. Өзбекстан тәуелсіздікке жеткен соң олардың жарқын есімдері, абыройлары толық тіктелді. Бұл іске Елбасымыз Ислам Каримов өзі басшылық етті. Оның бастамасымен 2000 жылы Ташкентте «Шейіттер естелігі» деген жәдігерлік кешені құрылды. Ал 2002 жылы сол кешеннің құрамдық бөлігі ретінде «Нәубет құрбандарының естелігі» мұражайы құрылды. Сөйтіп Отан азаттығы жолында қаза тапқандардың рухы мәңгі сақталды.



### Өзінді сынап көр

◆ Жәдиттік – бұл ... .

◆ Жәдиттер ... үшін күрескен.

### Атаулардың мағынасын біліп ал



**Зиялы** – ағартушы, білім таратушы.<sup>1</sup>

**Отар** – күшті мемлекет тарапынан басып алынған ел.

**Нәубет** – еркін пікірлейтін адамдарды қуғындау (репрессия).<sup>2</sup>

### Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Түркістандағы ағартушылар қозғалысының себебі неде?
2. Жәдиттер өз жұмысын неліктен жаңа әдіс (жәдит әдісі) мектептерін ашудан бастады?
3. Бехбудидің өмірі мен қызметі туралы не білесің?
4. Авлони қандай оқулықтар жазған еді?
5. Мунаввар қары Абдурашидхоновтың өмірі мен қызметі жайлы айт.

## ӨЗ БЕТІМЕН ІСТЕЙТІН ЖҰМЫС

### Түркістандағы ағартушылар (жәдиттер)

(Кестені толтыр)

Т/р	Түркістан ағартушылары	Қашан және қай жерде туған	Мақсаты	Қашан және қай жерде жаңа әдіс мектебін ашқан	Жазған оқулықтары	Жазған сахналық туындылары
1.	Бехбуди					
2.	Авлони					
3.	Мунаввар қары					

<sup>1</sup> ӨТТС. – Т.: «ӨзҰЭ». 2006. 2-том, 147-бет.

<sup>2</sup> ӨТТС. – Т.: «ӨзҰЭ». 2006. 5-том, 259-бет.



## 29-§. ТОМАРИС ПЕН ШИРАҚТЫҢ ЕРЛІКТЕРІ



Ахаманилердің Орта Азияға кіріп келуі. Б.ж.с. дейінгі VI ғасырдың ортасында ахаманилер әулетінің ежелгі Иран жерінде құрған Парсы патшалығының билеушілері өз алдыларына еліміз Тұранды бойсұндыру мақсатын қойды.

Әулеттің өкілі, Иран патшасы Кир II осы мақсатты жүзеге асыру үшін алдымен бабаларымыз-массагеттердің елін басып алуға бел байлады.

Кир II шабуылының қарсаңында массагеттер елін ханшайым Томарис билейтін еді. Ақылды да ержүрек патша әйел Томарис туралы көптеген әңгімелер мен аңыздар сақталып қалған. Солардың бірі Геродоттың «Тарих» кітабында келтірілген.



Кир II әскерлерімен.



Томарис.



Шайқастағы Томарис.

Жауыз Кир II массагеттер елін бағындыру үшін мил.бұр. 530 жылы Әмударияны кешіп өтеді. Шешуші шайқастан алдын Кир II қулықпен Томаристің ұлы Спарганисті қолға түсіреді.

Кир II тұтқынға түскен Спарганиске: – Анаңа айт, маған тұрмысқа шықсын. Сонда сендерді азат етемін, – дейді.

Спарганис одан қолын шешуді өтінеді. Қолдары кісеннен босаған соң намыстанған жігіт қасындағы сақшының қылышын тартып алады да, өзіне шаншиды.

Таңданған парсылар Спарганисті құрметпен жерлейді. Ұлының өлімінен қатты қайғырған Томарис Кир II-ге мына хатын жөнелтеді: «Әй, қанішер Кир! Мақтанба, әскерлерім мен ұлымды ашық шайқаста емес, қулықпен жеңдің. Енді жұртыңа орал! Әйтпесе тәңірім атымен ант беремін, сені өз қаныңа тойдырамын».

Кир II оның бұл сөзіне құлақ салған жоқ. Томарис бар қосынын жинап, Кир II-ге қарсы жорыққа аттанды. Екі жақ арасында кескілескен шайқас болды. Қан судай ақты. Бұл шайқаста Кир II өледі. Массагеттерден бір жігіт оның кесілген басын Томаристің аяқ астына тастайды. Ханшайым Кир II-нің басын қанға толы шанашқа салуды бұйырады да, бар даусымен: «Ұлымды өлтірдің, елімнің қанын ішпек болдың. Тірі кезінде адам

канына тоймаған едің. Міне, енді тойғаныңша іш, қанішер!» – деп айқайлады.

Массагеттер мен Кир II арасындағы бұл соғыс ел-жұрттың аузына ілінген еді. «Маған белгілісі, қанды шайқастар ішінде мұндай соғысты бұрын ешкім көрмеген», – деп жазған Геродот әңгімесінің соңында.



### Өзінді сынап көр

◆ Кир II – ... .      ◆ Томарис – ... .

**Ширақтың ерлігі.** Кир II сәтсіздікке ұшырағанымен, ахаманилер елімізді басып алу ниетінен бас тартпады. Осы әулеттің өкілі Дарий I б.ж.с. дейінгі бұрынғы 519 жылы ата-бабаларымыздың жерін басып алу үшін жорыққа аттанады.

Сақтар дұшпанға қатты қарсылық көрсетеді. Бұған мысал ретінде сақтар тайпасынан шыққан Тұранның ержүрек ұланы Ширақтың ерлігін келтіруге болады. Ширақ тайпаластарына басқыншыларды жою жоспарын айтып, өзінің құлақ-мұрнын кесуді талап етті.

Ол Дарий I патшаның алдына барып, отандастарынан көңілі қалғанын, сондықтан олардан кек алу үшін парсыларға жәрдем бермек болып, оларды сақ әскерлері тұрған жерге жақын жолмен бастап баратынын айтады.

Дарий I құлақ-мұрны кесілген Ширақтың сөзіне сенеді.

Ширақ оларды шөлге қарай бастап кетеді. Дарий қаншалықты көп жүрсе де, мекенжай туралы сыбыс болмайды. Оның үстіне парсы әскерлерінің азық-түлігі де таусылды. Әбіржіген парсылар алданып қалғанын сонда түсінеді. Сонда отаншыл Ширақ оларға қарап: «Мен бір өзім Дарий I-дің қосынын апатқа ұшыраттым. Ал отандастарым-



Дарий I.



Ширақ дұшпандар арасында.

ды өлімнен, талан-тараждан сақтап қалдым. Дұшпан әскері өлімге душар болды», — деп айқайлап күледі.

Тұранның батыл ұланы Ширақ дұшпанның қолынан қаза табады. Бірақ өз халқын, Отанын басқыншылардан құтқарып қалады. Дарий қосыны шөлде қалып кетіп, апатқа ұшырайды. Алайда ахаманилер осы жеңілістен кейін де Тұранды бағындыруға деген ниетінен жалтарған жоқ.

Дұшпан күш жағынан бәрібір күштірек болатын. Ақыр аяғында Парсы патшалығы елімізді бағындырып, әр жылы көп мөлшерде ұлпан төлеп тұруға мәжбүр етті.



#### Өзіңді сынап көр

◆ Дарий I — .... . ◆ Ширақ — ... .

#### Атаулардың мағынасын біліп ал



**Ахаманилер** — ежелгі Иранда мил.бұр. 558–330 жылдары үстемдік еткен әулет.<sup>1</sup>

**Ұлпан** — салық.

#### Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Ахаманилер кімдер еді, олар Тұранға қашан бастырып кірген?
2. Томаристің ерлігі туралы не білесің?
3. Ширақтың ерлігін айтып бер.

## 30-§. СПИТАМЕННИҢ ЕРЛІГІ



**Македониялық Александрдың Орта Азияға жорығы.** Б.ж.с. дейінгі бұрынғы IV ғасырдың ортасында Еуропада Македония мемлекеті құрылған еді. Оның патшасы Филипп II басқыншылық соғыстарын жүргізу үшін үлкен қосын жинады.

Бірақ ол мезгілден бұрын өледі де, оның орнына таққа 20 жасар баласы Александр отырады (мил.бұр.356–323 ж.). Ол көптеген мемлекетті басып алып, македониялық Александр деген атпен әйгілі болды. Басқа басқыншылармен қатар Александр да еліміздің бітпес байлықтарына сұқтанды. Сондықтан да ол Отанымызды

<sup>1</sup> К. Ражабов және басқ. Өзбекстан тарихының ең маңызды күндері. — Т.: «Өзбекстан» БПШҮ. 2012. 26-бет.

басып алуға тырысты. Мил. бұрынғы 329 жылы алғаш Бактрияны басып алады. Кейін Соғдиянаға қарсы жорыққа шығып, Мароканда (қазіргі Самарқанд) қаласын басып алады да, оны өзінің тұратын орнына айналдырады. Соңыра Сырдарияға қарай жорығын жалғастырады.



### Өзінді сынап көр

- ◆ Македониялық Александр — ... .
- ◆ Милотдан бұрынғы 329 жылы — ... .



Македониялық Александр.


**Спитаменнің ерлігі.** Басқыншылар елімізді ешқашан оп-оңай басып алған емес. Тұранның ержүрек ұландары сол кезде де Отан азаттығы жолында ерлікпен күрескен. Бұл азаттық қозғалыс үш жылға созылған. Оған соғдияналық шебер қолбасшы Спитамен жетекшілік етті.

Соғдияналықтар сонда мына отаншылдық өлеңді бар даусымен шырқайды:

*Гүлдеп жайна, әсем Соғдияна,  
Біз осы Отан ұланьмыз.  
Сенің қамыңды біздер ойлаймыз,  
Саған құрбан болсын жаньмыз.*

Көтерілісшілер Спитаменнің басылығымен алғаш Мароканда қаласында қалдырылған Александр қосынын жермен-жексен етіп, қаланы иеленіп алады. Мұны естіген Александр Спитаменнің көтерілісін бастыру үшін төрт мыңға жуық қосын жібереді. Бірақ Спитамен оларды да талқандайды.

Сонда Александрдың өзі үлкен қосынымен келіп, Мароканданы қатты



Спитамен.

қыспаққа алады. Қанды шайқаста Александр ауыр жараланады. Сонда да жақсы әскери білімі бар Александрдың қосыны жеңіп шығады.

Нәтижесінде Спитамен артқа шегінуге мәжбүр болады. Басқыншылық соғыс барысында Александр елімізді бағындыру оңай еместігіне көз жеткізеді де, басқа тәсілді қолданды.

Ол әуелі, егер Спитамен көтерілісті тоқтатса, оған Соғдиянаның билеушісі атағын сыйға беретінін хабарлайды.

Бірақ Спитамен: «Отанымды сатқанша, өлгенім жақсы», – деп жауап береді. Енді Александр қулыққа көшеді. «Спитаменді түптамырымен жою керек!» – деп ойлайтын ол. Лажы барынша тез! Бүкіл Азияны аяққа тұрғызғанша, оның көзін жою қажет. Бірақ қалайша?

Ақыр бұл «құтырған Барысты» мындаған әскерім ізінше қуса да, ешқандай күш оны жеңе алмапты. Егер күшіміз келмейтін болса, демек оны қулықпен қолға түсіру керек! «Құтырған Барыс» әскерінің ішінде бірде-бір «шиөбөрі» шынымен табылмас па екен?!».

Жерлестері Спитаменді Барыс деп атайтын. Мұның себебі, барыстың терісін жамылып жүргендіктен емес, Спитамен барыстай шапшаң, ержүрек болатын.

Сөйтіп Александр Отан сатқындарын пайдалануға ұйғарады да, ниетіне жетеді. Александр Спитаменді сатқындар жәрдемiмен қулық жасап жеңді. Бұл оқиға мил. бұрынғы 328 жылы болды.<sup>1</sup> Соғдияналықтар Спитаменді үлкен құрметпен жерлейді. Спитамен қаза тапса да, халықтың басқыншыларға қарсы күресі тағы жалғасты. Азаттық жолындағы көтеріліс жеңіліске ұшыраса да, ол Отан ұландарының ерлігі мен батылдығын паш етті.

Александр елімізді өзіне бағындыра алды. Бірақ бұл оған өте қымбатқа түсті.

Жаңа соғыстарға дайындық жасаған кезде Александр безгек ауруына шалдығып, 33 жасында қаза тапты. Александрдың өлімінен соң оның мемлекеті бөлшектеніп кетті.

---

<sup>1</sup> ӨзҮӘ. – Т.: «ӨзҮӘ». 2004. 8-том. 43-бет.



### Өзінді сынап көр

- ◆ Спитамен – .... болған еді.
- ◆ Спитамен – ... жолымен өлтірілді.

### Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Македония мемлекетін кім және қашан құрған?
2. Македониялық Александр Отанымызды басып алудан қандай мақсатты көздеген еді?
3. Отанымыз азаттығы жолында Спитаменнің жетекшілігімен болған көтеріліс туралы не білдің?
4. Александр Спитаменді қай жолмен жеңген еді?

## 31-§. АРАБТАРҒА ҚАРСЫ ХАЛЫҚ АЗАТТЫҚ КҮРЕСІ



**Мұқанна көтерілісінің себептері.** Отанымыздың қолайлы табиғи ауасы, шексіз байлықтары арабтардың назарын аударды. Сондықтан олар VIII ғасырда Отанымызды басып алуға кірісті.

Бұл басқыншылық соғысына тәжірибелі араб қолбасшысы Құтайба ибн Мүслим жетекшілік етті. Басқыншылық жорығының қарсаңында Отанымызда бірыңғай да қуатты мемлекет жоқ еді.

Ал бұл жағдаят араб басқыншыларына қолайлы болды. Солай болса да ата-бабаларымыз басқыншыларға қатты қарсылық көрсетті. Бірақ күшті қосыны бар арабтар 715 жылы елімізге үстемдігін орнатты.

### Есте сақта!

Арабтар елімізді Мауароуннахр (өзеннің арғы жағы) деп атай бастады.

Арабтар Мауароуннахр тұрғындарына зұлымдық жасай бастады. Өйткені олар жергілікті халықтан алынатын салықтар мөлшерін көбейткен болатын.

Бұл да жетпегендей, ең жақсы жерлер көшіп келген арабтарға берілді. Еліміздің байлығы таланды.



**Құтайбаның соғыс жорысы.**

ақ киім жамылды. Сондықтан бұл көтеріліс тарихқа «Ақ киімділер көтерілісі» деген атпен енді.

783 жылға дейін созылған көтеріліс араб басқыншыларына қауіп төндірді. Көтерілісті бастыру үшін олар барша шараларды қолданды. Соған қарамай, көтерілісшілер өте қатты қарсылық көрсетті. Бірақ күштер тең емес еді.

Ал бұл көтерілісшілердің күшін бірте-бірте әлсіретуге мүмкіндік берді. Ақыры арабтар Қашқадария өңіріне бастырып кірді.

Бұл жерде көтерілісшілердің негізгі тірегін — Сом қорғанын қоршап, басып алды.

Сөйтіп Мұқанна көтерілісі жеңіліске ұшырады. Амалсыз қалған Мұқанна өзін жанып тұрған тандырдағы отқа тастап, қаза тапты.

Араб басқыншылары жақсы әскери білімі бар тұрақты қосынға ие болғандықтан жеңіске жетті.

Қосын мемлекет тарапынан зәру заттармен дер кезінде жабдықталып тұрды. Мұқанна қосыны мемлекеттік қосын болмағандықтан арнайы әскери дайындығы да жоқ еді.

Мұқанна көтерілісі жеңілген болса да, ол арабтар басқыншылығының түп тамырына балта шапты.

Оның үстіне арабтар өздерін даму жолындағы алдыңғы қатарлы жергілікті халықтан жоғары ұстады.

Оны менсінбеді. Бұл әділетсіздік, көрсетілген зорлық-зомбылық жергілікті халықтың қатаң наразылығын туғызып, ақыр аяғында 769 жылы Мұқанна басшылығымен көтерілістің басталуына әкеп соқты.

**Көтерілістің нәтижесі.** Мұқаннаның шын аты Хошим ибн Хәкім еді. Ол үнемі бетін бетпердемен жауып жүрген. Көтерілісшілер арабтардан ерекшеленіп тұру үшін



**Мұқанна көтерілісі.**

Сондай-ақ, бұл көтеріліс халықтың күш-қуаты оның берік бірлігінде екенін де көрсетті.



**Өзінді сынап көр**

- ◆ Арабтарға қарсы ... жылы ... .
- ◆ «Ақ киімділер» — ... .

**Сұрақтар мен тапсырмалар**



1. Отанымыздың қай байлықтары арабтардың назарын аударды?
2. Мұқанна көтерілісінің себептері туралы не білдің?
3. Мұқанна көтерілісі неліктен жеңіліске ұшырады?
4. Мұқанна көтерілісінің маңызы неде?



**Мұқанна.**

## 32-§. ЖАЛОЛИДДИН МАНГУБЕРДІ – ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚАҒАРМАНЫ



**Монғолдарға қарсы батыл күрес.** 1206 жылы Монғолстанда «Бірыңғай монғол ұлысы» деп аталған мемлекет пайда болды.<sup>1</sup> Бұл мемлекетті өз заманының атақты қолбасшысы Темучин құрды. Мемлекет билеушісі Темучин Шыңғысхан деп атала бастады.



**Шыңғысхан.**



**Хорезмшах сұлтан  
Алауддин Мұхаммед.**

Шыңғысхан өз ғасырына лайықты күшті қосын құра алды. Енді ол әлем патшасы болуға ұмтылды. Қысқа уақыт ішінде өте үлкен аумақтарды басып алып, өз мемлекетін үлкен мемлекетке айналдырды. Ақыры оның мемлекетінің шекарасы тағы бір ірі мемлекет – Хорезмшахтар мемлекетінің шекарасына жетіп келді.

Бұл кезде Хорезмшахтар мемлекетінің патшасы Алауддин Мұхаммед еді. Шыңғысханның мақсаты – Хорезмшахтар мемлекетін құлатып, Азияның жалғыз билеушісіне айналу болды.

1219 жылы Шыңғысхан Хорезмшахтар мемлекетіне қарсы әскери жорығын бастады. Хорезмшах сұлтан Алауддин Мұхаммед ел қорғанысын ұйымдастыруда кателескен еді. Әскери күштерді біріктіру орнына әрбір қала-қорған өз бекінісін құру туралы бұйрық берді. Хорезмшахтардың әр қорғаны дұшпанға қарсы ерлікпен күресті. Бірақ өте күшті Шыңғысхан Мауароуннахр қалаларын бір-бірлеп жермен-жексен ете берді. Тез арада елдің астанасы Үргеніш қаласына

<sup>1</sup> Қ. Ражабов және басқ. ДТМК. – Т.: «Sharq» БПАК. 2011. 150-бет.

шабуыл жасады. Үргеніштіктер сол заманғы ұлы ғұлама Нажмиддин Куброның басшылығымен дұшпанға қатты қарсылық көрсетті.

Нажмиддин Кубро қорғаушыларға қарай: «Я Отан, я абыройлы өлім», — деп үндеу тастады. Қаланың көшелерінде жеті ай бойы шайқас болды.

Ақыры, қолына қару ұстауға дәрмені қалмаған қала тұрғындары амалсыздан берілді. Үргенішті қорғаған кезде Нажмиддин Кубро да ерлік көрсетіп қаза тапты.

Үргенішті басып алған монғолдар қаланы өртеп жіберді. Нәтижесінде ұзақ жылдар бойы құрылып келген көркем қаланың өмір сүруі тоқтады.

**Жалолиддин Мангуберді (1198—1231) — батыр әрі шебер қолбасшы.** Ауыр сырқатқа шалынған Алауддин Мұхаммед өлімінен алдын тұңғыш ұлы Жалолиддин Мангубердіні таққа мұрагер етіп тағайындады.

Бірақ бұған дейін бар мүмкіндік те қалмаған еді. Елдегі осындай ауыр жағдайда Жалолиддин басқыншыларға қарсы күрес бастайды.

1221 жылы Валион қорғанын қоршап тұрған монғолдарға шабуыл жасап, оларды жермен-жексен етті. Бұл монғолдар үстінен жеткізілген бірінші жеңіс болды. Мұны естіген Шыңғысхан Жалолиддинге қарсы 45 мың адамы бар қосын жібереді.

Жалолиддин қосынды Фазна жанындағы Парвон деген жерде қарсы алып, сол шайқаста монғолдарды жеңеді.



**Алауддин Мұхаммед Жалолиддин Мангуберді ұлына алмас қылыш ұстатуда.**



**Жалолиддин Мангуберді.**

### Есте сақта!

Тарихқа «Парвон шайқасы» деген атпен енген бұл шайқаста Жалолиддин монғолдарға қарсы барша әскерлерін аттарынан түсіру, дұшпанға садәкпен оқ ату, кейін бәрі шабуылға көшу әдісін қолданған болатын.

Сонда Шыңғысханның өзі үлкен қосынға бас болып, Жалолиддинге қарсы соғысқа аттанды.

**Шешуші шайқас.** Екі жақ арасындағы кескілескен соғыс Синд өзенінің бойында 1221 жылғы 24–26 ноябрь күндері болып, ол тарихқа «Синд шайқасы» деген атпен енді.



#### Өзіңді сынап көр

- ◆ Жалолиддин Парвон шайқасында ... қолданды.
- ◆ Синд шайқасы ... жылы болды.

Жалолиддин жауынгерлерінің саны аз болғанымен, күшті дұшпанмен ерлікпен соғысты. Соғыстың нәтижесін Шыңғысханның торуылдап қойған, әбден іріктелген әскері шешті. Жеңіліске ұшыраған Жалолиддин шағын жауынгерімен өзеннің арғы жағына жүзіп өтіп, шөлдің ішіне тасаланады. Шыңғысхан дұшпан болса да, Жалолиддиннің ерлігіне таңқалып: «Әкеге осындай батыр ұл керек. Ол екі иірімнен – от пен су иірімінен азаттық майданына шыға алды», – дейді. Сұлтан Жалолиддин Мангуберді жеңілгенімен, 1231 жылға дейін монғолдарға қарсы тынымсыз күрес жүргізді. Ол жеңіп шықса да, жеңілу шерін сезінсе де, жеңілген жоқ. Жалолиддин Мангуберді 1231 жылдың август айында қазіргі Түркия жерінде қаза тапты.

**Халқымыздың ұлттық қаһарманы мәңгі тірі.** Тәуелсіздік жылдарында мемлекетіміз Сұлтан Жалолиддин Мангубердінің монғол басқыншыларына қарсы көрсеткен көзсіз ерлігі, Отанына әрі халқына адалдығын, шексіз махаббатын жоғары бағалады.

### Мынаны есте сақта!

«Жалолиддин Мангуберді – Отан-ана қорғаушысы, батыр жауынгер..., халқымыз тарихында ... өшпес қалдырған ұлттық қаһарман».

*Ислам Каримов*

<sup>1</sup> Қ. Ражабов және басқ. ДТМК. – Т.: «Sharq» БПАК. 2012 ж. 83-бет.

Президент Ислам Каримовтың бастамасымен 1999 жылы Жалолиддин Мангубердінің 800 жылдығы кеңінен атап өтілді. Жалолиддин Мангубердінің құрметіне Хорезмде мүсін орнатылды. Көшелер мен алаңдарға оның есімі қойылды.

2000 жылы мемлекетіміздің жоғарғы әскери марапаттарының бірі – «Жалолиддин Мангуберді» ордені тағайындалды.



«Жалолиддин Мангуберді» ордені.

### Атаулардың мағынасын біліп ал



**Валион** – қазіргі Ауғанстан жеріндегі ежелгі қала.

**Парвон** – Ауғанстандағы қалашық.

**Синд** – қазіргі Пәкістанның солтүстігінен ағып өтетін үлкен өзен.

### Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Шыңғысхан құрған монғолдар мемлекеті туралы не білдің?

2. Неге Алауиддин Мұхаммед Хорезмшах елінің қорғанысын жақсы ұйымдастыра алмады?

3. Жалолиддин қайсы қалаларда монғолдарды жеңген?

4. Синд өзені бойындағы шайқас туралы айтып бер.

5. Отанымыз тәуелсіздігі жылдарында Жалолиддин Мангубердінің есімін мәңгі есте сақтау үшін қандай істер жүзеге асырылды?

## ӨЗ БЕТІМЕН ІСТЕЙТІН ЖҰМЫС

«Отан азаттығы үшін күрескен батырлар»

(Кестені толтыр)

Р/н	Қаһармандар	Қашан және кімге қарсы күрескен?	Қаһарманның тағдыры
1.	Томарис		
2.	Ширак		
3.	Спитамен		
4.	Мұқанна		
5.	Жалолиддин Мангуберді		

### 33-§. САЙЫПҚЫРАН ӘМІР ТЕМІР



**Әмір Темірдің өмірі мен қызметі.** Әмір Темір 1336 жылғы 9 апрельде қазіргі Қашқадария облысындағы Яккабақ ауданындағы Қожа Илғор қыстағында туған.


Оның әкесі Әмір Тарағай Баһадүр өзбектердің барлас руынан еді, Кеш облысындағы беделді әмірлердің бірі болған. Оның анасы Такина Мохбегім Бұхарадағы зиялы жанұялар бірінің қызы болған. Әмір Темірдің балғын шағы Шах-рисабзда өткен. Жеті жасқа толған соң, әкесі оны оқуға берген. Әмір Темір жастайынан-ақ ұстаздарының бақылауында шабандоздық, аң аулау, садақпен оқ ату, әскери ойындармен шұғылданған. Ол өз ғасыры дәрежесіне сәйкес ғылымдарға ие болған. Әкесінің пірі шейх Шамсиддин Куллодан білім алған. Терең ойлы, жақсы мінезді, өте зерек те ержүрек болып өсіп-ұлғайды.



**Әмір Темір.**

17 жасында әкесінің бүкіл мал-дәулетін өз бетімен басқара бастады. Әмір Темір туылған кезде Отанымыз аумағы Шыңғысхан ұлдарының бірі, Шығатай деп аталатын ұлыстың (мемлекеттің) құрамында еді.

XI ғасырдың ортасында Шығатай ұлысында өкімет үшін күрес өте күшейді. Нәтижесінде ұлыс бөлшектеніп кетті. Әмір Темір сондай ауыр жағдайда тарихи аренаға шықты. Ол өзінің алғашқы әскери қызметін қол астындағы қосынымен түрлі облыстардың әмірлеріне қызмет етуден бастаған. Олардың өзара соғыстарына қатысып ерлік көрсетті. Ал бұл оның есімін Қашқадария өңіріне әйгілі етті. Соғыстарда шыныққан Әмір Темір енді өз алдына Отанын монғолдардан азат ету деген қасиетті міндетті қойды.



**Әмір Темірдің мемлекеттік жалауы.**

**Әмір Темір – күшті мемлекеттің негізін қалаушы.** Тез арада Әмір Темір монғолдарға қарсы азаттық соғысты бастап жіберді.

Бұл соғыс сегіз жылға созылды. Ақыры азаттықтың күресшілері монғол әскерін Мауароуннахрдан қуып шықты. 1370 жылғы 9 апрель күні Әмір Темір Мауароуннахр патшасы етіп жарияланды. Бұл кезде ол 34 жасқа толған еді.

Әмір Темірге оның пірі шейх Сийид Барака жоғарғы өкімет рәмізі деп саналатын үлкен нағара мен туды ұстатты. Самарқанд Әмір Темір мемлекетінің астанасы етіп белгіленді.

#### Есте сақта!

Сайыпқыран Әмір Темір 1370 жылы ұлы мемлекеттің негізін салды.

**Әмір Темір – Еуропа халықтарының құтқарушысы.** Бұл заманда монғолдар құрған Алтын Орда мемлекеті Әмір Темір мемлекетіне қауіп төндіре бастады. Бұл мемлекеттің тағында Тоқтамысхан отырған еді. Әмір Темір Алтын Орданың қоқан-лоққысын жоюға кірісті. 1395 жылы Әмір Темір Тоқтамысханның қосынын тас-талқан етті.

Бұл жеңіс Алтын Орданы әлсіретті. Алтын Ордаға бодан болған Русьтің (Ресейдің) монғол езгісінен азат болуын жеделдетті.

#### Мынаны есте сақта!

«Әмір Темір Ресейдің Алтын Орда езгісінен азат болуын және осы мемлекеттің өсуін жеделдетті».


*Михаил Иванов* (тарихшы орыс ғалымы). «Екі ұлы қолбасшы» кітабы.

Әмір Темір Батыс Еуропа халықтарына зор қауіп-қатер төндіріп тұрған Османлиер империясының (Түркия) сұлтаны Баязиттің қосынын 1402 жылы Анкара шайқасында талқандады.

Османлиердің жеңілісі олардың Еуропа мемлекеттеріне төндіріп тұрған қатерін жойды.

Баязиттің қоқан-лоққысынан азат болған Еуропа мемлекеттері Әмір Темірге алғыс хаттарын жөнелтті.

Ал Франция мен Испания корольдары өз елшілерін жіберген. Сайыпқыранның құрметіне Батыс Еуропада XV ғасырда-ақ ескерткіш орнатылып, онда «Еуропаның құтқарушысы» деген терең



**Әмір Темір мүсіні.**

мағынасы бар сөздер жазып қойылған. Әмір Темір елді күшті орталықтанған мемлекетке айналдыра алды. Сондай-ақ, Еуропаның құтқарушысына да айналды. Әмір Темірдің әлем тарихындағы алған орны ерекше.

Сондықтан да ЮНЕСКО ұйымының қаулысымен 1996 жылы Әмір Темірдің 660 жылдығы халықаралық деңгейде кеңінен атап өтілді.

### **Мынаны есте сақта!**

«Әмір Темір – біздің мақтанышымыз, мерейіміз».

*Ислам Каримов*

Ташкент, Самарқанд, Шахрисабз қалаларында Әмір Темір мүсіндері орнатылды. Ташкент қаласында Темурилер тарихының мемлекеттік мұражайы құрылды. Отанымыздың жоғарғы атақтарының бірі – «Әмір Темір» ордені тағайындалды.

### **Өзінді сынап көр**



- ◆ 1395 жылы ... .
- ◆ Анкара шайқасы – ... .
- ◆ М. Иванин – ... .



### **Атаудың мағынасын біліп ал**

**Анкара** – қазіргі Түркия Республикасының астанасы.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**



1. Әмір Темір соғыс майданына шыққан кезде Отанымыздағы жағдай қандай еді?
2. Әмір Темірдің Отан тәуелсіздігі жолында жүргізген күресі және ұлы мемлекет құрғаны туралы не білдің?
3. Әмір Темір неліктен Еуропа құтқарушысы деп аталады?
4. Тәуелсіздік жылдарында ұлы Әмір Темірдің есімін қастерлеу бойынша қандай істер жүзеге асырылды?

## ҚОСЫМША МӘЛІМЕТ

Ұлы бабамыз Әмір Темірдің «Темірдің ережелер жинағы» (заңдары) деген шығармасында жазып қалдырған насихаттарынан

- ◆ Ұлттың қайғысына медет бол.
- ◆ Күш – әділетте.
- ◆ Жақсы адам ел құрады, жаман адам ел бұзады.
- ◆ Іскер, батыр да батыл, табанды, іскер де сақ бір адам мың-мыңдаған ақылсыз да селсоқ адамдардан жақсырақ.

### 34–35-§. РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫ ЖӘНЕ КЕҢЕС ОТАРШЫЛДЫҒЫ



**Ресей империясының мақсаты.** Отанымыздың шексіз табиғи байлықтарына Ресей патшасы Петр I де көз алайтты. Сондықтан ол өз алдына еліміздің осынау байлықтарын иеленіп алу жөнінде мақсат қойды. Бұл мақсатын жүзеге асыру үшін ол алдымен Орта Азия (Хиуа, Бұхара, Қоқан) хандықтарының ішкі жағдайын үйреніп, алтын кен орындары бар жерлерді анықтауға бел байлады. Осындай мақсатпен 1717 жылы Хиуа хандығына 10 мыңнан астам жауынгер мен әртүрлі мамандардан құрылған экспедиция жіберілді. Бірақ ол экспедиция апатқа ұшырады.

Петр I ол жөнінде хабардар болса да, Хиуа хандығынан өш алу үшін қосын жібере алмады. Өйткені, ол кезде Ресей басқа соғыс жүргізіп жатқан еді.

Петр I-дің мақсатын XIX ғасырда оның кейінгі ұрпақтары жүзеге асырды. Отанымызды басып алуда Орта Азиядағы хандықтардың экономикалық мешеулігі, заманалық қаруы, дайындығы бар әскердің жоқтығы, сондай-ақ олардың арасындағы өзара қайшылықтардың шиеленісуі Ресей империясына (патшалық Ресейге) қолайлы болды.



Петр I.

**Басқыншылықтың басталуы.** 1864 жылы Ресей императоры Александр II Орта Азия хандықтарына қарсы соғыс бастауға бұйрық берді. Бірінші кезекте Қоқан хандығына қарасты бірнеше қорғандар мен қалалар басып алынды. 1865 жылы генерал Михаил Черняев басшылығындағы әскер Ташкент қаласына шабуыл жасайды. Қала Қоқан хандығы әмірләшкері (бас қолбасшысы) Әлімқұл Молда басшылығымен ерлікпен қорғанады. Бірақ әскери тұрғыдан күштер тең емес еді. Әлімқұл Молда ерлікпен қаза тапты. М. Черняев қаланың сумен жабдықталуын үзіп тастады. Ақыр аяғында қала басып алынды. Басып алынған жерде Түркістан облысы құрылды. М. Черняев Түркістан облысының әскери губернаторы (әкімі) етіп тағайындалды.

Ал 1867 жылы Түркістан генерал-губернаторлығы құрылды. 1868 жылы Бұхара әмірлігі, ал 1873 жылы Хиуа хандығы Ресейге бодан мемлекеттерге айналдырылды. Олардан тартып алынған жерлер Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына қосып алынды.

**Қоқан хандығының жойылуы.** Түркістан генерал-губернаторы Кауфман Қоқан хандығын бүтіндей жоюға кірісті. Бұған Қоқан хандығындағы жағдай көмек болды. Өйткені, Құдаярхан өз уақытын ойын-сауықпен, серуенмен, аң мен балық аулаумен өткізді. Ол ғұламалар мен зиялы адамдарды тындамады. Керісінше, езгі мен қорлау жолына өтті. Нәтижесінде халық Құдаяр езгісіне қарсы көтерілді. Көтерілісті бастыру үшін хан мыңбасы Абдурахман офтобашының (офтобашы – ханға қолжуғыш әперіп тұрушы адам) басшылығындағы қосын жібереді. Бірақ офтобашы Абдурахман көтерілісшілердің жағына өтіп кетеді. Ал бұл Ресей басқыншыларына қолайлы жағдай жасайды. Кауфман Ферғана аңғарына қарай әскер жөнелтеді. Теңсіз шайқаста Қоқан қорғаушылары жеңілді.

1876 жылы Ресей императоры Александр II-нің қаулысына сәйкес Қоқан хандығы таратылды. Оның орнына Ферғана облысы құрылып, ол Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына енді.

**Ұлт-азаттық күресі.** Елімізді басып алған соң патшалық Ресей отаршыл тәртіптерін енгізді. Мұндағы байлықтарды та-

лан-тараж етті. Ауыр салықтар мен алымдар енгізді. Ең құнарлы жерлер Ресейден қоныс аударып келгендерге үлестіріп берілді.

Ұлттық құндылықтарымыз бен әдет-ғұрыптарымыз аяқ аясты етілді. Бұл факторлар Түркістан халқын отаршылдарға қарсы көтеріліс шығаруға себеп болды.

1898 жылы Әндіжанда Мұхаммедәлі Ишан басшылығындағы көтеріліс өте аяусыз болды. Көтерілістің мақсаты Қоқан хандығын қалпына келтіру болды. Бірақ күштердің теңсіздігіне, ұқыпты дайындықтың жоқтығынан бұл көтеріліс жеңіліске ұшырады. Басқыншылар көтерілісті аяусыз бастырды.

Мұхаммедәлі мен оның жақтаушылары асып өлтірілді. Жүздеген қатысушылар сүргінге айдалды. Дегенмен, мұндай мейірімсіздік халықты қалжырата алмады.

**Кеңестік отаршылдықтың орнауы.** 1917 жылдың февраль айында Ресейдегі тақта үш жүз жылдан астам отырған Романовтар әулетінің үстемдігі жойылды. Ел ауыр күйзеліс күндерін бастан өткізе бастады.

Бірақ жаңа үкімет бұл күйзелісті жоя алмады. Нәтижесінде билікті коммунистік партия (жеке меншігі жоқ қоғам жолындағы үшін күрескерлер) иеленіп алды.

Дегенмен, коммунистік партия Ресей империясы кезінде басып алынған халықтарға тәуелсіздік бермеді. Соның ішінде, біздің еліміз де Кеңестік Ресейдің отары болып қала берді.

Кеңес империясы (Кеңестік Ресей) алдымен 1917 жылы Қоқан қаласында құрылған ұлттық мемлекетімізді құлатты. Қалада қырғын болды. Бұл қанқұйлы шайқас бүкіл Түркістанды дүрліктірді. Большевиктер халқымыздың ұлттық құндылықтарын, мәдениеті мен әдет-ғұрыптарын менсінбеді. Отарлаушылар езгісі одан әрі күшейді. Ал бұл — ұлт-азаттық күрестің басталуына себеп болды. Бұл күресте Мадаминбек пен Шермұхаммедбек сияқты құрбашылар (жасақ басшылары) жетекшілік етті. Күрес бірнеше жылдарға созылды.

Бірақ бір-бірімен соғысқан күштер тең емес еді. Оның үстіне ұлт-азаттық күресін басқарушылар бір-бірімен толық келісе алмады. Нәтижесінде Түркістанның азаттығы жолындағы күрескерлер

жеңіліске ұшырады. Түркістанның азаттығы жолында күрескендерді қорлап, «басмашылар» деп атады.

Жаңа үкімет жергілікті зиялыларды аяусыз қыспаққа алды. Өйткені, олар Отанымыз азаттығы үшін күрескен ең белсенді күрескерлер еді.

Солардың арасында, Сен 30-тақырыптан біліп алған тәуелсіздігіміз үшін жанын пида еткен Махмұтқожа Бехбуди, Мұнаввар қары Абдурашидхонов, Абдурауф Фитрат, Чулпан, Абдулла Қадыри, әйгілі ақын Усман Насыр сынды жүздеген бабаларымыз бар еді.

Кеңес отаршылдығы жылдарында Ф. Хожаев, А. Акрамов рәуіштес елдің көптеген бастықтары да сүргін құрбаны болған. Патшалық Ресей мен кеңес империясына тәуелділік 130 жылға созылды.

**Азаттық жолындағы күрескерлердің есімі ұмыт болмайды.** 1991 жылы Тәуелсіздік жарияланғаннан кейін Отан азаттығы жолында



«Шейіттер саябағы» жәдігерлік кешені.

каза тапқандардың есімі мен бедел-абыройы лайықты дәріптелді. Президентіміз Ислам Каримовтың бастамасымен 2000 жылы Ташкентте «Шейіттер саябағы» жәдігерлік кешені құрылды. Ал 2002 жылы бұл кешенде «Нәубет құрбандары естелігі» мұражайы ашылды. Сөйтіп отаршылдық кезеңі құрбандарының есімдері мәңгілік етілді.

### Атаулардың мағынасын біліп ал




**Ресей империясы – Патшалық Ресей (Патша Ресейі)** – орыс тілінде патша «царь» деп аталады. Түркістан тұрғындары оны «чор» деп айтатын. Кітаптарда «патша Ресейі» дегеннің орнына Ресей империясы деген атау да қолданылады.

**Кеңес империясы** – бұрынғы Ресей империясының 1922 жылдан бастап атала бастаған атауы. «Совет» (Кеңес) сөзі кеңестік империя кезінде жұмысшылар, дикандар мен солдаттар тарапынан сайланған өкілдердің (депутаттардың) мемлекетті өзара кеңесіп басқарған тәртібі енгізілгенін білдіреді.

### Сұрақтар мен тапсырмалар



- 1. Ресей империясы неліктен біздің елімізді басып алуды жоспарлаған еді?*
- 2. Неліктен Ресей империясы өзбек мемлекеттерін бойсұндыруға қол жеткізді?*
- 3. Бұхара әмірлігі мен Хиуа хандығын бодан мемлекетке айналдыру туралы айт.*
- 4. Қоқан хандығы неліктен таратылды?*
- 5. Түркістандағы халықтың ұлт-азаттық күресі туралы не білдің?*
- 6. Еліміздегі кеңес отаршылдығы қалай орнады?*
- 7. Ұлт-азаттық жолында құрбан болғандардың есімін мәңгі есте сақтау үшін елімізде қандай істер жүзеге асырылуда?*



## VIII ғарау. ӨЗБЕКСТАННЫҢ ЕЖЕЛГІ ҚАЛАЛАРЫ, ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

### 36-§. ӨЗБЕКСТАННЫҢ ТАРИХИ ҚАЛАЛАРЫ



**Самарқант қаласы.** Самарқант – Өзбекстанның ең көне қаласы.

#### Есте сақта!

2007 жылы Самарқанттың 2750 жылдығы халықаралық деңгейде атап өтілді. Самарқант қаласы Отанымыздың жоғарғы марапаты – Әмір Темір орденімен марапатталды.<sup>1</sup>



«Әмір Темір» ордені.

Соғды жазба деректерінде қала Самарқант деп жазылған. Ал Ежелгі Греция тарихшылары Самарқантты Мароканда деп жазып қалдырған. Мароканда бұрын айналасы қорғаныс қабырғасымен қоршалған қала-бекініс болған.

Самарқант мил. бұрынғы IV ғасырдан Соғды мемлекетінің астанасы болып келген. Кейінірек шетелдік басқыншылардың шабуылынан қала бірнеше рет ойрандалған. Самарқанттың гүлденуі, дүниежүзіндегі ең әйгілі де әсем қалалардың біріне айналуы бабамыз Әмір Темірдің атымен байланысты.

<sup>1</sup> Қ. Ражабов және басқ. ДТМК. – Т.: – Т.: «Sharq» БПАК. 2012. 412 бет.

Самарқанттың даңқы Әмір Темір сұлтандығының астанасы ретінде бүкіл дүниеге жайылды және «мәңгі қалалар» қатарына қосылды.

### Есте сақта!

Өте сұлу қалаға айналдырылғандықтан, Самарқант «Дүниежүзі көркі» деп те дәріптелген.

Самарқантта 70-тен астам ірі тарихи архитектуралық жәдігерліктер бар. Олар 2001 жылы халықаралық ЮНЕСКО ұйымының қаулысымен «Дүниежүзінің мәдени мұрасы» тізіміне енгізілді. Мемлекеттің тәуелсіздігі жылдарында Өзбекстанның ең көне қаласы – Самарқанттың бейнесі көріктене түсті.



### Өзінді сынап көр

◆ «Мәңгі қалалар» – .... ◆ «Дүниежүзі көркі» – ... .

**Бұхара қаласы.** Бұхара да Өзбекстанның ең көне әрі мәңгі әсем, әйгілі қалалардың қатарына енді. 1997 жылы Бұхара қаласының 2500 жылдығы атап өтілді. Тарихшы-ғалымдардың болжамына сәйкес, қаланың аты «Тәңірінің сүйіктісі» деген мағынаны білдіреді. Бұхараны ата-бабаларымыз «ізгілік қаласы» деп те атаған. Бұхара алғаш IX–X ғасырларда, кейін XVI ғасырдан бастап астана деген статус алған.



**Бұхара аркасы.**

Қазіргі уақытта Бұхара қаласында жүзден астам ірі тарихи архитектуралық жәдігерлік сақталып қалған. Солардың арасында Бұхара аркасы (билеушілердің тұратын орны), Ысмайыл Самани кесенесі, Минораи Калон, Мір Араб, Ұлықбек медреселері – ең әйгілі жәдігерліктер. Көне Бұхара сонымен қатар жас қала да. Тәуелсіздік жылдарында қаланың көрінісі танымастай өзгерді. Қала бұрыннан да көрікті болып кетті. Әсіресе 107 гектар жерді алатын «Бұхара мәдени орталығы» Өзбекстанның әрбір азаматының бойында Отанын мақтан ету сезімін күшейтуге қызмет етуде. 2010 жылы осы орталықта «Көне және мәңгілік Бұхара» монументі орнатылды.

**Хиуа қаласы.** Хиуа – қазіргі Хорезм облысындағы қала. Ол – Бұхарамен замандас қала. 1997 жылы Хиуаның да 2500 жылдығы тойланды. Қала Шығыстың маржаны деп саналады. Оған қатысты «Мың күмбез қаласы» сөз тіркесі де қолданылады. Хиуа – Ишан қаланың бұрынғы қалпы бүтіндей сақталып қалған жалғыз қала, сондықтан 1967 жылы ол қорық-қала деп жарияланды. Ал 1990 жылы «Дүниежүзінің мәдени мұрасы» тізіміне енгізілді. Кейбір ғалымдардың пікірінше, қаланың аты «құмды жер, «қорған» деген мағыналарды білдіреді. Хиуа XVII ғасырдың басында Хиуа хандығының астанасына айналды. Қаланың осы мәртебесі 1920 жылға дейін сақталды. Хиуаның бүкіл айналасы суға толған ормен қоршалған еді. Қалаға арнайы құрылған көпір арқылы кірген. Бұл көпір түнде көтерілген.

**Шахрисабз қаласы.** Шахрисабз – қазіргі Қашқадария облысындағы Шахрисабз ауданының орталығы. Қала бұрын Кеш деп аталған. Жап-жасыл бақтар, адамның көз жауын алатын гүлзарлар болғандықтан Шахрисабз (жасыл қала) деп аталды. Бұл қалаға жақын жерде, Қожа илғор қыстағында ұлы бабамыз Әмір Темір туған. Әмір Темір мемлекетіне келген Испания корольдығы елшісі Клавихо өз естеліктерінде, қалада өте көп айбынды үйлер мен мешіттер салынған, олардың арасында ең мәшһүрі Ақсарай, деп жазған. Өкінішке орай, осынау айбынды да сұлу Ақсарай жәдігерлігі толық сақталып қалмаған. Солай болса да, Тәуелсіздік жылдарында сарайда үлкен жөндеу жұмыстары жүргізілді. 1996 жылы Әмір Темірдің 660 жылдығына байланысты Шахрисабз «Әмір



**Ақсарайдың қазіргі көрінісі.**

Темір» орденімен марапатталды. Қалада бабамыздың заңғарлы ескерткіші орнатылды. 2002 жылы қаланың 2700 жылдығы тойланып, Шахрисабз «Дүниежүзінің мәдени мұрасы» тізіміне енгізілді.<sup>1</sup>

**Қаршы қаласы.** Бұл қала алғаш Нахшаб, кейін Навтака мен Насаф деп аталған. Ал XIV ғасырдан бастап Қаршы деп атала бастады. «Қаршы» сөзі сарай, қорған дегенді білдіреді.

**Есте сақта!**

«Нахшаб» – су абат еткен мекен, ал «Навтака» жаңа үй деген мағыналарды білдіреді. Арабтар Нахшабты «Насаф» деп атаған.

Қала мил. бұрынғы VII ғасырда құрылған.

Қазіргі Қаршы қаласы – Қашқадария облысының орталығы. Өзбекстанның тәуелсіздік жылдарында Қаршы қаласында да зор

<sup>1</sup> К. Ражабов және басқ. ДТМК. – Т.: «Sharq» БПАК. 2011. 394-бет.

жасампаздық істер жүзеге асырылды. 2006 жылы қаланың 2700 жылдығы мерекеленді.<sup>1</sup>

**Терміз қаласы.** Өзбекстанның тағы бір көне қаласы – Терміз. Бұл атау ежелгі бактрия тілінде «арғы жағадағы мекен» деген мағынаны білдіреді. Қала Орта Азиядағы ірі қолөнершілік және сауда орталығы болған. Бұрынғы Ұлы жібек жолының ортасында орналасқан, бұл қала түрлі халықтарды және олардың мәдениетін өзара байланыстырып тұрған. Бүкіл дүниеге танымал хадис ілімінің ғұламасы Имам ат-Термізи және софы ілімінің философы Хәкім ат-Термізи де осы қалада туылған еді. Қала өз тарихында бірнеше рет басқыншылардың шабуылына ұшырап, қиратылды. Терміз қаласы бүгінде Сұрхандария облысының орталығы. 2002 жылы Терміз қаласының 2500 жылдық мерейтойы халықаралық деңгейде атап өтілді. Ал 2014 жылы «Әмір Темір» орденімен марапатталды.

### Өзіңді сынап көр



- ◆ 2500 жылдығы атап өтілген қалалар ....
- ◆ «Әмір Темір» орденімен марапатталған қалалар...
- ◆ Елдің астанасы болған қалалар ....

### Атаудың мағынасын біліп ал



**Муқаддис** — хадистерді жинаумен, іріктеумен және шолумен шұғылданатын тұлға.

### Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Самарқант қаласы туралы не біліп алдың?
2. Бұхара қаласы туралы алған біліміңді айтып бер.
3. Бұхара мен Хиуа қалалары туралы мәліметтерді салыстыр. Ұқсас және ерекше жақтарын анықта.
4. Самарқант пен Бұхара қалалары туралы мәліметтерді салыстыр. Ұқсас және ерекше жақтарын анықта.
5. Шахрисабз, Қаршы мен Терміз қалаларының тарихы жөнінде не білдің?

## ӨЗ БЕТІМЕН ІСТЕЙТІН ЖҰМЫС

(Кестені толтыр)

Қалалар	Қала атының мағынасы	Қалаға қатысты істетілетін үйлестіктер	Астана мәртебесін алған кезең	Қаланың мерейтойы атап өтілген жыл
Самарқант				

<sup>1</sup> Қ. Ражабов және басқ. ДТМК. – Т.: «Sharq» БПАК. 2011. 410-бет.

Бұхара					
Хиуа					
Шахрисабз					
Қаршы					
Терміз					

### 37-§. ӨЗБЕКСТАННЫҢ АСТАНАСЫ ТАШКЕНТ – 2200 ЖАСТА



**Ташкенттің ежелгі орны.** Қазіргі Ташкент қаласының 2200 жылдық тарихы бар. Археолог-ғалымдар көп жылдық ізденістерден соң Ташкент қаласының ежелгі орны қазіргі теміржол вокзалы жанында, Салар каналы жағалауында орналасқан деп анықтады. Бұл жер «Мың өрік» және «Мың өрік төбе» деп аталған. Қаланың осылай аталғанының себебі, бұрын осы жерде үлкен өрікзар отырғызылған еді. VI ғасырда қала Чоч (Ташкент) облысының орталығына айналған.

**«Ташкент» атауы туралы.** Милодтан бұрынғы ғасырлардағы Қытай деректерінде Ташкент «Ши» деген атпен тілге алынған. Бұл ат «Тас қала» деген мағынаны білдірген. Ұлы бабамыз Әбу Райхан Беруни өзінің «Үндістан» деген туындысында «Тошкент» деген атауды қолданған. Қала арабтардың қолына өткен соң, араб әліпбиінде «ч» әрпінің жоқтығынан «Чоч», «Шош», «Шошкент», «Мадинат аш-Шош», «Бинкат» сияқты аттармен аталған. Қаланың айналасы күшті қорғаныс қабырғамен қоршалған. Арабтарға дейінгі дәуірде қала іші арка мен шахристанға бөлінген. Аркада патша сарайы мен ғибадатхана орналасқан. Қаланың лауазымды адамдар жасайтын бөлігі шахристан, ал қолөнершілер жасайтын бөлігі рабат деп аталған. Ташкент халықаралық керуен сауда жолында орналасқандықтан мұнда қолөнердің түрлі салалары жақсы өркендеген. Археолог-ғалымдар қала аумағынан түрлі елдердің теңге ақшаларын тапқан. Ал бұл Ташкенттің қызу сауда орталығы болғанын дәлелдейді.



#### Өзінді сынап көр

◆ Мың өрік – .... .

◆ Бинкат – ... .



Ташкент қаласының  
елтаңбасы.

**Ташкент – тәуелсіз Өзбекстан мемлекетінің астанасы.** Ташкенттің астаналық мәртебесі Өзбекстан Конституциясының 6-бабында да жазылған. Ташкент қаласы қазіргі таңда тек Орталық Азияда ғана емес, дүниежүзінде де ең сұлу қалалардың біріне айналуда.

**Тәуелсіздік және зор жасампаздық өзгерістер.** Астанамыздағы бұл өзгерістер тәуелсіздік шарапатымен жүзеге асырылған зор жасампаздық істердің нәтижесі.

1991 жылы қалада құрылған Әлішер Науаи атындағы Өзбекстан Ұлттық бағы осынау жасампаздықтың нышаны болды. Бақта бабамыздың биік мүсіні орнатылды.

Бұл бақ еліміздің ең сұлу да көрікті саябағына айналды. Бұл жерде жыл сайын атап өтілетін еліміздің Тәуелсіздік күні мен Наурыз мерекесіне арналған республикалық салтанатты мейрамдар өткізілуде.

Бас алаң – Тәуелсіздік алаңында жүзеге асырылған жасампаздық істерден жүрегімізде мақтаныш-мерей кернейді. 1992 жылы алаңда орнатылған Тәуелсіздік монументіне Өзбекстан картасының бейнесі түсірілген. Бұл бейне дүниежүзінде Өзбекстандай тәуелсіз мемлекеттің барын көрсетіп тұрады. Оны көрген отандастарымыз ұлттық мақтаныш түйсіктерін сезінеді.



Тәуелсіздік пен ізгілік  
монументі.

2005 жылы осы монументтің алдына «Бақытты ана» бейнесі орналасқан соң, Тәуелсіздік монументі бұдан былай «Тәуелсіздік пен ізгілік монументі» деп аталатын болды.

«Тәуелсіздік пен ізгілік монументіне» қарай «Ізгілік аркасы» арқылы өтуге болады.



**«Ізгілік аркасы».**

Оның үстінде орнатылған ақ ләйлек тыныштық пен құт-берекенің рәмізі, ал қанатын қағып тұрған тырналар — мемлекетіміздің ұлы келешекке қарай ұшқан рәмізі болмақ.

Ал «Бақытты ана» ескерткіші жанұяның шам-шырағы — әйелдерге көрсетілген зор ықылас пен құрметтің жарқын көрінісі бо-



**Олий Мажлис Заң шығару палатасының ғимараты.**



**Олий Мажлис Сенатының ғимараты.**

лып табылады. Оны тамашалаған кісі перзентін көкірегіне басып тұрған бақытты Ана бейнесінде өз анасын, өзінің бақытты балғын шағын көргендей болады.

Қала орталығында Әмір Темірдің есімімен аталатын үлкен саябақ салынды. 1993 жылы саябақта Сайыпқыран мүсіні орнатылды.<sup>1</sup> Бұл ескерткіш адамның жүрегін мақтаныш сезіміне толтырады. Бұдан басқа, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі палаталарына арналып салынған ғимараттар, Әмір Темір саябағының Күн шығыс жағында салынған айбынды «Өзбекстан халықаралық конференциялар сарайы», Әлішер Науаи атындағы Ұлттық кітапхана мен Ағарту орталығының ғимараттары, Хазірет Имам (Хаста Имам) кешені, 2014 жылы құрылған «Минор» мешіті өздерінің сұлулығы мен айбындылығы арқасында астанамыздың көркіне көрік қосып тұр. Білім-ғылым және мәдениет мәселелері бойынша халықаралық ислам ұйымы 2007 жылы Ташкент қаласын «Ислам мәдениеті астанасы» деп жариялады.

Халықаралық ЮНЕСКО ұйымының қаулысына орай 2009 жылы Ташкенттің 2200 жылдығы атап өтілді. Мемлекетіміздің ең жоғар-

---

<sup>1</sup> Қ. Ражабов және басқ. ДТМК. – Т.: «Sharq» БПАК. 2011 ж. 329-бет.

ғы ордені – «Тәуелсіздік» орденімен марапатталды. Өзбекстан Президенті Ислам Каримов мерейтой салтанатында сөйлеген сөзінде Ташкентті «Тарихы бай, бүгіні сұлу, келешегі ұлы қала» деп атады.



«Тәуелсіздік» ордені.



#### Атаудың мағынасын біліп ал

**Бинкат** – алыстан көрініп тұратын қала.

#### Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Сенің ойыңша, ғалымдар Ташкент қаласының 2200 жаста екенін қалай анықтаған?
2. Ташкенттің бұрынғы тарихы туралы не біліп алдың?
3. «Ташкент» сөзі және Ташкенттің түрлі замандарда қандай атаулармен аталғаны туралы айтып бер.
4. Өзбекстан тәуелсіздігі жылдарында Ташкент қаласында жүзеге асырылған зор жасампаздық істері туралы не білесің?

## 38–39-§. ӨЗБЕКСТАННЫҢ ТАРИХИ-АРХИТЕКТУРАЛЫҚ ЖӘДІГЕРЛІКТЕРІ




**Ысмайыл Самани кесенесі.** Бұхара қаласындағы мәдениет және демалыс саябағында Ысмайыл Самани кесенесі бой көтеріп тұр. Оны IX ғасырда Мауароуннахрдың атақты билеушісі Ысмайыл Самани құрғызған. Кесененің төрт жағының өлшемі мен көрінісі бірдей дерлік. Күйдірілген қыштан салынған кесененің қабырғасы шыбықтан өрілген тоқыманы еске түсіреді. Кесененің үсті күмбезбен жабылған. Күмбездің айналасында төрт құбба (кіші күмбез) орналасқан.


**Минораи Калон.** Минораи Калон (Үлкен мұнара) – Бұхара қаласында салынған ең әсем архитектуралық жәдігерліктердің бірі. Оны Мауароуннахр билеушісі Арыстанхан 1127 жылы құрғызған.<sup>1</sup>

Мұнараның тірегі жер деңгейінен 9 метр төменірек салынған.

<sup>1</sup> Қ. Ражабов және басқ. ДТМК. – Т.: «Sharq» БПАК. 2011 ж. 75-бет.



**Ысмайыл Самани кесенесі.**



**Минораи Калон.**

Ол тастан және арнайы қоспадан құрылған. Биіктігі 50 метрдей мұнара күйдірілген қыштан терілген, сондай-ақ оның жоғарғы жағына төңірегін бақылау үшін 16 терезе ашылған. Мұнараға оның ішіндегі 104 айналма баспалдақ сатыларымен шыққан. Минораи Калон осы күнге дейін көкке бой созып тұр.

**Регистан кешені.** Регистан Шығыс елдерінде, соның ішінде, Өзбекстанда да қаланың орталық алаңы саналған. Тарихты алып қарағанда, мұндай аландарда түрлі шаралар, атап айтқанда: мерекелер, серуендер, тойлар өткізген. Аланды тозып кетуден сақтау үшін оның үстіне ұсақ тастар төселген.

Кейінірек Регистан алаңында құрамында Ұлықбек, Шердор, Тиллақары мешіттері бар архитектуралық кешен құрылды.

*Ұлықбек медресесі* XV ғасырда құрылған. Екі қабатты ғимараттың айналасын бөлмелер мен дәрісханалар қоршаған. Медресе құрамындағы екі мешітті – Шердор мен Тиллақары медреселерін XVII ғасырда Самарқанд әкімі Жалаңтөс Баһадүр құрғызған. Шердор медресесі Ұлықбек медресесіне қарама-қарсы орналасқан. Медресе төртбұрышты және екі қабатты етіп салынған.



### Регистан архитектуралық кешені.

Ғимараттың төбесінде ақ киікті қуып бара жатқан қызғылт сары жолбарыс бейнеленген. Күннің көз қиығы бадам дәні тәрізді етіп бейнеленген. Төбенің екі бетінде күмбезді дәрісхана мен мешіт орналасқан.

Тиллақары (алтынмен істелген) медресесі алғаш Жалаңтөсби кіші медресесі деп аталған. Медресе ғимаратында орналасқан мешітті безендіру үшін өте көп алтын жұмсалған, сондықтан ол Тиллақары атауын алған.

Самарқанд қаласының 2750 жылдығымен байланысты, Тиллақары медресесінде де зор жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Қазіргі күнде Регистан алаңында әйгілі «Шарқ тароналари» халықаралық музыка фестивалі өткізілуде. Өзбекстан Президенті Ислам Каримов осы халықаралық фестивальдың маңыздылығы жөнінде: «Шарқ тароналари» музыка фестивалі халықтарымыз мәдениеттерін өзара байытады ..., халықтарымызды ... бір-біріне жақындастырады», – деген.

**Ақсарай.** Ақсарай архитектуралық ескерткіші қазіргі Қашқадария облысының Шахрисабз қаласында орналасқан. Оны ұлы бабамыз Әмір Темір өз анасының құрметіне құрғызған. Ескерткіш нақыштарына түсірілген бояулар айдың жарығында жылтырап, ағарандайды, сондықтан оны Ақсарай деп атаған.

Бұл сарай өз заманында ең сұлу да зәулім архитектуралық ғимарат болған. Биіктігі 50 м келетін ескерткішке айналма баспалдақ сатылармен шыққан. Ақсарай кеңсесі төбесіне Күн, Арыстан, Әмір Темір мемлекетінің үш шеңбер тәріздес бейнесі түсірілген. Әсіресе Ақсарайдың төбесіндегі хауыз сарайдың ерекше көркі еді. Бұл хауызға суды асу арқылы қорғасын құбырлармен жеткізген. Хауыздағы артықша су жасалған сарқырама арқылы төменге жіберілген. Бүгінде Ақсарай архитектуралық кешені қайта тіктеліп, орталық аланда Әмір Темірдің мүсіні орнатылды.

Ақсарайдың сұлулығы мен айбындылығы тіпті шетелдіктерді де таңқалдырған.

### Зер салып оқы!

Тіпті атағы жер жарған шеберлері бар Парижде де бұл іс өте .... деп саналған болар еді.

*Гонсалес де Клавихо* – Испания корольдығы елшісі.

Бұрынғы заманда бүкіл дүниені таңқалдырған Ақсарайдан қазір не бары үлкен порталдың екі шетіндегі мұнара және тірегінің бір бөлігі ғана аман сақталған.

**Ишан қала.** Дүниежүзіндегі асыл жәдігерліктердің тағы бірі – Ишан қала Хиуа қаласының ішкі бөлігі болып келеді. Ол құрамында ежелгі ата-бабаларымыз шебер құрған, сирек кездесетін 54 тарихи-архитектуралық жәдігерліктен тұратын кешенге кіреді. Бұл кешен Көне Арка (арызхана), медреселер, мешіттер, кесенелер сияқты басқа да құрылыстарды қамтиды. Осындай сирек те сұлу ескерткіштерімен бірге сақталып қалған қалалардың саны жер жүзінде өте аз.

Сондықтан да 1961 жылы Ишан қала кешені мұражайға айналдырылды. Бұл мұражай-қорықтың ауданы 26 гектар. Ал 1990 жылы халықаралық ЮНЕСКО ұйымының шешімі бойынша Ишан қала «Дүниежүзінің мәдени мұрасы» тізіміне енгізілді.

### Атаулардың мағынасын біліп ал



**Кесене** – өлген адамның денесін жерлейтін архитектуралық ғимарат.



### Ишан қала кешені.

**Мұнара** — төменнен жоғарыға қарай кішірек етіп құрылған биік құрылыс. Мұнаралар негізінде дін өкілдерін азанға шақыру, қаладағы архитектуралық кешендердің көркіне көрік қосу, сондай-ақ оны құрғызған адамның күш-қуатын көрсету үшін құрылған.

**Регистан (ұсақ тастар төселген жер)** — Шығыс елдеріндегі қаланың орталық алаңы.

### Сұрақтар мен тапсырмалар



1. *Бімайыл Самани кесенесі мен Минораи Калон туралы әңгімеле.*
2. *Ақсарай туралы әңгіме айт.*
3. *Ишан қаланың мұражай-қорыққа айналдырылғаны және Дүниежүзінің мәдени мұрасы тізіміне енгізілгені нені білдіреді?*

### ӨЗ БЕТІМЕН ІСТЕЙТІН ЖҰМЫС

Сенің ауданыңда қандай тарихи жәдігерліктер барын анықта.

## IX тарау. АДАМЗАТ ТАРИХЫНДАҒЫ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТАР



### 40-§. БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС



**Соғыстың себептері.** Соғыстардың бәрі де үрейлі болады. Бірақ олардың ішіндегі ең үрейлісі – дүниежүзілік соғыстар. Өйткені мұндай соғыстарға көптеген елдер қатысады. Сондай-ақ, азап пен күйзеліс, халықтардың басына түсетін қайғы-қасіреттер соншалықты ауыр болады. Осы күнге шейін адамзат екі дүниежүзілік соғысты бастан өткізді. Солардың біріншісі 1914 жылда басталып, 1918 жылда аяқталды.

Қош, бұл соғыстың себебі не еді? Күшті мемлекеттер 1914 жылға дейін дүниедегі әлсіз елдердің аумақтарын басып алып, оларды өз отарына айналдырған болатын. Ұлыбритания (Англия), Франция және Ресей империясы дүниедегі ең ірі отаршыл мемлекеттерге айналып қалды.

#### Мынаны есте сақта!

Басқа елдердің аумақтарын зорлықпен басып алған мемлекеттер отаршыл мемлекеттер деп аталады.

Германия, Австрия-Венгрия, Италияның отарлары азырақ еді. Осы сылтаумен Германия дүниежүзінің қайта бөлінуін талап ете бастады.

Австрия-Венгрияның үміттенген жерлері негізінде патшалық Ресейдің ықпалында еді. Ал Италия үміт еткен аумақтар Францияның қол астында болған. Сондықтан да олар Германияны қолдап-қуаттады. Ұлыбритания, Франция, Ресей Германияның талапта-

рын қабылдамады. Нәтижесінде Еуропадағы күшті мемлекеттер арасындағы қайшылықтар одан сайын шиеленісті. Ақыр аяғында олар бір-біріне дұшпан болған екі одаққа бірікті. Германия, Австрия-Венгрия мен Италияны бірлестірген бірінші одақ «Үш жақты одақ» деп, ал Англия, Франция мен патшалық Ресейді бірлестірген одақ «Антанта» деп аталды.

### Есте сақта!

«Үш жақты одақ» мен «Антанта» арасындағы дүниені қайта бөлуге деген талпыныс — Бірінші дүниежүзілік соғыстың ең басты себебі болды.

**Соғыстың басталуы және оның нәтижесі.** Бірінші дүниежүзілік соғыс Австрия - Венгрияның Сербияға қарсы жасаған шабылуынан басталды. Бұған жауап ретінде Ресей Австрия-Венгрияға қарсы, Германия Ресей мен Францияға қарсы, ал Англия Германияға қарсы соғыс жариялады.

Сөйтіп Бірінші дүниежүзілік соғыстың жалыны бүкіл Еуропаны орап алды. Соғыс бірте-бірте дүниенің 38 мемлекетін қамтыды.

Соғыс басталған соң «Антанта» көп уәде беріп, Италияны өз жағына тартуға қол жеткізді.

Бірінші дүниежүзілік соғыста мүлде жаңа қару-жарақ — сүңгуір қайықтар, хлорлы газ, танкілер қолданылды.

Германияның сүңгуір кемелері тіпті жолаушылар таситын кемелерге де шабуыл жасады. Мысалы, 2000-нан астам жолаушысы бар «Лузитания» кемесі солардың бірі еді. Шабуылдың салдарынан олардың көпшілігі қаза тапты.



Танкілер.



«Лузитания» кемесі суға батуда.

Бірінші дүниежүзілік соғыс 1918 жылғы күзде Германияның және оның одақтастарының жеңілісімен аяқталды. Бұл жеңілістің салдарынан Германия, Австрия-Венгрия және Осман империялары бөлшектеніп кетті. Германиядағы император тақтан құлатылды, ол шетелге қашып кетуге мәжбүр болды. Ұлыбритания мен Франция жеңіліп қалғандардың отарларын басып алды. Дегенмен, соғыс олардың жағдайын да нашарлатып қойған еді.

Ресейдегі үш жүз жылдан астам уақытқа созылған Романовтар әулетінің үстемдігі 1917 жылы жойылды. 1917 жылы соғысқа қосылған АҚШ, соғысқа қатысушыларға қару-жарақ сату, көп мөлшердегі ақша қарызға беру есебіне үлкен байлық арттырды.

Ол тіпті дүниедегі ең ірі отаршыл мемлекет – Ұлыбританияны да қарыздар етіп, дүниежүзіндегі озат мемлекетке айналып қалды.

#### Өзіңді сынап көр



- ◆ «Үш жақты одақ» ... .
- ◆ Антанта – ... .
- ◆ Бірінші дүниежүзілік соғыс ... басталды.

**Соғыстың адамзатқа келтірген жантүршігерлік салдары.** Төрт жылдан астам уақытқа созылған осынау үрейлі соғыс дүниежүзі халықтарына өте ауыр зиян келтірді. Соғыс кезінде 10 миллион кісі қаза тапты.

Ал 20 миллион адам жараланып, мүгедек болып қалды. Мемлекеттер өте көп мөлшерде залал көрді.

#### Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуына не себеп болды?
2. Соғыстың басталуына себепші болған мемлекеттерді атап өт.
3. Соғыс қандай оқиғадан басталып, қандай нәтижемен аяқталды?
4. Соғыстың нәтижесі, жантүршігерлік салдары туралы не білдің?

## ӨЗ БЕТІМЕН ІСТЕЙТІН ЖҰМЫС

(Кестені толтыр)

Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуына себепші мемлекет топтары	Соғыстың басталған және аяқталған жылдары	Соғыстың Германия мен оның одақтастары тигізген салдары	Соғыстың Ұлыбритания, Франция мен Ресей империясы тигізген салдары	Соғыстың АҚШ тигізген салдары	Соғыстың жер жүзіндегі халықтарға келтірген азабы

### 41-§. БІРІНШІ ДҮНИЕЖҰЗІЛІК СОҒЫС ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН



**Соғыстың Түркістанға жасаған ықпалы.** Бірінші дүниежүзілік соғыс Отанымыз – Түркістанды шеттеп өткен жоқ. Өйткені ол кезде Түркістан Ресей империясының отары болған еді. Түркістан жерінде соғыс әрекеттері жүргізілген емес. Сонда да соғыс жылдарындағы отаршыл Ресейдің Түркістан халқына көрсеткен қысымы бұрынғыдан да күшейді. Сондай-ақ, соғыстың қажетсінулеріне арналған салықтардың мөлшері көбейді. Өлкеден тасып әкетілетін мақтаның, астықтың, басқа да ауыл шаруашылық өнімдерінің мөлшері артты.

Бұнысы да жетпегендей, 1916 жылы Ресей императоры II Николайдың жарлығына сәйкес Түркістандағы жасы 19-дан 43-ке дейінгі еркек тұрғындар мердігерлікке тартыла бастады. Мұның нәтижесінде көптеген жанұялар асыраушыларынан айырылды.

Ал ауыл шаруашылығы күйзеліске түсе бастады. Императордың жарлығы Түркістан халқының наразылығын туғызды. Ал бұл ақыр аяғында халықтың көтерілісіне алып келді.

**Көтерілістің басталуы.** Халық қозғалысы бүкіл Түркістан өлкесін қамтыды. Барлық жерде отарлаушылар әскерлерімен қанқұйлы қақтығыстар болды. Мердігерлікке қарсы наразылық қозғалысы бірден бүкіл өлкеге жайылып кетті. Ташкентте басталған көтеріліске

қатысушылар Бесағаштағы полиция бөлімшесінің алдына жиналды.

Көтерілістің белсенді қатысушысы Ризвонбиби Ахмаджонова оларға қарап: «Бізді өлтірсеңдер де өз ұлдарымызды бермейміз», — деді нықтап. Полицейлер Ризвонбибиге қарай оқ атты. Бұдан ашу-ызаға мінген адамдар полиция бөлімшесін басып алды. Полицейлерге жәрдемге келген әскерлер оннан астам көтерілісшілерді атып өлтірді. Көтерілісті қиындықпен басты.

**Жызақтағы көтеріліс.** Мердігерлікке алу туралы жарлыққа қарсы наразылық әсіресе Жызақта кең қанат жайды. Жызақтан жалпы 11 мың адам мердігерлікке жіберілуі тиіс еді. Жызақтықтар мердігерлікке алу туралы жарлықтың жойылуын, мердігерлікке тартылатындардың тізімін жасаудың тоқтатылуын талап етті.

Бірақ бұл талап қабылданбады. Оның үстіне зор наразылық басталды. Бұл негізінде ұлт-азаттық күрес еді. Көтеріліске На-



Полиция Ризвонбибиге оқ атты.

зирқожа Абдусаломов пен Абдурахман жевачилер жетекшілік етті.

Алайда күштері мүлде теңсіз болатын. Нәтижеде көтерілісшілер жеңіліске ұшырады. Көтерілісшілер, олардың бастықтары аяусыз жазаға тартылды. Көтеріліске қатысқан ауылдар өртеп жіберілді. Тіпті көтерілісшілердің жанұя мүшелеріне де аяушылық көрсетілмеді.

Көтеріліс бастықтары өлім жазасына үкім етілді. Ал қалғандары түрлі мерзімдерге қамауға және жер аударуға жөнетілді.

Көтерілісшілерге жаны ашып, оларды ұстауға жәрдем бермеді деп айыпталғандарды шөлге қуып жіберді.



#### Өзінді сынап көр

- ◆ Мердігерлік – бұл ... .
- ◆ 1916 жылғы көтеріліс ... еді.

**Көтерілістің жеңілу себебі мен маңызы.** Отарлаушыларға қарсы жүргізілген күресте көтерілісшілердің ешқандай тәжірибесі жоқ еді. Олар ешқандай арнаулы дайындық та жасаған жоқ. Олардың негізгі қару-жарақтары кетпен, айыр, таяқ болды.

Ал отарлаушылардың әскері заманалық қару-жарақтармен жабдықталған еді. Соған қарамастан, көтеріліске қатысушылар отарлаушылар тарапынан аяқ асты етілген құқықтарын қалпына келтіру жолында күрес жүргізді. Отанымыздың жанқияр перзенттері екенін көрсетті. Күштері тең емес күресте көрсеткен ерлігі арқасында Отанымыз тарихында өшпес із қалдырды.

1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс Ресей империясын қатты шошытты. Оның Түркістандағы күш-қуатын әлсіретті.

Көтеріліс Түркістан халқын мердігерлікке алу жөніндегі жарлықтың толық орындалуынан сақтап қалды. Мұның нәтижесінде мердігерлікке жіберілгендердің саны жоспарлап қойылған мөлшерден екі есе кем, не бары 120 мыңнан астам адам болды. Олар Ресейдің түрлі түкпірлерінде ауыр еңбектен, аштықтан, қорлықтан қатты азап шекті. Көбі қатты суықтан, түрлі аурулардан өліп кетті. Олардың бір бөлігі өмірбақи мүгедек болып қалды.

Көтеріліс отандастарымыздың өз құқықтарын қорғау жолында күресе алатынын дәлелдеді. Бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күрес түйсігі ешқашан сөнбейтінін отаршыл үкіметке тағы бір рет паш етті.

### Атаулардың мағынасын біліп ал



**Жевачи** – құрал-саймандар сақтауға арналған қойма менгерушісі.

**Мердігер** – уақытша іске жалданушы жұмысшы.

### Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Бірінші дүниежүзілік соғыс неліктен Түркістанға әсерін тигізбей қоймады?
2. Мердігерлікке алу деген не?
3. 1916 жылғы жаздыгүні Түркістанда басталған ұлт-азаттық қозғалыстың себебі туралы не білдің?
4. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі неліктен жеңіліске ұшырады?
5. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың тарихи маңызын айтып бер.

## 42-§. ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС



**Екінші дүниежүзілік соғыстың себептері.** 1933 жылы Германияда биліктің басына немістердің басқа халықтардан үстем болуынан мүдделі үміткерлер келді.

Олардың жолбасшысы А. Гитлер елде өзінің жеке билігін орнатты.

Ол өз алдына бірінші дүниежүзілік соғыстағы жеңіліс үшін жеңімпаздардан кек алу, дүниені қайта бөлісу, бүкіл Еуропаны бағындыру, кейіннен бүкіл дүниеге үстемдік ету жөнінде мақсат қойған еді. Осындай төтенше мақсатына жету үшін бар күшімен жаңа соғысқа дайындық көрді.

Италия мен Жапония онымен одақ түзді. Тез арада өз мақсаттарын жүзеге асыруға кірісті. Сондықтан 1939 жылғы 1 сентябрьде Германия Польшаға шабуыл жасады. Бұған жауап ретінде Ұлыбритания мен Франция Германияға қарсы соғыс жариялады. Сөйтіп Екінші дүниежүзілік соғыс басталды. Ұлыбритания, Франция мен бұрынғы Кеңес Одағы өзара қайшылықтар мен сенбеушіліктен соғыстың алдын ала алмады.

### Мынаны есте сақта!

Гитлер Германиясының жер жүзіне үстемдік етуге деген ұмтылысы Екінші дүниежүзілік соғыстың негізгі себебі болып табылады.

Ұлыбритания мен Франция Польшаны қорғау үшін ешқандай шара қолданған жоқ. Нәтижесінде Польша 17 күнде берілді.

**Соғыстың барысы.** Соғыс басталған соң, Германия қысқа уақыт ішінде Батыс Еуропадағы елдерді басып алды.

Ол 1940 жылы тіпті Францияны да талқандады. Оның кезектегі мақсаты Ұлыбритания мен бұрынғы Кеңес Одағын бағындыру болды. Бірақ Ұлыбританияның соғыс-теңіз флоты мен соғыс-әуе күштері күшті болғандықтан, оны басып алмады. Сондықтан Гитлер КСРО-ны басып алуға бел байлап, 1941 жылғы 22 июнь күні оған қарсы шабуыл жасады. Ал декабрь айында Жапония Тынық мұхитта АҚШ-қа қарсы соғыс әрекетін бастап жіберді. Гитлер Кеңес Одағын қысқа уақыт ішінде басып алуды жоспарлап қойған еді.

Германия әскері бірте-бірте жеңіп шығып, алға қарай жүре бастады. Бұрынғы КСРО астанасы – Мәскеу қаласын басып алуға сәл-ақ қалды. Бірақ Кеңес Одағының әскері ерлікпен қарсылық көрсетіп, Гитлердің Кеңес Одағын қысқа уақыт ішінде басып аламын деген жоспарын жоққа шығарды. Құрамында өзбекстандық жауынгерлер де болған бұрынғы Кеңестік Одақ әскерлерінің екпіндете жасаған шабуылынан Германия әскері шегінуге мәжбүр болды. Сол бір мезгілде бұрынғы Кеңес Одағы, АҚШ пен Ұлыбритания Германияға қарсы бірлесіп соғыс жүргізуге келісті. Сөйтіп Гитлер Германиясына қарсы одақ пайда болды.

АҚШ пен Ұлыбританияның бірлескен әскері Германиямен одақтас Италияны берілуге мәжбүр етті. Бұрынғы Кеңестік Одақ әскері



Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде қолданылған бұрынғы Кеңес Одағының қаруы – катюша.



**Германияның тізе бүккені туралы құжатқа қол қою.**

1944 жылы Германия әскерін өз жерінен толығымен қуып шықты. Одақтас елдердің Германияны тізе бүгуге мәжбүрлеуі сөзсіз болатын. 1945 жылы Адольф Гитлер мен оның бірнеше серіктері өз өміріне қастандық істеді.

Ақыры, 1945 жылғы 8 май күні Германия одақтас мемлекеттерге сөзсіз берілді. Бұл жөнінде тиісті құжатқа қол қойылды.

Бұрынғы Кеңес Одағы фашистік Германияны жойған жеңіске байланысты 9 май күнін Жеңіс күні деп жариялады.

2 сентябрь күні Жапонияның тізе бүккені туралы құжатқа қол қойылды. Сөйтіп Екінші дүниежүзілік соғыс оны бастаған елдердің жеңілісімен аяқталды.

**Соғыстың жантүршігерлік салдары.** Екінші дүниежүзілік соғыс соғыстар тарихындағы ең үрейлі соғыс болды. Соғысқа 60-тан астам мемлекет қатысты.

### **Мынаны есте сақта!**

Екінші дүниежүзілік соғыс 6 жылға созылды.

Алты жыл ішінде 60 млн-нан астам адам қаза тапты. 90 млн-нан артық адам жарадар және жарымжан-мүгедек болып қалды. Гитлершілер басып алынған аумақтардан жасы үлкен кісілерді ғана емес, сонымен қатар балаларды да жұмыс істетуге айдап әкетті. Олармен бірге соғыста тұтқынға алынған әскерлер арнаулы лагерьде отырды. Осындай лагерьде отырғандардың шамамен 16 миллионы азап-қорлықтан өліп кетті.

Оларды лагерьдің арнайы орнында газбен улап өлтірді. Өлген адамдардың денесін арнайы пеш камерасында өртеп, күлін тыңайтқыш ретінде пайдаланды. Бұлардың бәрі — адамзат жер жүзінде берік бейбітшілік жолында неліктен күресуге тиісті деген, сұрақтың жауабы.

**Қылмыс жазасыз қалмайды.** Жоғарыда келтірілген цифрлар гитлершілердің адамзатқа қарсы жасаған жантүршігерлік қылмыс-

тардың көрсеткіштері болды. Сондықтан да 1946 жылы халықаралық сот осындай қылмыстың аман қалған айыпкерлеріне үкім шығарды. Бұл үкімге сәйкес шамамен қылмыс жасаған 12 адам өлім жазасына кесілді. Қалғандарын ұзақ мерзімді яки өмірлік түрмеге жабуға үкім шығарылды.

### Өзінді сынап көр



- ◆ 1939 жылы — ... .
- ◆ 1945 жылғы 8 май — бұл ... .
- ◆ 1945 жылғы 2 сентябрь ... .

### Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Гитлер Германиясының мақсаты не еді?
2. Бұрынғы Кеңес Одағы, Ұлыбритания мен Франция неліктен Екінші дүниежүзілік соғыстың алдын ала алмады?
3. Екінші дүниежүзілік соғыстың қалай аяқталғанын айт.
4. Екінші дүниежүзілік соғыстың жантүршігерлік салдары адамзатқа қандай сабақ болды?

### ӨЗ БЕТІМЕН ІСТЕЙТІН ЖҰМЫС

(Фактілерді салыстырып, кестені толтыр)

Р/н	Сұрақтар	Бірінші дүниежүзілік соғыс	Екінші дүниежүзілік соғыс
1.	Соғыстың басталған жылы мен күні		
2.	Соғыс қалай басталды?		
3.	Соғысқа қатысқан негізгі елдер		
4.	Соғыстың нәтижесі		
5.	Соғыстың жантүршігерлік салдары		

## 43-§. ГИТЛЕРЛІК ГЕРМАНИЯНЫ ЖОЙҒАН ЖЕҢІСКЕ ӨЗБЕКСТАННЫҢ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ



**Өзбекстан халқының еңбектегі ерлігі.** Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Өзбекстан әлі де бұрынғы Кеңестік Одақ құрамында еді. Сондықтан 1941 жылғы 22 июнь күні гитлерлік Германия бұрынғы Кеңес Одағына шабуыл жасаған соң Өзбекстан да соғысқа тартылды.

Дегенмен Өзбекстан фронтты зәру қару-жарақпен, азық-түлікпен, киім-кешекпен жабдықтап отырды. Өзбекстаннан соғысқа 1 миллион 400 мыңнан астам жауынгер қатысты. Халықтан жиналған ақшалай қаржы мемлекеттің қорғаныс қорына тапсырылды.

Бұрынғы Кеңес Одағы Германия тарапынан басып алу қаупі бар аумақтарда орналасқан жүзден астам өнеркәсіп орындарын Өзбекстанға көшірді. Өзбекстандағы жұмысшылардың қажырлы еңбегі арқасында көшіп келген кәсіпорындар қысқа уақыт ішінде қайта құрылып, фронтқа қажетті өнім шығаратын болды. 280 жаңа кәсіпорын құрылды.

Өзбекстан соғыс жылдарында фронтқа 2100 ұшақ, 1700 ұшақ моторын, 2 миллионнан астам авиабомба, 330 мың парашют және басқа да қару-жарақ пен әскери бұйымдар жеткізіп берді.

Ал Өзбекстандағы фабрикалар жауынгерлерді жылы киім-кешекпен жабдықтау ісіне салмақты үлес қосты.

**Ауыл еңбекшілерінің ерлігі.** Өзбекстандық ауыл тұрғындары фронтқа қажетті азық-түлік пен киім-кешек жіберуде зор жанқиярлық көрсетті. Еркектер соғысқа шақырылған соң ауыл шаруашылығында жұмысшы күші жетіспей қалған еді. Олардың орнын әйелдер мен балалар иеледі. Ауыл қызметкерлері ауыр қиыншылықтарды ерлікпен жеңе алды.

#### **Мынаны есте сақта!**

Соғыс жылдарында жалпы 4 миллион тоннадан астам мақта, 5 миллион тоннадан артық астық жетілдірілді.

Басқа ауыл шаруашылық өнімдерінің өндірісі де артты.

Халқымыз осындай қиын кезеңде күні-түні тыным таппай, қажырлы еңбек етіп, фронт үшін, жеңіс үшін лайықты үлес қосты.<sup>1</sup>

**Зор жомарттық.** Гитлерлік Германияға қарсы соғыс кезінде Өзбекстан халықтары өте зор жомарттық көрсетті. Өйткені, олар

<sup>1</sup> *Ислам Каримов.* Өткендерді қастерлеу, қарттарды қадірлеу – біздің перзенттік борышымыз. «Халқ сузи» газеті. 2015 ж. 11 май.



**Өзбекстандық еңбекшілер жасаған танкілер.**

елдің қорғаныс қорына 650 млн. сумнан астам ақша, 55 кг-ға жуық алтын және басқа қымбат бағалы заттар тапсырған еді.

Бұл қаржының есебінен фронтқа арнап бронепойыз, танк және ұшақтар құрастырылып, фронтқа жіберілді.

Бұрынғы Кеңес Одағының үкіметі ел аумағының соғыс әрекеттері болып жатқан бір бөлігінде тыныш өмір сүріп отырған жерде халықтың бір бөлігін елдің ішкерісіне көшірді. Солардан бір миллионнан астам адам Өзбекстанға көшіп қоныстанды.

**Мынаны есте сақта!**

Өзбекстанға көшіріп қоныстанғандардың арасында шамамен 200 мың жетім бала бар еді.

Өзбекстан халқы оларды достарша қарсы алды. Оларға қамқорлық жасап, өз үйлерінен орын берді. Азық-түлігі мен киім-кешегін олармен бөлісті. Көшіп келген балалардың басым бөлігі балалар үйіне орналастырылды. Ал бес жарым мыңнан астам бала ақкөңіл де жомарт өзбек жанұяларына перзент болды. Осынау жомарт өзбек жанұяларының бірі — ташкенттік Шомахмудовтың жанұ-

ясы болды. Бұл жанұя түрлі ұлтты 16 бала асырап алған болатын. Оларды мәпелеп, тәрбиелеп, өсірді. Бұл оқиға — өзбек халқының көңілі кең де жомарт екендігінің тағы бір жарқын көрінісі болды.

**Өзбекстандық жауынгерлердің фронтта көрсеткен ерлігі.** Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фронтқа жіберілген өзбекстандық жауынгерлер жаумен ерлікпен шайқасты. Германиямен шектес Брест қорғаны — гитлерлік Германияның алғашқы шабуылын бірінші кезекте қарсы алғандардың бірі болды.

Қорғанды қорғаушылар арасында өзбекстандықтар да бар еді. Олар қорғанды қорғаушылармен бірге иін тіресе тұрып, бір ай бойы бекіністі қорғады.



«Қаралы ана» мүсіні.

Өзбекстандықтар Екінші дүниежүзілік соғыстың қай фронтында болса да осылайша ерлік көрсетіп соғысқан болатын.

Біздің ата-бабаларымыз аяусыз соғыс майдандарында көзсіз ерлік көрсеткені үшін олардың 338-ге жуығы «Кенес Одағының Батыры» деген атаққа ие болған.<sup>1</sup>

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында 500 мыңға жуық өзбекстандық жауынгерлер қаза тапты, ал 60 мыңнан астам әскер жарымжан-мүгедек болып қалды.

**Қаза тапқандардың есімі — мәңгілік.** Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі фронтта қаза тапқандардың есімін мәңгі есте сақтау үшін 1998 жылы Өзбекстан Президенті Ислам Каримовтың бастамасымен Өзбекстанда гитлерлік

<sup>1</sup> *Ислам Каримов.* Өткендерді қастерлеу, карттарды қадірлеу — біздің перзенттік борышымыз. «Халқ сузи» газеті. 2015 ж. 11 май.

Германияны жойған жеңіс күні — 9 май жалпыұлттық «Есте сақтау және қастерлеу күні» деп белгіленді.

1999 жылы Ташкенттің Басты алаңы — Тәуелсіздік алаңына жақын жерде «Естелік алаңы» деген кешен құрылды.

Бұл жердегі естелік қабырғалар кітап беттеріне ұқсас бейнеге келтірілді. Оларға Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде қаза тапқан өзбекстандық жауынгерлердің есімдері жазылған.

Кешенде «Қаралы ана» мүсіні де бар. Мүсін соғыс кезінде өз перзентінен айырылған ананың қайғы-қасіретін бейнелейді. Оның маңында соғыста қаза тапқандардың есімін мәңгі есте сақтау үшін мәңгілік жалын жанып тұр.



### Өзінді сынап көр

- ◆ Зор жомарттық дегенде ... .
- ◆ Өзбекстанға ... бала көшіп қонды.

### Атаулардың мағынасын біліп ал



**Брест қорғаны** — қазіргі Беларусь Республикасындағы Брест қаласына жақын жерде орналасқан бекініс.

**Жомарттық** (қолы ашықтық) — адамдарға жәрдемін аямау.

**Фронт** — соғыс әрекеті жүргізіліп жатқан аумақ.

### Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Соғыс жылдарында өзбекстандық жұмысшылардың көрсеткен еңбектегі ерлігін айтып бер.
2. Өзбекстандағы ауыл еңбекшілері соғыс жылдарында қандай табыстарға қол жеткізген?
3. Өзбекстан халқының соғыс жылдарында көрсеткен ақкөңілділігі мен жомарттығы туралы не білдің?
4. Өзбекстандық жауынгерлердің соғыс майдандарында көрсеткен ерлігіне мысалдар келтір.
5. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде қаза тапқан өзбекстандық жауынгерлердің есімін мәңгі есте сақтау үшін қандай жұмыстар жүзеге асырылуда?



#### 44-§. БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ (БҰҰ)



**БҰҰ-ны құрудың себептері.** 1945 жылғы август айы ... Екінші дүниежүзілік соғыс әлі де жалғасуда. АҚШ өзінің күш-қуатын дүниеге көрсету үшін 6 және 9 август күндері Жапониядағы Хиросима мен Нагасаки қалаларына ең үрейлі қару – атом бомбасын тастады. Ол өзінің бұл амалын Жапонияны жедел бағынуға мәжбүрлеу деген сылтаумен ақтауға тырысты. Атом бомбасы – ең үрейлі де жойқын қару. Бұл бомбаның жарылыс толқыны ғимараттарды құлатып жібереді. Ал одан таралатын нұр ауаны, су мен жерді уландырады. Мындаған адам қаза табады. Оның үстіне, атом бомбасы тарататын сәулелену (радиация) ұзақ уақыт бойы өзінің жойқын күшін жоймайды.

1945 жылғы Жапонияда дәл осылай болған еді.

Жапониядағы Хиросима қаласынан онша алыс емес жерде есімі Садако Сасаки деген бір кішкене қыз тұратын. Бомба жарылған кезде Садако не бары екі жаста еді. Қыздың беті де, денесі де күймеген еді. Хиросима қаласын қалпына келтірген соң, 9 жыл өткесін Садако ауыра бастады. Дәрігерлер оның қан обыры ауруына шалдыққанын анықтап, ол бір жыл ғана өмір сүретінін айтты. Бұл ауру 1945 жылы Хиросима қаласына лақтырылған атом бомбасы нұрының кесірі еді. Садако өзін өлім төсегінде жатқанын білетін.

Садаконың Тидзуко есімді досы оған үнемі барып тұратын. Бір күні ол Садакоға Жапонияда қасиетті деп саналатын тырна құсының тарихын айтып береді. Жапондар тырна 1000 жыл жасайды, егер

сырқатты адам қағаздан 1000 тырна жасаса, сауығып кетеді дегенге сеніп келген. Садако осы күннен бастап 1000 тырна жасауға кіріседі.

Бірақ ол 644 тырна жасауға үлгерді. Садако өледі, бірақ оның сыныптастары қалған 356 тырнаны жасайды да, 1000 тырнаны Садакомен бірге жерлейді. Садако атом бомбасының жалғыз құрбаны болған жоқ.

Жапон балалары Садаконьң рухына бағышталған ескерткіш орнату үшін үш жыл бойы қажетті ақша сомасын жинай алды.

Садаконьң құрметіне құрылған ескерткіш «Балалар – бейбітшілік мүсіні» деп аталды. Ол Хиросимадағы Тыныштық саябағында орнатылды.

Ескерткіш тасына мына сөздер ойылып жазылды:

*Бұл – біздің көз жасымыз,  
Бұл – біздің дүниеміз,  
Дүниеге – тыныштық.*



**Жапониядағы «Балалар бейбітшілік мүсіні».**

Иә, дәл осылай. Дүниеге тыныштық керек. Сонда ғана Садако сияқтылардың тағдыры қайталанбайды. Сонда ғана адамдар баспанасыз, ата-анасы жоқ балалар жетім болып қалмайды. Ата-аналар перзенттерінен айырылмайды. Жер жүзіндегі балалар аштық пен аурулардан қаза таппайды.

Егер жаңа соғыс болатын болса, онда бұрынғыдан да үрейлі жойқын, қасірет болады. Сондықтан мемлекеттер мен мемлекет қайраткерлері болашақтың камын ойлауға, соғыстардан сақтандыруға міндетті. Сондықтан да мемлекет қайраткерлері алдағы уақытта дүниежүзілік соғыстың басталуынан сақтандыру үшін жер жүзінде берік бейбітшілік орнатуға қызмет ететін халықаралық ұйым құруға уәделесті.

**БҰҰ-ны құру және оның мақсаты.** Тез арада осындай халықаралық ұйым құрылды. Ол Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) деп аталды.

### Есте сақта!

Біріккен Ұлттар Ұйымы 1945 жылғы 24 октябрь күні құрылды.

Біріккен Ұлттар Ұйымының негізгі мақсаттарын мыналар құрайды деп белгіленді:

– бүкіл дүниежүзінде бейбітшілікті қамтамасыз ету;  
– дүниежүзі халықтары арасындағы достық байланыстарын дамыту;



**Біріккен Ұлттар  
Ұйымының рәмізі.**

– жер жүзіндегі ашаршылықты, аурулар мен сауатсыздықты жою жолында бірлесе әрекет жасау;

– экологиялық апаттан сақтандыру;

– жеке адамның құқы мен еркіндігін құрметтеу сезімін ынталандыру.

БҰҰ-ның штаб квартирасы (тұрақты орны) АҚШ-тағы Нью-Йорк қаласында орналасқан. Оған Бас хатшы басшылық етеді.

Егер дүниенің бір түкпірінде жалпыға бірдей тыныштыққа қауіп-қатер төндіретін жағдай туса, БҰҰ оны талқылап, тыныштықты сақтап қалу үшін қажетті шаралар қолданады. Қазір дүниедегі 200-ге жуық мемлекет – БҰҰ-ның мүшесі. Мінеки, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін өткен бірнеше жылдар бойы БҰҰ бүкіл дүниежүзінде берік бейбітшілікті орнату ісі жолында күресіп келуде.

**Өзбекстан – халықаралық ұйымдар мүшесі.** Өзбекстан 1992 жылғы 2 март күні Біріккен Ұлттар Ұйымына қабылданды. Бұл оқиға Өзбекстанның халықаралық деңгейдегі беделінің артқанын толық растады. Осы уақыттан бастап Өзбекстан халықаралық қауымдастықтың тең құқылы мүшесіне айналды. БҰҰ ғимаратының алдында оған мүше болған елдердің жалауларымен бірге Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік жалауы да желбірей бастады.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында-ақ Ташкентте БҰҰ өкілеттігі ашылды. Өзбекстан Республикасының Президенті Ислам

Каримов 1993 жылы БҰҰ Бас Ассемблеясының 48-сессиясына тұңғыш рет қатысып, сөз сөйледі. Бұл тарихи оқиға тәуелсіз Өзбекстан Мемлекетінің бар екенін бүкіл дүниеге паш етті.

### Мынаны есте сақта!

Біріккен Ұлттар Ұйымы қашан және қай мақсатпен құрылған еді?

Ислам Каримов 2010 жылы БҰҰ Бас Ассемблеясының XXI ғасырдың ең маңызды халықаралық мәселелеріне арналған сессиясына да қатысты.

Президент өз баяндамасында Бас Ассемблея сессиясына қатысушылардың назарын Өзбекстанды ойландырып жатқан мәселелерге аударды.

Өзбекстан БҰҰ-ның бірнеше халықаралық ұйымдарының қызметіне де белсенді қатысып келуде. Солардың ішінде ЮНЕСКО мен ЮНИСЕФ туралы Сен хабардарсың. Өзбекстан ЮНЕСКО ұйымына мүше етіп қабылданды. Өткен сабақтарда Сен осы ұйымның Өзбекстанда жүзеге асырған істерімен танысқан едің.

ЮНЕСКО білім, ғылым, мәдениетті дамыту салаларындағы халықаралық байланыстарды нығайту ісіне салмақты үлес қосқан адамдарды марапаттау үшін өз сыйлықтарын да ұйымдастырған. Юнесконьң резиденциясы Париж қаласында орналасқан.

### Есте сақта!

ЮНЕСКО бірнеше сыйлықтар (алтын медальдар) құрған. Соның бірі Әбу Әли ибн Сина атындағы алтын медаль.

1998 жылы Президентіміз Ислам Каримов ЮНЕСКО-ның осы алтын медалімен марапатталды.

### Сұрақтар мен тапсырмалар



1. АҚШ не себептен Жапонияға атом бомбасын тастаған?
2. Атом бомбасы туралы не білесің?
3. Жапондық қыз Садаконьң жантүршігерлік тағдырын айтып бер.
4. БҰҰ қандай ұйым және оны неліктен ұйымдастырды?
5. БҰҰ мен Өзбекстан арасындағы ынтымақтастық туралы әңгімеле.

## 45-§. БҰҰ ЖӘНЕ ДҮНИЕЖҮЗІ БАЛАЛАРЫ

 **БҰҰ – балалар құқын қорғаушы.** БҰҰ дүниежүзіндегі балаларға ұдайы қамқорлық жасап келеді. Екінші дүниежүзілік соғыстың балаларға әкелген жантүршігерлік салдарын жою үшін БҰҰ 1946 жылы «Балаларға жәрдем көрсету халықаралық қорын» ұйымдастырды.

**ЮНИСЕФ-тің қызметі.** 1946 жылы құрылған «Балаларға жәрдем көрсету халықаралық қоры» ықшамдалған түрде ЮНИСЕФ деп аталады. Ол басында соғыстан көп азап шеккен еуропалық балаларға жәрдем көрсетті. Кейінірек Азияда, Африкада, Оңтүстік Америка континентінде тұратын балаларға жәрдем беретін болды.

### Есте сақта!

Бүкіл дүниежүзіндегі балаларға жәрдем көрсеткені үшін ЮНИСЕФ 1965 жылы Нобель сыйлығымен марапатталды.



**UNICEF**  
ЮНИСЕФ-тің  
рәмізі.

Өйткені, тап осы континенттердегі балалардың өмірімен байланысты мәселелер бұрынғысынша маңызды болып қалуда. Оның үстіне, балалар арасындағы өлімнің деңгейі әлі де жоғары, миллиондаған балалар тойып тамақ жей алмайды.

Ал 130 миллионнан астам бала мектепке бармайды. Осындай жағдайды ескеріп, ЮНИСЕФ өзінің әрекетін мынадай бағыттарға жұмсайды:

- өлімге әкелетін аурулармен сырқаттанудан сақтандыру үшін балаларға екпе (вакцина) салу;
- балалар мен аналарды таза сумен қамтамасыз ету;
- балалар арасындағы ашаршылыққа, тойып тамақ жемеуге, сауатсыздыққа қарсы күресу;
- балалардың соқыр болып қалуына себепші болатын «А» витаминінің жетіспеушілігінен сақтандыру;
- барлық мемлекеттер тарапынан балалар құқықтары туралы халықаралық Конвенцияны бекітуге қол жеткізу.

ЮНИСЕФ жыл сайын 3 миллион баланың өмірін сақтап қалуда. Қазіргі таңда 140-тан астам мемлекет – ЮНИСЕФ-тің мүшесі. Өзбекстан Республикасы 1994 жылы оған мүше болып, онымен бірге тұрақты ынтымақтастық жүргізуде. ЮНИСЕФ пен Өзбекстан өкіметі балаларға екпе салу, вакциналар жеткізіп беру, Арал маңында тұратын халыққа жәрдем беру сияқты салаларда ынтымақтаса қызмет етуде.

Өзбекстанда мемлекеттің саяси негіздерінің бірі – бұл балаларға қамқорлық жасау.

БҰҰ 1989 жылы «Бала құқықтары туралы» деп аталатын халықаралық конвенцияны қабылдады. Онда жасы 18-ге толмаған азамат бала болып саналады деп белгіленген. Сондай-ақ, БҰҰ мүшелеріне балалардың өмір сүруіне, тірі қалуына, сау болып өсіп-өнуіне жағдай жасау міндеті жүктелген. Сонымен бірге балалардың білім алу құқын қорғайды. Балаларды арзан жұмыс күші ретінде пайдалануға, оларды әскери қызметке шақыруға тыйым салынды. Балаларды наркотик заттарын тұтынудан сақтандыру міндеті жүктелді. Бұл Конвенцияға Өзбекстан да қосылды.

Ал 2007 жылы Өзбекстан Республикасының «Бала құқықтарының кепілдіктері туралы» Заңы қабылданды.

Бұл заң жасы 18-ге толмаған Өзбекстан азаматтарының мүддесін қорғап келуде.

**ЮНИСЕФ-тің қаржысы.** Мүше мемлекеттер әр жылы ұйымның есебіне белгілі мөлшерде ақша өткізеді. Сондай-ақ, бұл қаржы кейбір адамдардың қайырымдылыққа арналған ақшасының есебінен жиналады.

Бұдан басқа, Қор жыл сайын матадан тігілген мектеп сөмкесіне ұқсас, өзінің рәмізі түсірілген ашық құттықтау хаттарын сату арқылы да қаржы жинайды. Сөмке тәрізді ашық құттықтау хатын сату қалайша әдетке айналған?

1949 жыл ... . Бұл қор Чехиядағы балаларға жәрдем көрсетуде. Солардың арасында сурет салуға өте қабілетті 7 жасар Итка Сомкова да бар еді. Қордың жәрдеміне қуанған Итка (оның сыныптастары да өте қуанышты) айна сынықтарына Қорға арнап түрлі-түсті суреттер салып береді.

Сынып оқытушысы Итканың суреттерін Чехия астанасы Прагада тұратын Қордың офисіне жібереді. Бұл суреттер Қор қызметкерлеріне өте ұнап қалады. Олар суреттерді Нью-Йорк қаласына жібереді.

Қор қызметкерлері Итканың суреттері түсірілген, мектеп сөмкесіне ұқсас ашық құттықтау хаттарын дайындауға кіріседі де, оларды Иса пайғамбардың туған күні — Рождество мерекесіне байланысты бүкіл дүниежүзінде сатуға ұйғарады. Бұл шара Қорға өте көп ақша келтіреді.

Кейінірек, осындай ашық құттықтау хаттарын жыл сайын сату дәстүрге айналып қалды.

### Өзіңді сынап көр



- ◆ БҰҰ — ... .
- ◆ ЮНИСЕФ ... .
- ◆ 1989 жылы ... .

### Атаулардың мағынасын біліп ал



**Вакцина** — адам денесінің аурудан сақтану дәрежесін арттыру мақсатымен егуге арнап қолданылатын дәрі.

**Қор** — қызметтің белгілі бір түріне, адамдардың тұрақты тобына көмек беру мақсатымен құрылған ұйым.

**Конвенция** — бірер мәселеге қатысты халықаралық келісімшарт.


### Сұрақтар мен тапсырмалар



1. БҰҰ-ның дүниедегі балалардың құқықтарын қорғау барысында қызметі туралы не білесің?
2. ЮНИСЕФ ұйымы және оның қызметі туралы әңгімелеп бер.
3. «Бала құқықтары туралы» Конвенцияның мақсаты қандай?
4. Өзбекстан Республикасы мен ЮНИСЕФ қай бағыттар бойынша ынтымақтасуда?

### ӨЗ БЕТІМЕН ІСТЕЙТІН ЖҰМЫС

Сенің жанұяңдағы балалар қандай ауруларға қарсы егілгенін анықтап, сол аурулар мен екпелерді дәптеріңе жаз.



## XI тарау. ӨЗБЕКСТАН ТӘУЕЛСІЗ ДАМУ ЖОЛЫНДА

### 46-§. ӨЗБЕКСТАННЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУІ



**Өзбекстанның тұңғыш Президенті.** Өзбекстан бұрынғы Кеңестік Одақ құрамында отар еді. XX ғасырдың 80-жылдарына таман бұрынғы Кеңес Одағының күйзеліске жақындағаны айқын болды. Отар халықтардың, соның ішінде өзбек халқының тәуелсіздік жолындағы күресі бұл күйзелісті одан ары шиеленістірді.

Осындай жағдайда Өзбекстанға оны тәуелсіздікке қарай нық қадаммен жетелеуге қабілеті бар, керек десе жанын да пидаетуге дайын тұратын жолбасшы – бастық қажет еді. Бұл қажеттілік Ислам Абдуғаниевич Каримовты саяси аренаға шығарды. Ислам Каримов тез арада Өзбекстан басшысы етіп сайланды. Ол бұған дейін бірнеше мемлекеттік жоғары басшылық лауазымдарда қызмет етіп, көп тәжірибе жинады.

1990 жылдың 24 мартында Өзбекстан тарихында бірінші рет президенттік лауазымы құрылды. Осы күні келешекті алдын ала болжай алушы және дана бастық, өзбек халқының отаншыл перзенті, жолбасшысы Ислам Каримов Өзбекстан Президенті етіп сайланды. Бұл оқиға Өзбекстанның тәуелсіздік үшін күресу жолындағы маңызды тарихи оқиға болды.



**Ислам Каримов.**

### Есте сақта!

Президент – белгілі мерзімге сайланатын мемлекет бастығы. Президенттік – мемлекеттегі ең жоғары лауазым. «Президент» – атауы латын сөзі, ол қазақ тілінде «алда отырушы» деген мағынаны бідіреді.

**Өзбекстанның мемлекеттік тәуелсіздігін жариялау туралы.** Президент Ислам Каримов Өзбекстанның тәуелсіздігін қамтамасыз етуді өзінің негізгі міндеті деп жариялады. Сондықтан Өзбекстанды мемлекеттік тәуелсіздікке жеткізетін шараларды жүйелі жүзеге асыруға кірісті. Солардың арасында 1990 жылы қабылданған «Тәуелсіздік Декларациясы» зор тарихи маңызы бар құжат болды. Күйреп жатқан бұрынғы Кеңес Одағының бастықтары 1991 жылғы август айында күш істету жолымен бұрынғы Кеңес Одағын сақтап қалуға ұмтылды. Бірақ бұл әрекеттер сәтсіздікке ұшырады. Ислам Каримовтың бастамасымен Өзбекстан Республикасының Олий Мажлисі 31 август күні «Өзбекстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігінің негіздері туралы» Заңын қабылдады. Ал 1 сентябрь күні Өзбекстан Республикасының Тәуелсіздік күні деп белгіленді.

Сөйтіп дүниежүзінің саяси картасында жаңа мемлекет – Өзбекстан Республикасы пайда болды. 1991 жылдың 29 декабрінде И.А.Каримов балама негізінде тәуелсіз Өзбекстан Республикасының Президенті етіп сайланды.



#### Өзіңді сынап көр

◆ 1990 жылғы 24 март – ... .  
◆ 1991 жылғы 1 сентябрь... .

◆ 1991 жылғы 31 август ... .

**Өзбекстан Республикасының мемлекеттік рәміздері.** Мемлекеттік тәуелсіздік жарияланғаннан кейін Өзбекстан өз бейнесін халықаралық ережелерге сүйеніп көрсетуге тиісті болды. Ал мемлекеттің бейнесі оның рәміздері арқылы бейнеленеді. Рәміздер – белгілі бір мемлекеттің я халықтың өзгеше жақтарын білдіретін бейнелер. Рәміздер мемлекеттің халықаралық деңгейін білдіреді. Оның тәуелсіз екендігін көрсетеді. Мемлекеттерді бір-бірінен ажыратып тұрады. Халықтың өз тағдырын өзі белгілей алуға құқы бар екенін аңғартады. Рәмізде халықтың бұрынғы, қазіргі және келесі тұрмы-

сын, арман-үміттерін бейнелейді. Сондықтан Өзбекстан да қысқа уақыт ішінде өзінің мемлекеттік рәміздерін қабылдауға кірісті.

### Назар аудар!

«Өзбекстан Республикасының заңмен бекітілетін өз мемлекеттік рәміздері – жалауы, елтаңбасы мен әнұраны бар».

Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 5-бап.

Сөйтіп, Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік жалауы 1991 жылдың 18 ноябрінде, Мемлекеттік елтаңбасы 1992 жылдың 2 июлінде, ал Мемлекеттік әнұраны 1992 жылдың 10 декабрінде құрылды. Мемлекетіміз рәміздерінің мән-мағынасын, рәміздерде бейнеленген әрбір бейненің қандай мағынаны білдіретінін Сен «Конституция әлеміне саяхат» деген сабақтардан біліп алғансың.

**Қарақалпақстан Республикасы.** Өзбекстан мемлекеттік тәуелсіздігіне жеткен соң, Қарақалпақстанға Өзбекстан құрамындағы тәуелсіз Республика деген мәртебе берілді. Өзбектер мен қарақалпақтар көп ғасыр бойы ағайындарша іргелес өмір сүріп келуде. Олардың арасындағы қарым-қатынас достық пен туыстастыққа сүйенеді. Олардың тілдері де бір-біріне жақын. Өзбекстан құрамындағы Қарақалпақстан Республикасының өз Конституциясы, мемлекеттік рәміздері, заң шығарушы билігі мен үкіметі бар. Қарақалпақстан Республикасында заң шығару билігін Жоқарғы Кенгес жүзеге асырады.



Өзбекстан  
Республикасының  
Мемлекеттік жалауы.



Өзбекстан  
Республикасының  
Мемлекеттік елтаңбасы.



Қарақалпақстан  
Республикасының  
жалауы.



Қарақалпақстан  
Республикасының  
елтаңбасы.



### Өзінді сынап көр

- ◆ 1991 жылғы 18 ноябрь ....
- ◆ 1992 жылғы 10 декабрь ...
- ◆ 1992 жылғы 2 июль ...

### Атаулардың мағынасын біліп ал



**Елтаңба** – мемлекеттің мөрінде, ақшасы мен құжаттарында бейнеленіп, мемлекетті білдіретін ерекше белгі.

**Жалау** – белгілі бір мемлекетке я ұйымға жататынын білдіретін, белгілер түсірілген анық бір өлшемдегі мата, мемлекет тәуелсіздігінің басты рәмізі.

**Балама** (альтернативтік) – сайланатын лауазымдарға екі үміткерден біреуін таңдап алу ережесі.

**Рәміз** – белгілі бір оқиғаны я жағдайды білдіретін шартты белгілер.

### Сұрақтар мен тапсырмалар



1. *Өзбекстанда Президенттік лауазымын құру туралы әңгімелеп бер.*
2. *«Президент» сөзін және оның мәртебесін айтып бер.*
3. *Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігін жариялау барысы қалай жүрді?*
4. *Мемлекеттік рәміздердің мемлекетке не үшін қажет екенін түсіндір.*
5. *Қарақалпақстан Республикасы туралы не білесің?*

## ӨЗ БЕТІМЕН ІСТЕЙТІН ЖҰМЫС

### Маңызды тарихи күндер

(Кестені толтыр)

Р/н	Маңызды тарихи күндер	Болып өткен маңызды оқиғалар және қабылданған маңызды тарихи құжаттар
1.		
2.		
3.		
4.		

## 47-§. ӨЗБЕКСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ТАБЫСТАР



**Өзбекстанның астық тәуелсіздігі.** Астық (бидай) – халқымыздың ырыс-берекесі. Өзбекстан отар болған заманда бұрынғы Кеңес Одағын мақтамен қамтамасыз етіп келген.

Өзбекстанның мақтасынсыз бұрынғы Кеңес Одағындағы тоқыма кәсіпорындар қызмет ете алмаған. Өзбекстан өз халқына қажетті астықтың негізгі бөлігін бұрынғы Кеңес Одағынан өз мақтасының

есебінен алды, ол астықтың көлемі жылына 3 миллион тоннаға жуық болған. Бұрынғы Кеңес Одағы бөлшектеніп кеткен соң астықты шетелден сатып алуға тура келді. Бірақ өзара байланыстар бұзылғандықтан, республикамыз не бары бір аптаға ғана жететін астық қоры қалған күндерді де бастан өткізген.



**Астық жинау.**

Сондай қиын жағдайдан шығу үшін Елбасымыз Ислам Каримовтың бастамасымен елдің астық тәуелсіздігіне қол жеткізу жөнінде шешім қабылданды. Бұл шешімге сәйкес республиканың мақта егетін жер алқаптары қысқартылды. Мақтадан босаған жерлерде бидай жетілдіріле бастады. Сондай-ақ жердің әр гектарынан алынатын астық өнімділігін арттыру шаралары қарастырылды. Бұл амалдар тез арада онды нәтижесін берді.

#### **Есте сақта!**

2003 жылы Өзбекстан астық тәуелсіздігіне қол жеткізді. Сол жылы Өзбекстандағы диқандардың жанқияр еңбегінің арқасында елімізде 5 млн. 100 мың тонна астық жетістірілді. Бұл цифр 1991 жылға қарағанда 5,5 есе көп болды.

Өзбекстан Қаһарманы, Өзбекстан халық ақыны Абдулла Орипов осынау жеңіске жеткен күндері өзінің «Өзбек наны» деген өлеңінде мына жолларды жазған еді:

*Елім, ұлы екеніңді білді кең әлем,  
Қоймаң толды өз дәніңмен.  
Әлемді сыйлап, дастарқан жаздың,  
Еңбекпен жаратқан сол наныңмен.*

2014 жылы еңбексүйгіш диқандарымыздың қажырлы еңбегі арқасында республикамызда 8 млн. тоннадан астам астық жетілдірілді. Бүгінде Өзбекстан астығы тіпті басқа мемлекеттерге де сатылуда.

**Мұнай тәуелсіздігі.** Сен мұнайдың не екенін жақсы білесің. Адам қоғамының тұрақтылығын қамтамасыз етуде оның маңызы өте зор.



**Мұнай өңдейтін  
зауыт.**

Сондықтан да оны қара алтын деп те атайды. Мұнай өнімдерін көз алдыға келтірші. Бұлар – бензин, керосин, солярка мен жанармайлар. Оларсыз халық шаруашылығының бірде-бір саласы қарқынды жұмыс істей алмайды.

Өйткені, керосинсіз ұшақтар ұша алмайды. Соляркасыз ауыл шаруашылық техникасы жүрмейді. Бензинсіз көлік құралдары қозғала алмайды. Бір сөзбен айтқанда, мұнайды халық шаруашылығының тамырларында ағып жатқан қанға ұқсатуға болады. Сол себепті мұнай өнімдеріне деген сұраныс жылдан жылға артуда.

Мұнай өнімдерімен өзін-өзі қамтамасыз ететін мемлекет өзге елдердің қолына қарап қалмайды. Өзбекстанда АҚШ пен Жапония елдерімен ынтымақтастықта бірнеше мұнайлы кен орындары пайдалануға қосылды. Нәтижесінде мұнай өндірісі жылдан жылға өсуде.

#### **Есте сақта!**

1995 жылдан Өзбекстан мұнай тәуелсіздігіне қол жеткізді.

Ферғана мен Бұхарадағы мұнай өңдейтін зауыттар республикамыздың мұнай өнімдеріне деген қажеттілігін қанағаттандыруда.

**Өзбекстан мақтасының әлемдегі орны.** Өзбекстан дүниежүзінде өзінің мақтасымен де мәшһүр. Республикамыз дүниежүзіндегі мақта өсіру бойынша алтыншы, ал шетелге сату бойынша үшінші орында тұрады. Мақта – өте қымбат бағалы шикізат.

#### **Есте сақта!**

Бір тонна мақта шикізатынан орта есеппен 320-350 кг талшық шығады. Бұл талшықтан 350 текше метр мата тоқуға болады. Сондай-ақ 620 кг шит те алынады. Ал шиттен 110 кг мақта майы, 225 кг күнжара мен 175 кг мақтаның қауызы және басқа өнімдер алынады.

Өзбек мақтасынан алынатын талшықтың сапасы өте жоғары. Сондықтан оған дүниежүзінде сұраныс өте жоғары. Президент Ислам Каримовтың бастамасымен Ташкентте «Өзбекстандағы Халықаралық мақта жәрмеңкесі» өтіп тұрады. Бұл жәрмеңке өзбек мақтасының өзгеше бір дүниежүзі базарының міндетін атқаруда.



Мақта қырманы.

**Қазіргі заман өнеркәсібі.** Қазіргі заманғы өнеркәсіпсіз халық шаруашылығын дамытуға болмайды. Өзің ойлап көрші, электр энергиясын (ток) өндіру азайып кетті. Қош, енді не болады?

Әрине, өндірістік кәсіпорындардың бәрі тоқтап қалады. Әлде машина жасау өнеркәсібін алайық. Ауыл шаруашылық жұмыстарын қазіргі заманғы ауыл шаруашылық техникасынсыз қалайша орындауға болады? Машинажасау өнеркәсібінсіз Өзбекстан осы заманғы жеңіл автомобиль шығарушы елге айнала алар ма еді? Бірінен-бірі әдемі жеңіл машиналар шығарылып жатқанына сен өзің де куәсің.

Ауыл шаруашылығының өркендеуін химия өнеркәсібінсіз де елестету қиын. Өйткені, минералды тыңайтқыштарсыз егіндердің өнімділігін қалай арттыру мүмкін? Әлде ауыл шаруашылығындағы зиянкестерге қарсы химиялық құралдарсыз қалай күресуге болады? Ал халықты азық-түлік өнеркәсібінсіз түрлі өнімдермен қамтамасыз етуге бола ма? Солай болғасын, республикамызда өнеркәсіпті өркендету мәселесіне бұдан былай да ерекше назар аударыла береді.



### Өзіңді сынап көр

- ◆ Химия өнеркәсібі болмаса ... .
- ◆ Мұнай өнеркәсібі болмаса ... .

### Атаулардың мағынасын біліп ал



**Экономика** – мемлекет халқын барша қажетті заттармен қамтамасыз ететін шаруашылық, өндіріс.

**Техника** – адам еңбегін жеңілдетіп, еңбек өнімділігін арттыруға қызмет ететін өндірістік құралдар мен жабдықтар.

**Жәрмеңке** – кәсіпкерлер мен өндірушілердің көрмеге қойылған өнімдерін бөлшектеп сату және сатып алу мақсатымен өткізілетін жиын.

## Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Неліктен Өзбекстанға астық тәуелсіздігін қамтамасыз ету қажет болды?
2. Астық тәуелсіздігіне жету барысында қандай шаралар жүзеге асырылды, ол қандай нәтиже берді?
3. Мұнай тәуелсіздігіне жетпей тұрып, өндірісті дамытуға болмайтынына дәлелдер келтір.
4. Өзбекстан мақтасының дүниежүзі базарындағы орнын айтып бер.
5. Өнеркәсіптің ел экономикасында алған рөлі өте зор екеніне дәлелдер келтір.

## ӨЗ БЕТІМЕН ІСТЕЙТІН ЖҰМЫС

1. Сенің ауданыңда өнеркәсіптің қайсы саласы бар? Ата-ананың көмегімен сол саланың ауданда алған орнына қатысты мәлімет жина.
2. Сенің ауданыңдағы мақта мен астық өндірісінде биыл жеткізілген нәтижелер туралы мәліметті ата-ананың жәрдемімен жина.

## 48-§. РУХАНИ ЖӘНЕ АҒАРТУДАҒЫ ӨСУ



**Ұлттық және рухани құндылықтардың бұрынғы қалпына келуі.** Ұлттық және рухани құндылықтар ғасырлар бойы жасалады. Олар заман мен өмір өзгерген сайын жойылып кетпейді.

Керісінше, кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырылады. Ал кейінгі ұрпақ оларды одан әрі байытады. Бұлар да өзінен кейінгі ұрпаққа мирасқа қалады.

### Есте сақта!

Құндылық (маңызды, қымбат бағалы, халық байлығы) адамдар үшін өте құнды да қымбатты болған заттар.

Өзбек халқы өткен заманда өзге халықтардың әуесін келтіретін құндылықтар жасаған. Бірақ, Өзбекстан отар болған жылдар ішінде олардың көбі тапталды. Тәуелсіздікке жеткеннен кейін бұл құндылықтар біртіндеп бұрынғы қалпына келе бастады.

Өзбек тілі – өзбек халқының ана тілі, ең жоғары құндылығы. Отаршылдық жылдары ол екінші дәрежелі тілдер тобына дейін түсіп қалған еді. Оны қолдану аясына шек қойылды. Бұл жағдады

өзбек халқының ұлттық намысына тиді. Мұндай жағдайды жою үшін Президентіміз Ислам Каримовтың бастамасымен 1989 жылда-ақ өзбек тіліне мемлекеттік тіл мәртебесі берілді.

**Наурыздың тіктелуі.** Наурыз мерекесі — халқымыздың көне құндылықтарының бірі. Ол ертеде қадірлі мереке болғаны соншалықты, оны тойлаған күні тіпті соғыстар да тоқтаған.

Наурызды жақсылық, мейір-шапағат пен қайырымдылық мерекесі ретінде де қадірлеген. Наурыздың тағы бір өзгеше жағы сол, дәл оны тойлаған кезде халықтың ырыс-берекесінің негізі саналатын диқаншылық жұмыстары да басталған. Наурыз дәл осындай қасиеттеріне бола ең сүйікті мерекеге айналды. Алайда, Өзбекстан отар болған заманда Наурыз ескіліктің сарқыншағы деп жарияланып, оны тойлауға тыйым салынды.

1990 жылы Өзбекстан үкіметі бұған шек қойды. Сол жылдан бастап республикамызда Наурыз тіктелді. 21 март күні — Наурыз, халықтың ұлттық мерекесі, демалыс күні деп белгіленді. Республика тұрғындары мұны зор қуанышпен қарсы алды.

Наурыз бір ай бойы жалғасады. Халқымыз «Наурыз» күндерінде асар ұйымдастырады. Айналаны тазалайды, абаттандыру жұмыстарын жүргізеді. Ағаштар мен гүлдер отырғызады. Халқымыздың ең жақсы көретін тағамы — сүмелекті дастарқандарға қояды.

Бұдан тыс, Наурыз күні жетім-жесірлерге, мүгедектерге, жеткілікті қамтамасыз етілмеген жанұяларға қайырымдылық жасалады.

**Діни мерекелердің тіктелуі.** Қасиетті Құрбан айты мен Ораза (Рамазан) айтын әр жылы өзбекстандық мұсылмандар да тойлайды.

Өзбекстан Республикасы Президенті Ислам Каримовтың бастамасымен 1991 жылдан бастап Құрбан айтының, ал 1992 жылдан бастап Рамазан айттарының бірінші күні демалыс күні деп белгіленді.

**Ұлы бабаларымыздың құтты есімдерін дәріптеу.** 1991 жылы ұлы ақын, өзбектің классик әдебиетінің негізін қалаушы Әлішер Науаидың 550 жылдығы тойланды. Осынау ұлы күнге байланысты



**Имам әл-Бұхари  
кесенесі.**

оның таңдамалы туындылары қайта басылды. Ташкент қаласында оның салтанатты да маңғазды мүсіні орнатылды. Оның құрметіне Өзбекстан Ұлттық Бағы салынды. Ислам Каримов ескерткіш пен Ұлттық Бақты ашу салтанатында сөйлеген сөзінде Әлішер Науаиды ұлттық мақтанышымыз, деп дәріштеді.

Өзбекстанды отарлаған жылдарда есімі мен ұлы істері ұмытылған, бірақ мақтанышымыз, абырой-беделіміз саналатын Әмір Темір бабамыздың қадірлі есімінің тіктелуі зор тарихи оқиға болды.

Өзбекстан әлемге тек қана білім мен ғылым ғұламаларын әкелген өлке ғана емес, ол сонымен қатар діни ғұламаларды да дүниеге келтірген. Мемлекеттің тәуелсіздік жылдарында Президент Ислам Каримовтың бастамасымен олардың да құтты есімдері тіктелді. Сондай-ақ, отандастарымыз – хадис ілімінің ұлы өкілдерінің бірі Имам әл-Бұхаридің 1225 жылдығы, ал Әбу Иса ат-Термизидің 1200 жылдығы атап өтілді.

Бұдан тыс, исламның атақты құқықтанушысы Бұрханиддин әл-Марғынанидің 910 жылдығы, ислам діні негіздерін түсіндіру туралы ілімнің атақты өкілі Әбу Мансұр Мотуридидің 1130 жылдығы да атап өтілді. Олардың есімін мәңгілік ету үшін архитектуралық ескерткіштер құрылды.

Президент Ислам Каримов мерейтойлық салтанаттардың бәріне қатысып, сөз сөйледі.

**Еліміздегі ұлтаралық татулық.** Өзбекстан да – көп ұлтты мемлекет. Мұнда 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері жасайды. Басқа халықтарға менсінбей яки асқақтап қарау, өзбек халқы үшін жат нәрсе. Ол – ғасырлар бойы басқа халықтар өкілдерімен татуласып өмір сүрген, бауырмал, достықты қадірлей білетін халық. Тәуелсіздік жылдарында үкіметіміз ұлтаралық татулықты одан әрі нығайту бойынша бірнеше шаралар қолданды. Бірінші кезекте, Өзбекстанның әрбір азаматы ұлтынан тыс заң алдында тең деп



**Бўрханиддин Марғынани кесенеси.**


жарияланды. Ұлтына қарамастан, әр азаматтың жүрегі мен сана-сына жалғыз-ақ Отан сезімі сіндіріле бастады.

Өзбек тіліне мемлекеттік тіл мәртебесі берілгенмен, басқа тілдер де кемсітілген емес.

Мысалы, республикамыздағы жалпы орта білім беретін мектептерде оқыту өзбек тілін қосқанда, тағы 6 тілде (қарақалпақ, орыс, тәжік, түркімен, қазақ және қырғыз тілдерінде) жүргізіледі. Оқулықтар да 7 тілде шығарылады.

Барлық ұлттар мен ұлыстардың тілдері, әдеп-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері заңмен қорғалған. Оларды дамыту үшін барлық жағдай жаратылды.

Ұлттық қажетсінулерін еркін қанағаттандыру үшін басқа ұлттар өкілдеріне өзіндік ұлттық-мәдени орталықтарын құруға рұқсат берілді. Ұлтаралық татулықты қамтамасыз ету бойынша жүзеге асырылған істер Өзбекстандағы халықтардың бірлігін, ынтымағы мен тыныштығын қамтамасыз етуге қызмет етеді. Ал бұл — Өзбекстанның баға жетпес байлығы.



**Құрани Кәрім.**

**Діни бауырмалдық.** Әр мемлекеттің бейбіт өмір сүруі, ондағы азаматтардың тату жасауы діни бауырмалдықтың қаншалықты берік орныққанына да байланысты.

**Есте сақта!**

Діни бауырмалдық – Отаны бір, бірақ діни нанымдары түрліше болған азаматтардың бір-бірінің діни сенімін құрметтеу, бірыңғай мақсат жолында ынтымақтаса өмір сүруі.

Адамзаттың өткендегі тарихында діни қырғындар да көп болған. Мысалы, бір ғана 1572 жылы Францияда болған діни қырғында бір аптаның ішінде 30 мың адам қаза тапқан. Өкінішке орай, әлем қазір де дін аясындағы өзара қырғындардан толық құтылған жоқ.

Өзбекстан аумағындағы түрлі діндер ежелден іргелес өмір сүріп келеді. Оларға сенген адамдар өздерінің діни рәсімдерін еркін өтейді. Өйткені өзбек халқы бағзы заманнан кішіпейіл халық болып келген.

Олардың заң алдында тең болу ережесі белгілеп қойылды. Өздерінің қызметтерін еркін жүзеге асыру үшін оларға жағдай жасалды.



**Ташкенттегі  
орыс православие шіркеуі.**

Сөйтіп түрлі діни нанымдарға сенген, еліміз азаматтары ортасында діни бауырмалдық одан әрі нығайтылды.

Олар басты идеямызға негіз болатын «Азат та абат Отан, еркін де әл-ауқатты өмір құру» сияқты маңызды міндетті іске асыру ісіне өте бағалы да салмақты үлес қосып келуде.



### Өзінді сынап көр

- ◆ Өзбекстанда ... өмір сүреді.
- ◆ Өзбекстанда ... 15-тен астам ... .

### Атаудың мағынасын біліп ал



**Хадис ілімі** – Мұхаммед пайғамбардың (ғ.а.с.) айтқан сөздері, істеген жұмыстары мен нұсқауларын жинап, олардың сенімдісін таңдау туралы ілім.

### Сұрақтар мен тапсырмалар



1. «Құндылық» сөзінің мағынасын түсіндір. Неге құндылықтарды қалпына келтіру қажет болды?
2. Өзбек халқының Өзбекстанда ғасырлап жинап келген құндылықтарының бұрынғы қалпына келуін дәлелдеп бер.
3. Ұлы бабаларымыздың құтты есімдерін қалпына келтіру туралы не білдің?
4. Ұлтаралық татулық қалай қамсыздандырылады?
5. «Діни бауырмалдық» түсінігін сипаттап бер. Діни бауырмалдықты нығайту үшін Өзбекстанда қандай істер жүзеге асырылды?

### ӨЗ БЕТІМЕН ІСТЕЙТІН ЖҰМЫС

1. Сенің махалланда осы жылы Наурыз қалай тойланғаны туралы мәлімет жина.
2. Махалландағы Рамазан мен Құрбан айттарын қалай тойлайтыны туралы мәлімет жина.

## 49-§. ӨЗБЕКСТАН ЖӘНЕ ӘЛЕМ




**Өзбекстанның мемлекеттік тәуелсіздігін дүниежүзі елдерінің мойындауы.** Дүниежүзіндегі мемлекеттер Өзбекстанның мемлекеттік тәуелсіздігін бірін-кетін мойындады. Тәуелсіз Өзбекстан шет мемлекеттермен теңдік негізінде ынтымақтаса бастады.

Өзбекстан Президенті Ислам Каримов таңдалған жол туралы: «Өзбекстан ешкімнен садақа сұрамайды, теңбе-тең ынтымақтас-тыққа ғана дайын», – деген еді.

Өзбекстан алдымен Ресей Федерациясымен ынтымақтаса жан-жақты қызмет етуге назар аударды. Екі мемлекет арасындағы одақ-тас қарым-қатынас жөнінде келісімшартқа қол қойылды.



**Өзбекстан Президенті  
Ислам Каримов пен Ресей  
Федерациясы Президенті  
Владимир Путин.**



**Өзбекстан Президенті  
Ислам Каримов пен Қытай  
Халық Республикасының  
төрағасы Си Цзиньпин.**

Бұл келісімшарт екі мемлекеттің мүдделеріне бірдей қызмет етуде. Ресей Федерациясы – Өзбекстанның ең ірі сауда серіктесі.

Өзбекстан Азиядағы Қытай, Оңтүстік Корея, Жапония сияқты ең дамыған мемлекеттермен ынтымақтастықты дұрыс жолға қойды. Осы елдердің қатысуымен елімізде ұйымдастырылған көптеген біріккен кәсіпорындары жұмыс істеуде. Олармен сауда-экономикалық байланыстар барған сайын дами түсуде.

Мәселен, 2010 жылы Өзбекстан мен Қытай арасындағы сауда айналымы 3 млрд АҚШ долларынан асты.

Өзбекстан мен Қытай Азияда берік тыныштық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету аясында да бір-бірімен тығыз ынтымактасуда.

Ислам Каримовтың 2011 жылы Қытайға, ал Қытай төрағасының Өзбекстанға жасаған сапары екі мемлекет арасындағы байланыстарды одан әрі нығайтуға қызмет етуде.

Оңтүстік Корея да Өзбекстанның Азиядағы ірі серіктестерінің бірі сана-

лады. Оңтүстік Кореямен ынтымақтастық Өзбекстанның әлемде жеңіл автомобиль істеп шығаратын мемлекетке айналуында маңызды рөл ойнады. Оңтүстік Кореяның «DAEWOO» компаниясымен ынтымақтастықта Асака қаласында автомобиль зауыты құрылды. 1996 жылғы 26 мартта бірінші автомобиль шығарылды. Сөйтіп Өзбекстан дүниенің автомобиль шығаратын 28-мемлекетіне айналды.

Өзбекстан Жапониямен де бірге өзара мүдделі қызмет етуде. Елімізде оннан астам Өзбекстан-Жапония біріккен кәсіпорны

жұмыс істеуде. Өзбекстан жер жүзіндегі ең күшті мемлекет АҚШ-пен, оның бірнеше компаниялары және корпорацияларымен, соның ішінде де «Jeneral Motors» компаниясымен ынтымақтаса қызмет етуде. «Асака» зауытында осы компаниямен бірге қазіргі заманғы жеңіл автомобильдердің түрлі үлгілері, ал Ташкент облысында оларға арналған қозғалтқыштар істеп шығарылуда.

**Өзбекстан – аймақтық ұйымдар мүшесі.** Өзбекстан аймақтық ұйымдармен де ынтымақтастықпен қызмет етуде.

Солардың арасында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) мен Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының (ШЫҰ) маңызы ерекше. 1991 жылы құрылған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы ұйымына Ресей Федерациясы, Украина, Беларусь, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Қазақстан, Түркіменстан, Әзірбайжан, Армения мен Молдова мемлекеттері мүше болады. Олардың бәрі – бұрынғы Кеңестік Одақ құрамындағы мемлекеттер.

ТМД-ны құрудан көзделген басты мақсат – оған мүше мемлекеттер арасында ұзақ жылдар бойы қалыптасқан экономикалық байланыстарды сақтап қалу болды.

Өзбекстан мүше болған тағы бір аймақтық ұйым – Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ). Бұл ұйымды Қытайдағы Шанхай қаласында Қытай, Ресей Федерациясы, Қазақстан, Тәжікстан, Қырғызстан мен Өзбекстан мемлекеттері құрды.

Ұйымға мүше мемлекеттер лаңкестікті, жекеленушілік пен экстремизмді «үш жауыз күш» деп санайды.



**Өзбекстан Президенті  
Ислам Каримов пен Оңтүстік  
Корея Республикасы  
Президенті Пак Кин Хе.**

### **Атаулардың мағынасын біліп ал**



**Жекеленушілік** – мемлекет жерінің бір бөлігін оңашалап, сол жерде жаңа мемлекет құруға бағытталған күрес.<sup>1</sup>

<sup>1</sup> ӨТТС. – Т.: «ӨзҰЭ». 2006. 1-том, 53-бет.

**Компания** – сауда яки өнеркәсіп саласында қызмет ететін кәсіпкерлердің бірлестігі.<sup>1</sup>

**Корпорация** – дамыған ірі акционерлік қоғам.<sup>2</sup>

**Аймақ** – Жер жүзінің бір бөлігі.

**Лаңкестік** – қарсыластарын қорқыту, жою, халық ортасында дүрбелең туғызу мақсатында зорлықпен жасалатын әрекет.<sup>3</sup>

**Қасандық** – өз мақсатына жету жолында ең қатаң шаралар қолдауды жақтаушы қозғалыс.<sup>4</sup>

### Сұрақтар мен тапсырмалар



1. *Өзбекстан мен Ресей Федерациясы арасындағы қарым-қатынас Өзбекстанның басқа мемлекеттермен жасаған өзара қатынасынан несімен ерекшеленеді?*
2. *Өзбекстанның Азиядағы негізгі сауда-экономикалық серіктестері болған мемлекеттер мен оның арасындағы қатынастары бойынша мәлімет жина.*
3. *Өзбекстан мен АҚШ арасындағы ынтымақтастық туралы не білесің?*
4. *Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Ұйымы қандай мақсатпен құрылған еді?*
5. *Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының басты міндеті не?*

### ӨЗ БЕТІМЕН ІСТЕЙТІН ЖҰМЫС

Өзбекстан мүше болған халықаралық әрі аймақтық ұйымдар туралы не білесің?

(Кестені толтыр)

Р/н	Халықаралық ұйымдардың аты	Ұйым құрылған күн	Ұйымның басты міндеті	Өзбекстанның мүше болып кірген уақыты	Халықаралық ұйым белгілеген сыйлық
1.	БҰҰ				
2.	ЮНЕСКО				
3.	ЮНИСЕФ				
4.	ТМД				
5.	ШЫҰ				

<sup>1</sup> ӨТТС. – Т.: «ӨзҰЭ». 2006. 2-том, 53-бет.

<sup>2</sup> ӨТТС. – Т.: «ӨзҰЭ». 2006. 2-том, 408-бет.

<sup>3</sup> ӨТТС. – Т.: «ӨзҰЭ». 2008. 4-том, 76-бет.

<sup>4</sup> ӨТТС. – Т.: «ӨзҰЭ». 2008. 8-том, 28-бет.

## ХII тарау. XXI ҒАСЫРДАҒЫ ДҮНИЕЖҮЗИ ХАЛЫҚТАРЫ



### 50–51-§. ӘЛЕМ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ТӨНГЕН ҚАУІП



**Адамзат бейбітшілігіне қауіп төндіріп тұрған күштер.** Қазіргі уақыттағы аймақтық қақтығыстар, халықаралық лаңкестік, діни қасандық, сондай-ақ адамның табиғатқа тигізген экологиялық проблемалары адамзаттың тыныштығына айтарлықтай қауіп төндіріп тұр.

Өзбекстан Президенті Ислам Каримов 1997 жылы өзінің «Өзбекстан – XXI ғасыр босағасында» атты туындысында бұлардың адамзат тыныштығына төндіріп тұрған қаупінің көлемі мен салдарына жан-жақты тоқталған еді.

**Аймақтық қақтығыстар мен олардың қаупі.** Аймақтық қақтығыстар – Жер жүзінің белгілі бір бөлігіндегі мемлекеттер арасында туған өзара тартыстар, белгілі бір мемлекеттің аумағында болып жатқан азаматтар соғысы. Көршілес Ауғанстандағы азаматтар соғысы бұларға жарқын мысал болады. Бұл мемлекеттің азаматтары 30 жылдан астам уақыт бойы тыныштықтың не екенін білмей келеді.

Аймақтық қақтығыстардың адамзаттың бейбіт өміріне төндіріп тұрған қаупі неде?

Біріншіден, олар көршілес мемлекеттердің тыныштығына қауіп төндіреді. Екіншіден, азамат соғысы босқындар проблемасын туғызады.

Біз әлемнің түрлі өлкелеріндегі қақтығыстар мен наразылықтарды тек саяси жолмен, бейбітшілік жолымен ғана шешудің жақ-

тасымыз.<sup>1</sup> Үшіншіден, аймақтық қақтығыстар болған жерлер наркотикалық заттар айналымының артуын, халықаралық лаңкестік қозғалысының күшеюін, заңсыз қару-жарақ саудасының кең етек жаюын қозғауда.

**Халықаралық лаңкестік.** ХХ ғасырдың соңы – ХХІ ғасырдың басында адамзаттың басына халықаралық лаңкестік үлкен азап келтіре бастады.

Халықаралық террорлық күштер мемлекеттер бастықтары мен елшілеріне қастандық жасау, адамдарды аманатқа алу, халықаралық ұйымдардың үйлерін, әуежайлар мен вокзалдарды қопару, ұшақтарды ұрлап кету сияқты сұмдық қылмыстарды істеуде.

Қазіргі уақытта дүниежүзіндегі бірде-бір мемлекет өзін халықаралық лаңкестік қаупінен аулақпын, деп санай алмайды. Халықаралық террорлық күштер 2001 жылғы 11 сентябрь күні тіпті АҚШ-та да үрейлі қылмыстар жасады. Лаңкестер сол күні өздері басып алған ұшақтарда Нью-Йорк қаласында орналасқан халықаралық «Сауда орталығының» көк тіреген қос үйін жарып қиратты. Нәтижесінде мыңдаған адам қаза тапты.

Халықаралық террорлық күштердің Ресей Федерациясында да жүзеге асырған жантүршігерлік қылмыстарын тарих дәлелдейді. Әсіресе 2004 жылы Беслан қаласының орта мектебінде жаңа оқу жылы – 1 сентябрь күні жасалған қылмыс ең сұмдық қылмыстардың бірі болып табылады.

Бұл қылмысты іс Жер жүзіндегі тыныштықты жақтаушы барша күштерді қатты қобалжытты. Өйткені, қылмыстың салдарынан мектеп оқушылары да қаза тапқан еді.

**Діни экстремизм.** ХХ ғасырдың соңында діни экстремизм де күшейді. Экстремизм – мақсатқа жетудің шұғыл шаралары: зорлық-зомбылық, күш жұмсау, лаңкестік жасау. Экстремизмді діни қасандық тудырады. Діни қасандық – дәурені өткен, ескірген діни қағидаларды сақтап қалу жолындағы күрес. Діни догматиктер жер жүзіндегі түрлі елдерде, соның ішінде Өзбекстанда да

---

<sup>1</sup> *Ислам Каримов*. Өткендерді қастерлеу, қарттарды қадірлеу – біздің перзенттік борышымыз. «Халқ сузи» газеті. 2015 ж. 11 май.

діни заңдар бойынша басқарылатын мемлекет құру үшін күресті. Олар 1999 жылдың 16 февралінде Ташкентте Өзбекстан Президенті Ислам Каримовтың өміріне қастандық жасады.

Ал 2005 жылы Әндіжан қаласында тағы да бас көтерді. Бірақ Өзбекстан халқы олардың орынсыз әрекеттенуін қабылдамады.

Нәтижесінде догматиктердің жоспары бұзылды. Өкінішке орай, діни қасандық күштері өз мақсаттарынан әлі де бас тартқан жоқ.



#### Өзінді сынап көр

- ◆ Діни қасандық – ....
- ◆ Лаңкестік – ....

**Экологиялық проблемалар.** Экологиялық проблемалар да адамзаттың қауіпсіздігіне зор қауіп төндіріп тұр.

Бұл проблема адамдардың табиғатқа немқұрайдылығы, тіпті жыртқыштық қатынасының салдарынан туындайды.

Дүниежүзі мемлекеттері сияқты, Өзбекстанда да экологиялық проблемалардан оңашаланған емес. Әсіресе «Аралдың жан-түршігерлік оқиғасы» деп аталатын экологиялық проблема Өзбекстанды қобалжытуда. Аралдың аянышты оқиғасы көп жылдар бойы Әмудария мен Сырдариядан Арал теңізіне ағып баратын судың жетіспеушілігінің нәтижесінде туындады. Бір кезде ғажап та сұлу болған Арал теңізі қазір құрғап, жойылып бара жатқан су алқабына айналды.

#### Есте сақта!

Соңғы 40 жыл ішінде Арал теңізінің көлемі 7 есе, ал суының көлемі 13 есе азайды.<sup>1</sup>

Бар судың сорлану дәрежесі де он есе асып кетті. Теңіз жәндіктердің өмір сүруіне жарамсыз болып қалды. Нәтижесінде бүкіл жануарлар мен өсімдік дүниесі дерлік апатқа ұшырады.

**Бейбітшілік үшін күресу жолындағы ынтымақтастық.** Өзбекстан тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен-ақ Ауғанстан проблемасын

<sup>1</sup> Ислам Каримов. «Өзбекстан XXI ғасыр босағасында». – Т.: «Өзбекстан» БПШҮ. 1997.

шешуге бағытталған ұсыныстарды алға қойды. Ислам Каримов БҰҰ-ның 2010 жылғы Бас Ассемблеясының сессиясында бұған қатысты Өзбекстанның көзқарасын тағы бір рет білдірді. Өзбекстанның пікірінше, шетелдердің әскери күштері Ауғанстанда тыныштық орната алмайды. Ауғанстандықтар өз проблемасын өздері шешуге тиісті. Ал дамулы мемлекеттер Ауғанстанға оның экономикасын қалпына келтіруге көмектесу керек.

Өзбекстан халықаралық лаңкестікке, діни экстремизмге қарсы күресте ШЫҰ-мен бірге Арал апатының одан да тереңдеуінің алдын алуда БҰҰ Орталық Азия мемлекеттерімен тығыз ынтымақтасуда.

«Соған қарамай, біз ешқандай әскери-саяси блокқа қосылмаймыз, Өзбекстан аумағында шет елдің әскери базаларының орналасуына, әскери қызметкерлеріміздің еліміздің сыртында болуына жол бермейміз».<sup>1</sup>



**Өзбекстан Президенті Ислам Каримов пен БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун.**

Мысалы, Өзбекстан Президенті Ислам Каримовтың бастамасымен Орталық Азияның бес мемлекетімен бірге «Аралды құтқару халықаралық қоры» құрылды.

Ислам Каримовтың белсенді қызметімен БҰҰ-ның Бас хатшысы Пан Ги Мун 2010 жылы Аралға келді. Бас хатшы Аралдың жантүршігерлік оқиғасын өз көзімен көрді. Сапардың соңында Арал проблемасын шешуге көмектесетінін білдірді.

Ислам Каримов БҰҰ-ның «Мың жылдық даму мақсаттарына» арналған жалпы жиналысында жиналысқа қатысушыларға қарап: «Арал проблемасы – бұл осы аймақта жасап отырған, БҰҰ-дай абыройлы ұйымнан үміттеніп көмек сұрап отырған миллиондаған адамның проблемасы», – деген болатын.

<sup>1</sup> *Ислам Каримов*. Өткендерді қастерлеу, қарттарды қадірлеу – біздің перзенттік борышымыз. «Халқ сузи» газеті. 2015 ж. 11 май.

### Өзінді сынап көр



- ◆ Үш жауыз күш – ... .
- ◆ 1999 жылғы 16 февральда – ... .
- ◆ 2001 жылы АҚШ-та ... .
- ◆ 2005 жылы Әндіжанда ... .

### Атаулардың мағынасын біліп ал



**Қасаң қағида** – дұрыстығына күманданбай, талқыламай сенімді талап ететін ереже.<sup>1</sup>

**Экология** – адам мен табиғаттың арасындағы байланыстарды үйренетін ғылым.

### Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Қандай күштер адамзаттың тыныштығына қауіп төндіруде?
2. Аймақтық қақтығыстардың адамзатқа төндіріп тұрған қауіпін айтып бер.
3. Халықаралық лаңкестіктің адамзат тыныштығына төндіріп тұрған қауіп туралы не білдің?
4. Діни догматиктердің мақсаттары не, олар Өзбекстанда қандай қылмыстар жасады?
5. Экологиялық проблемалар не себепті пайда болады?
6. «Аралдың жантүршігердік оқиғасы» деген не? Өзбекстан үкіметі оның салдарын азайту үшін қандай істерді жүзеге асыруда?

### ӨЗ БЕТІМЕН ІСТЕЙТІН ЖҰМЫС

(Кестені толтыр)

Р/н	Аймақтық қақтығыстар және олардың салдары	Халықаралық террорлық күштердің жасаған сұмдық қылмыстары	Діни қасандық		Экологиялық қауіп	
			Мақсаты	Жасаған қылмыстары	Экологиялық проблемалардың пайда болу себептері	Арал апатының салдарын азайту бойынша істеліп отырған жұмыстар

<sup>1</sup> ӨТТС. – Т.: «ӨзҰЭ». 2006. 1-том, 126-бет.

## 52-§. XXI ҒАСЫР – БІЛІМ-ҒЫЛЫМ, ӨРКЕНДЕУ ҒАСЫРЫ



**XXI ғасырды неліктен ғылым мен өрлеу ғасыры деп атайды?** Сен әр күні дерлік «ғылым» сөзін естисің. Қош, ғылым дегеніміздің өзі не?

Ғылым – әлемдегі бар білімдер жүйесі. «Ғылым» сөзінің орнына кейде «ілім» сөзі де қолданылады. Олар – бірдей мағынаны білдіретін сөздер. Ғылым адамзаттың бүкіл тарихы бойы жетіліп келді.

### Есте сақта!

Техника (шеберлік) – адамның еңбегін жеңілдетіп, оған қажетті нәрселерді жеткілікті мөлшерде өндіруге мүмкіндік беретін машина, аспап, құрал, керек-жарақтар жиынтығы.

Бір уақыттарда арықты қарапайым кетпенмен қазған адам бертін келе экскаватормен қазатын болды. Бұл адам еңбегін қаншалықты жеңілдеткенін, жұмыс өнімділігін қаншалықты арттырғанын көз алдыңа келтірші.

Адамның бүгінгі өмірін ұшақсыз, компьютерсіз, ұялы телефонсыз, интернетсіз елестетуге бола ма? Алып техниканың адамға жердің түбінен тонна-тонна жер асты, жер үсті байлықтарын қазып алуға мүмкіндік беретінін Сен өз көзіңмен көріп тұрсың.

Медициналық техниканы алып қарайық. Бұл салада ойлап табылған зор өнертабыстар адамға не беруде? Алдымен, ол адам денесінің зақымданған түрлі мүшелерін, соның ішінде жүрегін де ауыстырып қондыруға мүмкіндік береді. Оның үстіне, қаншама аурулар хирургтің араласуынсыз емделуде.

Адам техникалық өрлеудің арқасында тіпті Айға қонуды, ғарыштық аппараттарды басқа планеталарға да ұшыруды жүзеге асырды. Ол бұлардың бәріне ғылымдағы алға басудың арқасында жетті. Ғылым және техникалық өрлеудегі зор табыстар тарихқа ғылыми-техникалық революция деген атпен енді. Ғылым мен техниканың өрлеуіне зор назар аударған мемлекеттер қазір жан-жақты өркендеген мемлекеттер саналады. Ал олардың азаматтары ауқатты өмір сүреді.

Дүниедегі ғылым саласында ұлы ашуларды жүзеге асырған ғалымдар халықаралық Нобель сыйлығымен, сондай-ақ ұлттық сыйлықтармен де марапатталып келеді. ХХІ ғасырдағы ғылым ХХ ғасырдағыға қарағанда жедел қарқынмен дамуда. Кез келген елдің экономикалық күш-қуатын, ертеңгі күні мен тағдырын бұдан былай да ғылымдағы өрлеу белгілейді. Компьютердің жәрдемімен үлкен көлемді ақпаратты жасау, жинау, сақтау, қайта өңдеу, тарату сияқты амалдар үйреншікті құбылыс болып кеткен. Мысалы, компьютердің бір ғана титтей флешкасын алайық. Оған есепсіз көп кітаптар мен мағлұматтарды қалаған көлемде жайғастыруға болады.

Адамдар оларды қалаған жерде пайдалана алады. Оның үстіне, ақпарат технологиялары үсті-үстіне ықшамдалып баруда. Технологияның осындай ықшамдалуы нанотехнология (миллиардтың бір бөлігі) деп аталады. Ол ең озат технология болып, барша ақпарат құралдарын ұсақтауға мүмкіндік береді. Мұның нәтижесінде келешекте барша амалдарды орындай алатын компьютердің көлемі қол сағаттың көлеміне тең болады. Сонымен бірге, барша салаларда қолданылатын керек-жарақтарға жұмсалатын материалдар шығыны азаяды.

Нанотехнология саласындағы өнертабыстар өндіріс, экология, авиация, радиотехника сияқты көптеген маңызды салалардың жоғары өнімділігін қамтамасыз етуде.

Бұдан мынадай қорытынды шығады: білімге деген ұмтылыс жоғалса, ғылым алға баспайды. Ғылым дамымаса, елдің жарқын келешегін елестетуге болмайды.

Демек, ғылымдағы табыстар ХХІ ғасырда мемлекеттер өрлеуінің бас факторы болады. Сондықтан да ХХІ ғасыр – ғылым мен өрлеу ғасыры деп аталады.



**Нобель сыйлығы лауреатының медалі.**



### **Өзінді сынап көр**

- ◆ Ғылым бұл – ... .
- ◆ Техника – ... .

«Күш – білім мен ой-санада». Бұл ұлағатты сөздер Президент Ислам Каримовқа тиесілі. Бұндағы «Күш» сөзі, Өзбекстанның мақсаты келешекте азаматтары ауқатты өмір сүретін, өркендеген мемлекеттер қатарына шығу дегенді білдіреді.

«Білім» сөзі осынау маңызды мақсатты елімізде жүзеге асыруда ғылымның қаншалықты тез өрлеуіне байланысты екенін білдіреді. «Ой-сана» сөзі елдегі маманданған кадрлардың осы заман ғылымында жинақталған жоғары сапалы білімдерді терең меңгеріп алып, өздері де дүниежүзі ғылымын дамытуға лайықты үлес қосуға тиісті екенін білдіреді.



**Қазіргі заманғы  
колледж.**

Азаматтары ауқатты өмір сүріп, өзі әлемнің өркендеген мемлекетіне айналу үшін Өзбекстанда барша қолайлы жағдайлар бар. Мәселен, біздің еліміз жер асты және жер үсті байлықтарына бай. Оның жері құнарлы, шуақты күндері өте көп.

Бірақ, әлемдегі алдыңғы қатарлы мемлекетке айналу үшін бұлардың бәрі жеткілікті емес. Бұл, ең алдымен, ғылымның қаншалықты тез алға басуына байланысты. Ғылыми өрлеусіз ұлы мемлекет құруға болмайды.

Екіншіден, ғылым жетістіктерін өндірісте қолданатын мамандардың өз борыштары мен міндеттемелерін қаншалықты адал өтейтініне байланысты.

### **Мынаны зер салып оқы!**

Жапония мен Оңтүстік Кореяның біздікіндей зор табиғи байлықтары бар ма? Жок. Бірақ, әлемдегі ең озат технология дәл осы елдерде орналасқан.

*Ислам Каримов*

Сондықтан да Өзбекстан мемлекеті елдегі ғылыми қызметкерлер – ғалымдарға тиімді жұмыс істеуіне қолайлы жағдай жасап беруді өзінің негізгі міндеттерінің бірі деп санайды.

Тәуелсіздік жылдарында Өзбекстан Ғылым академиясын нағыз ғылыми орталыққа айналдыру үшін көп істер жүзеге асырылды. Президент Ислам Каримов Ғылым академиясының ғалымдарымен бірнеше рет кездесті. Академияның жұмыс өнімділігін арттыруға бағытталған үкімет қаулысы да қабылданды.

Сондай-ақ, ғалымдардың дүниежүзі ғылымындағы табыстар жөнінде толық хабардар болу мәселесіне де зор мән берілді. Бұл өз кезегінде әрбір ғалымды бірер шет тілін ұқыпты үйренуге жігерлендіреді.

1997 жылы Республикамызда «Умид» қоры құрылды. Оның мақсаты – дарынды жастарды іріктеп алып, олардың шетелде оқуына қолғабыс жасау болды. Кейінірек, «Истеъдод» деп аталатын, Өзбекстан Республикасы Президентінің қоры құрылды. Жастарды шет елдерде оқыту арқылы дүниежүзі тәжірибесін үйренген, өз ісін жетік білетін мамандар санын көбейтуге қол жеткізілді. Ғылымның түрлі салаларын жоғары оқу орындарында терең меңгеріп отырған, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатқан ең дарынды студенттер мен жас ғалымдар өз бағыттары бойынша Өзбекстан Президенті стипендиясының, «Науаи», «Беруни», «Камолот» стипендияларының иесі болуда. Ғылым мен техника саласында зор жаңалықтарды жүзеге асырған ғалымдарды да марапаттау үшін үкіметіміз Өзбекстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығын ұйымдастырды.

Қысқа тарихи кезеңде, сөз жоқ, Өзбекстан да ғылыми өрлеуде әлемдегі алдыңғы қатарлы мемлекеттер сапына шығады. Ал мұнда, әрине, Сенің өте жақсы оқуыңның маңызы өте зор.

### Тарихи тұлғалардың, сондай-ақ атаулардың мағынасын біліп ал!



**Альфред Нобель** – швециялық өнертапқыш, әлемде бірінші рет динамит (жарылғыш зат) ойлап тапқан. Өлімінен алдын ол өз байлықтары есебінен халықаралық сыйлық белгілеуді өсиет еткен.

**Стипендия** – жоғары оқу орындарының студенттеріне белгіленген тәртіп бойынша әр айда төленетін ақша.

**Ғылыми-техникалық революция** – ғылым мен техника саласындағы түпкілікті өзгерістер.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Каримов И.А.* «Жоғары руханият – жеңілмес күш». – Т.: «Өзбекстан» БПШҮ. 2008.
2. *Каримов И.А.* Әмір Темір – мақтанышымыз, абыройымыз. – Т.: «Өзбекстан» БПШҮ. 1998.
3. Өзбекстан Республикасының Конституциясы. – Т.: «Өзбекстан» БПШҮ. 2014.
4. *Иванин М.* «Екі ұлы қолбасшы». – Т.: «Фан». 2000.
5. Өзбекстан ұлттық энциклопедиясы. – Т.: «ӨзҰӘ». 1–12-томдар. – Т.: 2002–2005.
6. Өзбек тілінің түсіндірме сөздігі. – Т.: «ӨзҰӘ». 1-5-томдар. 2006–2007.
7. *Махкамов А.* Суреттерде Отан тарихы». – Т.: «Чулпон» баспасы. 1996.
8. «Бала құқықтары туралы» халықаралық Конвенция. – Т.: «Адолат» баспасы. 1991.
9. «Өзбекстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» заңы. – Т.: «Өзбекстан» БПШҮ. 2012.
10. *Қ. Ражабов* және басқ. Өзбекстан тарихының маңызды күндері. – Т.: «Өзбекстан» БПШҮ. 2012.
11. *Қ. Ражабов* және басқ. Дүниежүзі тарихының маңызды күндері. – Т.: «Sharq» БПАК. 2013.

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе: Тарихи естеліксіз келешек жоқ.....3

### I тарау. Тарих ғылымы нені зерттейді?

1-§. Тарихи дереккөздер.....7  
2-§. Күнтізбелер тарихы.....9  
3-§. Тарихтағы жыл есебі.....12  
4-§. Дүниежүзі картасының тарихы.....15

### II тарау. Ең ежелгі замандағы дүниежүзі халықтары

5-§. Ең ежелгі адамдар және олардың қоныстары.....19  
6-§. Ежелгі адамдардың тұрмыс салты.....21  
7-§. Археология тарихынан.....25

### III тарау. Адамзат мәдениетінің қалыптасуы

8-§. Жартастағы суреттер.....28  
9-§. Жазу – адамзаттың ұлы жаңалығы.....31  
10-§. «Авесто» – ата-бабаларымыз жасаған алғашқы жазба тарихи дереккөз..... 34  
11-§. Мұражайлар.....37

### IV тарау. Алғашқы өркениеттер, қалалар мен мемлекеттер

12-§. Еуропа мен Америкадағы алғашқы өркениеттер.....41  
13-§. Ежелгі қалалардың пайда болуы.....45  
14-§. Дүниежүзіндегі ежелгі мемлекеттер.....48  
15-§. Ежелгі дүниенің жеті кереметі.....51  
16-§. Өзбекстан аумағындағы ежелгі мемлекеттер.....54

### V тарау. Сауда және байланыс

17-§. Тенгелер – тарих куәсі.....58  
18-§. Сауда жолдары.....61  
19-§. Жана теңіз сауда жолдарының ашылуы.....64  
20-§. Өндірістік техниканың пайда болуы.....67  
21-§. Көлік құралдарының ойлап табылуы.....70  
22-§. Байланыс құралдарының ойлап табылуы.....73

## **VI тарау. Отанымызда және Еуропада білім-ғылымның өркендеуі**

23-§. Мектеп – білім ошағы.....	78
24-§. Еліміздің ұлы ғұламалары.....	82
25-§. Мырза Ұлықбек және оның академиясы.....	86
26-§. Елдің абаттануы, әдебиет пен өнер.....	89
27-§. Еуропадағы білім-ғылым жаңалықтары.....	93
28-§. Түркістан ағартушылары.....	95

## **VII тарау. Азаттық жолында күрескен қаһармандар**

29-§. Томарис пен Ширактың ерліктері.....	99
30-§. Спитаменнің ерлігі.....	102
31-§. Арабтарға қарсы халық азаттық күресі.....	105
32-§. Жалолиддин Мангуберді – халқымыздың ұлттық қаһарманы.....	108
33-§. Сайыпқыран Әмір Темір.....	112
34–35-§. Ресей империясы және Кеңес отаршылдығы.....	115

## **VIII тарау. Өзбекстанның ежелгі қалалары, тарихи ескерткіштері**

36-§. Өзбекстанның тарихи қалалары.....	120
37-§. Өзбекстанның астанасы Ташкент – 2200 жаста.....	125
38–39-§. Өзбекстанның тарихи-архитектуралық жәдігерліктері.....	129

## **IX тарау. Адамзат тарихындағы дүниежүзілік соғыстар**

40-§. Бірінші дүниежүзілік соғыс.....	134
41-§. Бірінші дүниежүзілік соғыс және Түркістан.....	137
42-§. Екінші дүниежүзілік соғыс.....	140
43-§. Гитлерлік Германияны жойған жеңіске Өзбекстанның қосқан үлесі...	143

## **X тарау. Дүниедегі бейбітшілік пен ынтымақтастық үшін күрес**

44-§. Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ).....	148
45-§. БҰҰ және дүниежүзі балалары.....	152

## **XI тарау. Өзбекстан тәуелсіз даму жолында**

46-§. Өзбекстанның тәуелсіздікке қол жеткізуі.....	155
47-§. Өзбекстан экономикасындағы табыстар.....	158
48-§. Рухани және ағартудағы өсу.....	162
49-§. Өзбекстан және әлем.....	167

## **XII тарау. XXI ғасырдағы дүниежүзі халықтары**

50–51-§. Әлем қауіпсіздігіне төнген қауіп.....	171
52-§. XXI ғасыр – білім-ғылым, өркендеу ғасыры.....	176
Пайдаланылған әдебиеттер .....	180

**Usmon Toshpo‘latovich JO‘RAYEV,  
Qamar USMONOV,  
Adham Yarashboyevich NURQULOV,  
Gulira‘no Usmonovna JO‘RAYEVA**

## **TARIXDAN HIKOYALAR**

*Umumiy o‘rta ta‘lim maktablarining  
5-sinfi uchun darslik*

*(Qozoq tilida)*

**2-nashri**

*Аударған Райхан Бабатаева  
Редакторы Райхан Өктем  
Көркемдеуші редакторы Джахонгир Бадалов  
Техникалық редакторы Елена Толочко  
Корректоры Әсіл Джавғашев  
Компьютерде терген Гүльчехра Азизова*

Лицензия нөмірі АІ № 163. 09.11.2009. Басуға 2015 жылғы 25 июнь күні рұқсат етілді. Форматы 70×90<sup>1/16</sup>. Times KAZ гарнитурасы. Шартты баспа табағы 13,45. Есептік баспа табағы 10,8. Нұскасы 5558. Шарт № 41–2015. Тапсырыс № 15–268.

Өзбекстан баспасөз және ақпарат агенттігінің Чулпан атындағы баспа-полиграфия шығармашылық үйі. 100129, Ташкент, Науаи көшесі, 30.  
Телефон: (371) 244-10-45. Факс: (371) 244-58-55.

Өзбекстан баспасөз және ақпарат агенттігінің «Өзбекстан» баспа-полиграфия шығармашылық үйінде шығарылды. 100129, Ташкент, Науаи көшесі, 30.

**Жураев У.**

Ж88 Тарихтан әңгімелер: жалпы орта білім беретін мектептердің 5-сыныбына арналған оқулық/ У. Жураев [және басқ.]; жауапты редактор Ө. Мавлонов. – Т.: Чулпан атындағы БПШҮ, 2015 – 184 бет.  
ISBN 978-9943-05-740-1

**УДК: 372.893=512.122(075)  
ББК 63.3(5Каз)я72**

***Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын  
көрсететін кесте***

<b>№</b>	<b>Оқушының аты, фамилиясы</b>	<b>Оқу жылы</b>	<b>Оқулықтың пайдалануға берілгендегі жағдайы</b>	<b>Сынып жетекшісінің қолы</b>	<b>Оқулықты тапсырғандағы жағдайы</b>	<b>Сынып жетекшісінің қолы</b>
<b>1</b>						
<b>2</b>						
<b>3</b>						
<b>4</b>						
<b>5</b>						
<b>6</b>						

***Пайдалануға берілген оқулықты оқу жылы аяқталғанда қайтарып тапсырады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау мөлшері негізінде толтырады:***

<b>Жаңа</b>	Оқулықты алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдай
<b>Жақсы</b>	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттеріне жазбаған және сызбаған.
<b>Орташа</b>	Мұқаба езілген, аздап қана сызылған, шеттері жейілген, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы жағынан қанағаттанарлық жөнделген. Жұлынған, кейбір беттері сызылған.
<b>Нашар</b>	Мұқаба былғанған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сызып, бояп тасталған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды.